

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ЮНЕСКО-НЫҢ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ КАФЕДРАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған
«Т. ЖҮРГЕНОВТІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан
6 желтоқсан, 2023 жыл*

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ Т. ЖУРГЕНОВА И РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В ДОСТИЖЕНИИ ЦЕЛЕЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ»,
посвященная 90-летию Казахского национального университета имени аль-Фараби и 125-летию выдающегося государственного и общественного деятеля Темирбека Жургенова

*г. Алматы, Казахстан
6 декабря, 2023 года*

The collection of articles of
International Scientific and Practical Conference dedicated
to the 90th anniversary of the al-Farabi Kazakh national university
and the 125th anniversary of the distinguished statesman and public representative Temirbek Zhurgenov, titled «SPIRITUAL LEGACY OF T. ZHURGENOV AND THE ROLE OF EDUCATION IN ACHIEVING SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS»

*Almaty, Kazakhstan
December 6, 2023.*

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.0
Ә 49

Құрастырушы және ғылыми редакторлар:

филология ғылымдарының докторы, профессор
Н.Т. Шыңғысова;
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Б.С. Иманғалиев

Жауапты редактор:

А.Қ. Жұмабаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Т. Жүргеновтің рухани мұрасы және білім беру саласының тұрақты даму мақсаттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. 6 желтоқсан, 2023 жыл. / Жауапты ред. А.Қ.Жұмабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. –157 бет.

ISBN 978-601-04-6568-8

Бұл ғылыми мақалалар жинағында Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы білім, мәдениет пен әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Халық ағарту комиссары, сыншы-публицист Темірбек Жүргеновтің әдеби-шығармашылық мұрасы, қайраткерлік-қаламгерлік қажыры жан-жақты зерттеліп, теориялық тұрғыда талданған. Сонымен қатар журналистика, қоғаммен байланыс саласында жаңаша білім берудің мәселелері баяндалған. Ғылыми жинақ ұлттық мәдениет пен әдебиетке, тарих пен журналистикаға қызығушыларға, жалпы қалың көпшілік оқырманға арналған.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2023.

ISBN 978-601-04-6568-8

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРІ**



**МИНИСТР
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана қаласы,
«Министрліктер үйі»

город Астана,
«Дом министерств»

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Биыл елімізде айтулы оқиға. Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының ұйғарымы бойынша оған мүше елдерде 2023 жылды - қазақтың ардақты ұлы, рухы биік ұлтжанды азамат, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Халық ағарту комиссары «Темірбек Жүргенов жылы» деп ресми жарияланды. Еліміздің оқу-ағарту, мәдениет пен әдебиет саласын сонау қиын-қыстау 30-жылдары өрге сүйреген, өз кезеңінде «Темір Нарком» атанған Темірбек Қараұлын республика жұртшылығы жақсы біледі және құрметтейді. Ол 1929-1930 жылдары – Тәжікстанның Қаржы комиссары, 1930-1933 жылдары – Өзбекстанның Халық ағарту комиссары, ал 1933-1937 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарған тұғыры биік тұлға.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі мәдениет майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танымыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», - десе, академик Ахмет Жұбанов: «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік», - деп, білім басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды.

Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын ала бастады. Себебі, асыл азаматтың өнегелі өмірі, еліне деген сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпақ үшін Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі болары хақ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған бүгінгі халықаралық конференцияға қатысушыларға сәттілік тілеймін!

Ізгі ниетпен,

Саясат Нұрбек

Назгүл Шыңғысова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының шешімімен 2023 жыл түркі әлемінде «Жүргенов жылы» болып жарияланды. 6 желтоқсанда ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының ұйымдастыруымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қаламы қарымды публицист Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Т. Жүргеновтің рухани мұрасы және білім беру саласының тұрақты даму мақсаттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Елге сіңірген қалтқысыз еңбегіне қарай есімі ұлықталып отырған қазақтың қайраткер тұлғасы Темірбек Қараұлы Жүргенов 1934 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің негізін салған. Жоғары оқу орындары мен мектептер ашқан азамат руханияттың бастауы білім мен мәдениетте екенін жақсы түсінген. Алаш көсемі Ә. Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден» дейді. Әрине, қайраткердің білімі мен білігі де руханият пен мәдениетті дамытуға ықпал етті. Т. Жүргенов Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары болған 1933 жыл қазақ мәдениеті мен рухының тұралап тұрған кезі еді. Қайраткер тұлға руханиятты дамытуға орасан еңбек етті.

Темірдей төзімді, болаттай берік мінезімен «Темір нарком» атанып, қиын-қыстау сын кезеңдерде еліміздің оқу-ағарту, мәдениет пен әдебиет саласын дамытуға күш салған қайраткер азаматтың қызметі мен өмір жолы туралы ғылыми конференцияда жан жақты айтылды. Талапшыл, шыншыл мінезі, өмірлік ұстанымы жастарға үлгі ете айтылды. Қазақ өнері мен мәдениетін паш еткен 1936 жылғы Мәскеудегі қазақ өнер декадасы туралы да конференцияда аз айтылған жоқ. Мазмұнды жиында тұғырлы тұлға Темірбек Жүргеновтің қайраткерлік-қаламгерлік болмысы жаңа қырынан ашылды.

Жиында алғаш сөз алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проректоры Жамила Айтжанова есімі тек қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға Темірбек Жүргеновтің 1929-1937 жылдардағы қызметін, жыл басынан бергі Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан елдеріндегі, республикамыздағы Жүргеновке арналған мерейтойлық ұлықтау іс-шараларын атап өтті. Проректор сөзін қорытындылай келе: «Осы жиынға қатысып отырған өскелең жастарға Жүргенов сияқты ұлы тұлғаларды ұлықтау, тарихымызды тарызылау біздің парызымыз», - деді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек конференцияға жіберген құттықтау хатында: «Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының келешегіне сіңірген қалтқысыз еңбегі, артында мұра болып қалған

әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері жоғары бағасын ала бастады. Себебі, асыл азаматтың өнегелі өмірі, еліне деген сүйіспеншілігі жастар үшін Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі болары хақ», - дей келе, халықаралық конференция қатысушыларына сәттілік тіледі.

ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының доценті, филол.ғ.к., жүргеновтанушы-ғалым Бауыржан Иманғалиев «Т. Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасы» тақырыбында баяндама жасап, Халық ағарту комиссары еңбек жолын алғаш журналистикадан бастағанын айта келіп, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінде жауапты хатшы болып, 20-жылдар басында «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатайту ісіне қаламымен де, ұйымдастырушылық қажырымен де атсалысқанын атап өтті. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Темірбек Қараұлының артында мұра боп қалған 7 кітабы, 160-қа жуық әдеби-мәдени, білім-өнер саласында жазған еңбектері бүгінгі ұрпаққа зор тағылым екендігін, болашақта оның шығармаларын шаң басқан мұрағат сөрелерінен алып, ғылыми айналымға қосу қажеттілігін университет ғалымдарының назарына ұсынды. Айталық, «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» атты кітаптары, «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Мектептің түрі, тілі туралы», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар», «Об организации Казахского госуниверситета» атты мемлекетшіл мақалалары бүгінгі күні де өз маңыздылығын жоғалтпағанын атады.

Конференция модераторы журналистика факультетінің деканы Темірғали Көпбаев: «Жүргеновтің тағдыры - әрі тұлғаның тағдыры, әрі теперішті тағдыр десе болады. Небір мемлекеттік үлкен қызметтерді атқарып тұрып, аумалы-төкпелі заманның ауанында жала жабылып, атылып кеткендігі қабырғамызды қайыстырады. 1936 жылғы декаданы керемет өткізіп, қазақ әдебиеті мен мәдениетін биікке көтергені бағаланып, Сталиннің қолы қойылған Еңбек Қызыл Ту ордені берілген еді. Сөйткен адам бір жыл болмай жатып, халық жауы ретінде түрмеге тоғытылды. Тергеу жарты жылға созылды. Жүргенов тағдыры алапат заманға сәйкес келген ең бір күрделі тағдыр. Өзі кеткеннен кейін оның жан-жары Дәметкен апамыз 8 жыл «АЛЖИР» лагерінде азап көрді. Рухының мықтылығынан жеңілген жоқ, арын таза сақтап қалды», - дей келе, бүгінгі шарада қайраткердің қырын жан жақты ашамыз деген сенім білдірді.

Т. Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Сәби Аңсат өз сөзін: «Жүргеновті ұлықтаған, рухына тағзым еткен жүректеріңнен айналдым» деп бастады. Жүргенов мұраларын танытудағы қордың атқарған жұмыстарына тоқталды. Жүргенов мұрасына көптомдық шығару, орталық, мұражайлар ашу туралы әңгімеледі. Аталмыш конференцияның, Жүргеновтің мұрасын насихаттаудың маңыздылығын атап, Жүргеновке арналған шаралардың ұйымдастырылу деңгейіне тоқталды. «Бас амандығын сақтап қала беруіне болатын еді. Шыбын жанының амандығын ойламай, басына төнген қауіп-қатерге қарамастан, айыпталып, тұтқындалатынын біле тұра еліне адал қызмет етті. Большевиктік партия қатарында бола жүріп, оның болашағына сене жүріп,

Сталинді мақтай жүріп, қазақ ұлты үшін қызмет атқарды. Жүргенов Мәскеуге қазақтың рухының өлмеген ұлт екенін танытты. Мәдениет, әдебиетінің КСРО кеңістігіндегі ұлттардың ешқайсысынан кем емес екендігін көрсетті. Бұл Сталиннің ұлттық террорына, ұлттық кемсітушілікке тойтарыс берген іс болды», - деп түйіндеді.

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, «Комиссар Жүргенов» романының авторы Бейбіт Қойшыбаев: «Ағарту комиссары ретінде Қазақстандағы мәдени революцияның тізгінін ұстап, көрігін қыздырды», - дей келе, Т. Жүргеновтің қазақ өнері мен мәдениетіндегі орны мен рөлін айшықтады.

Б. Бейшеналиева атындағы Қырғыз мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің ректоры Түменбай Колдошов Бішкекте 16 қарашада Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай республикалық іс-шара өткізгендігін, оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары қатысып, баяндама жасағанын айтып өтті. «Қазақ-қырғыз тарихы ұқсас, әр ұлттың өзінің Темірбегі бар, бұл шараны қазақ елінің ұлт жанашырына деген құрметі деп есептеймін», - деді.

Өзбекстан парламентінің «Халқ сузи» – «Народное слово» газеттерінің жауапты хатшысы, Өзбекстан журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетінің аға оқытушысы Нұрлан Усманов: «Т. Жүргенов Ташкентте қызмет еткен қазақ зиялыларының бірі. Әдеби, мәдени оқу-ағарту саласындағы қазақ қайраткерлерінің мұралары туралы жастарға үнемі айтып, мәліметтер береміз», - деді. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр өнері бөлімінің меңгерушісі Аманкелді Мұқан Мәскеудегі қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігі туралы тың деректерге тоқталды.

Конференция жұмысы панельдік секцияға жалғасты. Онда Ресей ғалымы, профессор Александр Пронин, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті Айгүл Садықова, Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ журналистика кафедрасының меңгерушісі Жанар Рамазанова, философия және саясаттану факультетінің доценті Абай Дүйсенбаев, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті Алмажан Өтеғалиева, Ж. Баласағұни атындағы Қырғыз ұлттық университеті журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі Бегайым Максұтова, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының аға оқытушылары Бегжан Әшірбаев пен Жылбек Керімбек Орта Азиядағы білім беру, ағарту саласының, мәдениет, әдебиет пен өнердің дамуына өлшеусіз қызмет еткен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т. Жүргеновтің мұрасына қатысты мазмұнды баяндамалар жасады.

Осылайша халқымыздың ардақты ұлы, қазақ өнері дегенде өзегін жұлып берген рухы биік ұлтжанды тұлға Темірбек Жүргеновтің мұрасы туралы жүргеновтанушылар, білікті ғалымдар жасаған мазмұнды баяндамалар қоғам қайраткерінің өнегелі өмірі мен еңбек жолын айшықтап, конференция қатысушыларына мол мәліметтер берді. Тағдырдың тартқан теперіші ұрпақтарға тағылым болады. Кейінгі ұрпақты тарихи тұлғалардың өнегелі істерін үлгі ету арқылы тәрбиелеудің маңызы қашанда зор.

І БӨЛІМ

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ОРТАҚ ТҰЛҒА, БІЛІМ МЕН ӨНЕРДІҢ МҰҚАЛМАС ЖАНАШЫРЫ, ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ПУБЛИЦИСТ

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЮНЕСКО-ның
журналистика, коммуникация кафедрасының доценті, Қазақстан
журналистер одағының мүшесі, жүргеновтанушы-ғалым*

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет пен әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің азаматтық ажары мен қаламгерлік қажыры, ұлттық рухқа сіңірген қалытқысыз еңбегі кеңінен баяндалады. Сонымен қатар Нарком Жүргеновтің публицистикасына ғылыми талдау жасалынып, қайраткерлік болмысы мен қаламгерлік портреті ашылған.

Кілт сөздер: Т.Жүргенов, Нарком, репрессия, САГУ, НКВД

Темірбек Жүргенов,
Ілияс Омаров,
Өзбекәлі Жәнібеков!

Бұлар халқымыздың рухани-мәдени, оқу-білім саласын әр қилы замандар мен саяси жүйе жағдайында өрге сүйреген Қайраткерлер. «Елім», «жұртым» деп жан айқайымен жанын оққа да, отқа да қарсы тосқан Күрескерлер. Жоқты бар қылған, барды зор қылған Жасампаздар. Сол жасампаздық, туындыгерлік еңбектерімен есімдері ел есінде мәңгі қалған арыс Тұлғалар! Тарих оларға, белгілі ақынның образды сөзімен айтқанда, «бір мезгілде әрі ағартушы, әрі жарық түсіруші» міндетін жүктеді. Ал олар бұл миссияны көбеден қандары, кеудеден жандары шыққанша абыроймен атқарып кеткендері бүгінде даудамайсыз тарихи ақиқатқа айналып отыр. Дүниеде өз бойындағы жаратылыс сыйлаған талант өртіне өртеніп өлгендер, өнер салмағын көтере алмай мертігіп ажал тапқандар аз емес. Қарап отырсақ, соның көбі жиырма мен қырық жастың арасында, ой мен қырды бірдей барлап тұрған шағында кеткен екен. Өз тағдырын өзі жасаған кісіге не дауа, ал бойынан өмірге құштарлық отын бір сәт бәсеңсітпей, еліне деген алаулы сезімі жүрегімен қоса дүрсілдеп соғып тұрғанда ғұмыры мезгілсіз қиылғаннан аянышты нәрсе бар ма екен?! Т.Жүргенов небары 39 жыл жасады – үшінші мүшелінен шыға бергенде өзі керемет үміт еткен мына өмірге жанар бағып соңғы рет дұрыстап қарап та үлгермей, керек десе не болғанын жөнді ұға алмай кете барды. Кешегі 37-де орылып түскендердің

баршасының түйінді тағдыры осы. Олардың барлығы көмбесіне жетпей құлаған сәйгүлік тәрізді бойындағы барын сарқи алмай кеткендер. Солардың бірі, әрі бірегейі, Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы-публицист – Темірбек Қараұлы Жүргенов.

Темірбек Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының қазіргі Т.Жүргенов ауылында (бұрынғы Жаңаталап) дүниеге келген. Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды: дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні - Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айту жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас бала бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтың дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді. Екіншіден, Т.Жүргенов - 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну, көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңіне тұспа-тұс келді. Т.Жүргенов Нәзір Төреқұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті.

Темірбек Тұрмағанбет ақын ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. Ал 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газеті редакциялық алқасының құрамына енеді. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. САГУ-де студент болып жүріп, қоғамдық өмірге белсене араласып, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. Ол Қазақ АССР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі, ал 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалады. Институтқа академик В.Бартольд, профессор С.Малов секілді атақты ғалымдарды Мәскеуден арнайы шақыртып, институт жұмысын жандандыруға күш салады. Жоғары оқу орындарына арналған «Саяси экономия» және «Құқықтану» пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударады. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысады. 1929-1930 жылдары - Тәжікстанның Қаржы

комиссары. 1930-1933 жылдары - Өзбекстанның Халық ағарту комиссары, ал 1933-1937 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарады. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Сейфуллин, С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев сияқты қайраткер-қаламгерлерді тартты. Т.Жүргенов - ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. өнер майталмандарының шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына ықпал етті. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының Бірінші өнер слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін өткізудің басты ұйымдастырушысы болды. Онкүндік кезінде еліміздің өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге атқарған ерен еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып, мемлекеттік қызметінің тасасында қалып келді. Қазіргі қолдағы мәлімет бойынша Ағарту комиссарының әзірше 7 кітап, 150-ден аса әдеби-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б.мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. 20-жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты. 1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-де (Орталық Азия Мемлекеттік университеті) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Т.Жүргеновтің «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке

Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді. Ал 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының № 4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі ХХ жылдардағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі - әйел теңдігі мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

Қайраткер 30-жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуға» рецензиясын («Казахстанская правда», 1934ж., 21-маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсетуі тиіс!» - дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» («Казахстанская правда», 1934ж., 12 маусым) мақаласында жалғасын тапты. 1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтың «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген – Т.Жүргенов. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы - өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы. «Казахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1 сәуір) автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдоусидің туғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы – «Шахнама» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды. Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов т.б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген. Темірбек Қараұлының «Жерұйық» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1936 ж. 10 шілде) Асан қайғы, оның идеясына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан қайғы жөнінде зерттеу жұмыстары 1930 жылға дейін тоқтап қалған еді. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық аңызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер оның бұл пікірінің дұрыс екендігін көрсетті. Темірбек Жүргенов - 30-жылдары А.Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Орыс ақынының дүниеден

өткеніне 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген көлемді мақаласында Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда, оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен поэзия өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық бас-шылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сақтандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол 20-жылдары А.Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды. «Тілді де тісті, жігерлі де, іскер адам» - деп Ғ.Мүсірепов баға берген Темірбек Қараұлының жан-дүниесі ғалым, зерттеушіге бейім еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы, уақыты мұрша бермесе де, ол ғұмырының ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағыныш-көрігін баса алмай өмірден өтті.

Т. Жүргеновтің ана тілге деген сүйіспеншілігі мен қамқор көзқарасын белгілі композитор Е.Брусилковский өзінің «Дүйім дүлдүлдер» атты мемуарлық кітабында төмендегідей сүйсіне еске алады: «**Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам — қарағандылық Б.Н.Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да, Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, ол түсінетіндей болуы үшін сөйлеушілердің орысша сөйлегені жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтың қара көздері ұшқындап кетті. Жұрттың бәрі бүкшіе түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» Ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлерінің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз өзіңіз!» – деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» - деп, өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті». Апырмай, ұлт намысы дегенде жанып кетер сондай батылдық бүгінгі қандас шенеуніктердің бойында болса ғой деп ойлайсың. Өкініштісі, басқа ұлттың бірлі-жарым өкілі отырса**

болды-ақ: «Бәрімізге түсінікті тілде сөйлейін», – деп, орысша сайрай жөнелетін дерттен біз әлі де арыла алмай жүрміз-ау. Жүргеновтің қылышы жалаңдап тұрған сонау 30-жылдардағы ерлігі бүгінгі ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», - деген Темекеннің сөзі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Тоталитарлық жүйенің осы қызып тұрған шағының өзінде Темірбек Жүргенов республикаға басшы болып келген Голощекинді қатты сынға алып, былай дейді:

- Қазақстанға керегі – 7-10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал сіз «қазақ тек хат таныса болады» дейсіз. Жоқ! Бізге үлкен білім ордалары қажет! Алда істейтін міндетіміз – қалың жұрттың ішінен шыққан білім қайраткерлерін, өз кадрларымызды дайындауымыз қажет. Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» - деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап етеді.

Темірбек қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «**Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз**», - дейді, ал академик А.Жұбанов: «**Жүргеновтің кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік**», - деп, өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды. Жазушы Ғабит Мүсірепов: «**Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам**», – деп, талантына ерекше ден қойып, ыстық ілтипатпен еске алады. «**Біз қазақ мәдениетінің шырқау шыңдары үшін Темірбек рухының алдында қарыздармыз**» - деген еді Әбіш Кекілбаев.

Темірбек Жүргенов дегенде 1927 жылы Ташкентте ұйымдасқан алғашқы Қазақ педагогикалық институтының (Абай атындағы ҚазҰПУ) тұңғыш ректоры, Тау-кен институтын (Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды құру, жаппай сауаттандыру, 10 жылдық білім берудің күні бүгінге дейін үзілмеген желісі еске түседі, **Т.Жүргенов дегенде** 30-жылдар басында Голощекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 400 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарскийі» атанған Ағарту комиссары еске түседі. **Т.Жүргенов дегенде** тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген білікті басшы, 1936 жылғы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шахнаманың» тұңғыш қазақшаға аударылуы, «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш көрсетілімдері, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін өзі басқаратын мәдениет комитетінің қарауына алған ұлтжанды азамат ойға оралады. Осындай іргелі, игілікті істерді басқарып жүріп, артынан мол әдеби-публицистикалық еңбектер қалдырған. Тарихи антология жағынан бұл мысал өркениеті мен мәдениеті теңескен батыс елдердегі қоғам қызметін қалам қызметімен қатар алып жүрген М.Робеспьер, Е.Дашкова, Ф.Раскольников тәрізді қайраткер-қаламгерлер үлгісімен теңеседі. Нарком Жүргеновтің қызмет еткен тұсында республиканың барлық өңірлерінде драмалық, музыкалық ұжымдар ашылып, қазақтың ел арасында жүрген әнші, күйші, бишілері бір шаңырақтың астына жинала бастады. Халық жыраулары мен жыршылар, термешілер мен барша өнерпаздар бас қосып, енді сала-сала бойынша профессионалды өнер ордаларына айнала бастады. Темірбек Жүргенов солардың бәрінде де тек

ұйымдастырушы болып қана қоймай, олардың жұмысына өзі тікелей араласып, театрлар мен бишілер тобының өнерлерін түн жарымы ауғанша көріп, пікір айтып, жаңа өнер, таза өнер қандай болуы керектігін елден келген өнер иелеріне айтудан, үйретуден жалықпаған. Ол бәріне де уақыт таба білген. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасын алғаш жұртшылық алдында оқуды ұйымдастырған да Жүргенов екенін тарихтан білеміз. Бұл жөнінде академик Ахмет Жұбановтың естелігінен мына бір жолдарды келтіре кеткен дұрыс. «...Темірбек Халық ағарту комиссары болып, өнер майданының «командованиесін» өз қолына алғаннан кейін бұрынғы тыныштық, «бейбіт» заман келмеске кетті. Өнер майданы қыза, бұрқырай жөнелді. Отыз үшінші жылдың күзінде М.Әуезовтің «Айман-Шолпаны» оқылады екен деген хабарды есітіп мен де үкімет үйіне келдім... Ол екі ауыз ғана сөзбен мәжілісті ашты да, Мұхаңа пьесаны оқытты... Пьеса тыңдаушыларды қанағаттандырды. Тек өзінің соңғы қысқа сөзінде Темірбек:

- Мұхтар! Осы «Басыбар» демей-ақ, сол шалдың азан айтып қойылған «Көтібар» атын өзіне қайтарсақ қайтеді. Қаншама мәдениетті ат қоямын, жаңа буыннан ондайды жасырамын дегенмен басы болса адамның басқа да жақтары болатынын бәрі де біледі ғой. Шекспир бұл жағынан аса қысылып-қымтырылмаған көрінеді ғой», – деді. Отырғандар да біраз күліп, Мұхаң бұл ұсынысты сол арада қабылдап, Көтібар өз атымен қалды.

1937-жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т. Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айыптар тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938-жылы 25-ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді. Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің туған қарындасы, қайраткердің зайыбы - Дәмеш Ермекова-Жүргенова күйеуі атылғасын «халық жауының әйелі» деп оны 8 жылға бас бостандығынан айырып, «Алжир» лагеріне қамайды. Бас-аяғы 20 жылға жуық уақыт қуғыншылық көріп, ол Алматыға тек 1957-жылы ғана оралды. Дәмеш Әмірханқызы кейін айнымас адал жарын жазықсыз жаладан ақтап алу жолында ғалым Мардан Байділдаевпен бірге талай есікті тоздырып жүріп көптеген іс-шаралар, кездесулер өткізеді, естелік мақалалар жазады. Заманының осындай жанашыр азаматтардың арқасында Алматыдағы Қазақ ұлттық Өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі берілді, сондай ақ Астанада, Алматыда, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында бірқатар мектептер мен көшелерге қайраткердің аты беріліп, ескерткіштер орнатылды. Ағарту комиссарының өміріне арналған деректі фильмдер, 1 пьеса, роман жарық көрді.

2023 жылы Нарком Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толды. ТҮРКСОЙ ұйымына мүше елдердің бірауыздан қабылдаған шешіміне орай қайраткер-қаламгерді ұлықтау мерейтойы осы ұйымға мүше елдерде ойдағыдай аталып өтілді. Қазақстанда да Үкіметтің қабылдаған Іс-шаралар жоспарына сәйкес еліміздің түкпір-түкпірінде конференциялар мен дөңгелек үстелдер, көрмелер мен тәрбие сағаттары өтті. Атап айтсақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов

мұрасы: жасампасздығы мен зерттеу кеңістігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (13 сәуір 2023ж.) Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясында Конгресс ұйымдастырылды (30-31 мамыр 2023 ж.). Ал ҚР Ұлттық музейінде дөңгелек үстел (7 сәуір 2023 ж.), Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында халықаралық көрме өтті (26 мамыр 2023 ж.). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универсиетінде де Т.Жүргеновті ұлықтау іс-шаралары, халықаралық конференция, «Жүргенов апталығы» өткізілді.

Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, атап айтқанда артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын ала бастады. Себебі, асыл азаматтың өнегелі өмірі, еліне деген сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпақ үшін Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі болары хақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Б.Иманғалиев. Темірбек Жүргенов.2012 ж. «Атамұра» баспасы.
2. А. Оразбақов. «Сыр бойы» газ., 20 қыркүйек 2014 ж.
3. ҚР Президент мұрағаты. 8 қор, 22 жинақ, құжат 5475,20 бет.
4. «Аңыз адам» журналы. 2014 ж, №18, 29 бет

Алмажан УТЕГАЛИЕВА,

*кандидат исторических наук, руководитель II рабочей группы
городской комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий
при акимате г.Алматы*

**НАРКОМПРОС ТЕМИРБЕК ЖУРГЕНОВ:
ТРИУМФ И ТРАГЕДИЯ**

Яркий след в нашей истории оставили представители казахской интеллигенции 1920-30-х годов, когда страна переживала цивилизационные перемены во всех сферах жизни, стремительно ломались устои прежнего традиционного казахского общества, ускоренно внедрялись новые политические институты и формы управления обществом.

В этой связи происходят колоссальные изменения и в сфере просвещения, образования, науки, профессионального искусства и культуры в целом. Все богатейшее традиционное культурное наследие казахского народа нужно было не просто сохранить, но и сделать фундаментом для дальнейшего развития и советской модернизации. Поэтому оценивая с точки зрения современности наследие Наркома Просвещения КазАССР Темирбека Жургенова, мы с благодарностью признаем его вклад в бережное сохранение основ казахской материальной и духовной культуры.

Постоянный Совет ТЮРКСОЙ объявил текущий 2023 год годом памяти Темирбека Караулы Жургенова в странах – членах организации: Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Туркмения, Турция, Узбекистан. Так современный тюркский мир широко отмечает 125 летний юбилей со дня рождения Темирбека

Жургенова – Народного комиссара Просвещения Казахской АССР в 1933-1937гг., одного из ярких представителей репрессированной плеяды казахской интеллигенции 1920-1930-х гг.

Становление и развитие системы народного образования, науки, казахстанского искусства и культуры сегодня не возможно представить без имени, осмысления роли и вклада Темирбека Жургенова, сохранившего историко-культурную преемственность поколений в период жесткой ломки и советской (классово-пролетарской) модернизации остатков кочевой культуры.

Т.Жургенов для своего времени был яркой личностью, одним из не многих образованных интеллигентов, который владел русским, казахским, арабским, фарси, староузбекским языками, знал и ценил народный эпос и музыку, сам прекрасно играл на домбре, пел.

В 1933г. его переводят в столицу Казахстана Алма-Ату на должность Народного комиссара просвещения КАССР. Т.Жургенев [1] – высокообразованный интеллектуал-полиглот, прекрасно знающий русский, казахский и восточные языки, тонкий ценитель народного эпоса и музыки, имевший огромный опыт общественно-политической, государственно-административной, практической научной и вузовской работы, возвращается на родину как весьма востребованный ценный специалист-профессионал в сфере государственного строительства высокого уровня.

Нужно отметить, что за этот столь короткий период работы в Казахстане с 1933 по 1937гг. Темирбек Жургенов раскрыл весь свой организаторский, научный и творческий потенциал, подняв среднее и высшее образование, науку, искусство, литературу на небывалую высоту.

Т.К.Жургенов выделил такие основные направления в своей работе, как система образования, развитие искусства и литературы. Прежде всего, он понимал, что культурный прогресс родного казахского народа немыслим без грамотности и образованности широких слоев населения.

Из всех стоявших перед республикой задач по созданию школьной и ВУЗовской систем образования, подготовки специалистов широкого профиля для различных отраслей народного хозяйства, формирования научно-исследовательской базы, пожалуй, наиболее острой проблемой того периода являлась ликвидация неграмотности и малограмотности среди населения.

Грамотность населения в Казахстане равнялась всего 42%. В постановлении Казкрайкома о ликвидации неграмотности от 21 сентября 1933 года, в разработке которого принял действенное участие Т.Жургенев (это был один из первых документов республиканского значения, подготовленный под руководством нового Наркома), говорилось: "Поставить ближайшей и первоочередной задачей ликвидацию азбучной неграмотности, придать большое значение ликбезу среди женщин. Организовать кружки, проводить межаульные и аульные сборы, привлечь к работе в ликбезах грамотных коммунистов, комсомольцев, культработников аулов и предприятий. Особое внимание обратить на ликвидацию неграмотности в области латинского алфавита. Установить, что казахи, не владеющие латинским алфавитом, обязаны наравне с неграмотными заниматься в ликбезах на новом алфавите" [2]

Введенный новый латинский алфавит (1928г.) заметно усложнил работу по ликвидации неграмотности, так как все грамотное на арабском алфавите взрослое население нужно было переучивать, и следовательно, количество неграмотного населения увеличилось во много раз.

Борьба за искоренение неграмотности растянулась на несколько лет в связи с нехваткой учителей, школ, учебных пособий, из-за изменений алфавита, ввиду разбросанности населенных пунктов, специфики кочевого хозяйства, из-за джута и голода начала 30-х годов. В этот просветительский процесс были втянуты все общественные организации, все административно-хозяйственные органы, учительство, организовывалась работа в "красных юртах", "красных караванах", особенно в кочевых районах Казахстана, находившихся в изоляции от областных центров из-за своей территориальной отдаленности и отсутствие хороших дорог. Тут не только помогали освоить грамоту, но и привозили новую информацию, могли оказать необходимую медицинскую и техническую помощь, так как в составе этих передвижных центров были специалисты различных отраслей.

Во много раз увеличилась как армия работников просвещения, учительства, усилилось внимание к проблеме, расширилась материально-техническая база, более полно удовлетворялись потребности в зданиях, учебниках, учебно-методической литературе, письменных принадлежностях. Но самое главное - возрос престиж образования, наметился рост образовательного уровня населения республики. Однако социалистические преобразования в жизни общества "требовали решения многих культурных и идеологических проблем и прежде всего проблемы подготовки квалифицированных, технически грамотных кадров для различных сфер экономической и духовной жизни. Первым шагом на этом пути должно было стать всеобщее начальное образование"[3].

Задача осуществления всеобщего начального обязательного обучения стала одной из центральных проблем культурной революции Казахстане.

Из материалов работ Т.Жургенева и других источников видно, что основным звеном в системе народного образования в начале 1930-х годов оставались начальные школы, наиболее распространены были кочевые сезонные одно-двухгодичные начальные школы с укороченной программой, по которой обучали минимальным навыкам письма, счета и чтения. Дети занимались зачастую в арендуемых юртах, мебели и школьных принадлежностей, учебных пособий не было, либо ощущался острый недостаток и их низкое качество. Школы некоторых областей допустили большой отсев учащихся. Общая посещаемость учеников по школам Актюбинской области катастрофически снизилась до 50% и в учебном году работали всего 170 рабочих дней. ...Школы кочевых и полукочевых районов начали заниматься с опозданием от одного до двух месяцев и часть из них работала с непредвиденными перерывами"[4].

В этих трудных условиях приходилось Наркомун просвещения Т.Жургеневу осуществлять руководство народным образованием и прилагать неимоверные усилия для выправления положения в этой сфере.

Для тщательного изучения состояния школьного дела Жургенев вместе с другими сотрудниками НКП отправляется в многочисленные поездки в различные, в том числе самые отдаленные и глухие, аулы и села Казахстана.

Совместным постановлением КазЦИК и Казкрайкома ВКП(б) от 28 июня 1934 года "О структуре школы и подготовке к новому 1934-1935 учебному году" вводится новая структура школ в Казахстане - начальная (1 - 4 классы), неполная средняя (1-7 классы) и средняя (1 -10 классы) школы [5].

Положение дел в школьном образовании было достаточно трудным не только потому, что крайне низкой была материальная база; не доставало учебных пособий, учебников, школьных принадлежностей и оборудования, не хватало специалистов; в то же время территориальная разбросанность аулов, низкая плотность населения в кочевых и полукочевых районах, отсутствие хороших дорог, надежного транспортного сообщения еще более осложняли ситуацию. Для более полного охвата школьным образованием детей кочевых районов было решено создать школы - интернаты. Нарком придавал большое значение развитию школ-интернатов и поэтому вопросы по обмундированию, питанию, строительству новых зданий, оснащению их школьной мебелью, необходимыми принадлежностями и. оборудованием постоянно присутствуют в его работе, и результаты отражаются в принимаемых документах (например, в постановлениях "Об обеспечении школ-интернатов" от 01.11.33, "О снабжении школ-интернатов" от 05.11.34 и т.п.)

Наряду с этими документами Наркомпрос рассылал по областям и райкомам республики письма в местные органы власти' о необходимости доставки детей в школы-интернаты для учебы совхозами, колхозами, МТС и т.д. на транспорте, чтобы не допустить вынужденных пропусков занятий в аульно-сельской местности.

В одной из своих статей Т.Жургенев, анализируя существующее положение дел, пишет: "В школах Казахстана, главным образом в сельских, нет старших классов, полные средние школы насчитывают единицами, неполных средних школ также немного. 89% всех учащихся учатся в начальной школе, почти половина учащихся сосредоточена в первых классах по начальным школам. Это говорит о громадном проценте отсева в средних и старших классах. Начальных школ с полными 4-мя классами обучения насчитывается по Казахстану лишь 14%, все остальные школы с 1 или 2-3 классами. Наши школы - десятилетки на деле являются 8-летками, а семилетки - 5-летками". Главным итогом организации школ-интернатов явилось вытеснение карликовых аульных школ, создание полнокровной начальной школы, что в свою очередь стало основной предпосылкой для ликвидации неграмотности и малограмотности на селе, создания базы для всеобщего семилетнего образования"[6].

В своих статьях, наряду с освещением общих тем и вопросов народного образования, Жургенев уделял внимание и детальному анализу положения дел в каких-то конкретных школах, останавливаясь на таких, казалось бы, "мелочах", как необходимость соблюдения чистоты в школах, воспитания культуры речи у учащихся. Он считал, что культура речи должна развиваться на базе словаря, классической художественной литературы, и язык может быть не только

отражением мировоззрения, но и должен формировать его. Поэтому, полагал он, там, где учителя не обращают внимания на грамотность и культурность речи, там язык учащихся засоряется блатными, обывательскими словами, там страдает грамотность, наблюдаются недостатки в воспитании". Можно признать, что многие замечания Жургенева актуальны и сегодня.

В результате упорной работы НКП во главе с Т.Жургеневым намечаются положительные сдвиги в школьном образовании. Отмечая динамику роста школ различных уровней, Жургенев констатирует, что в сравнении с 1935/1936 учебным годом количество неполных средних школ в 1936-1937 учебном году увеличилось с 674 до 881 школы, число средних школ возросло со 116 до 270, а неполных казахских средних школ - с 215 до 349; число полных казахских средних школ увеличилось с 17 до 68.

В то же время сократилось число начальных школ, что было необходимо для создания полных начальных школ с 4-мя классами (в 1935/36 учебном году 7113, в 1936/37 учебном году - 6291). В результате "удельный вес таких начальных школ возрос с 17% до 57%, а двухлеток сократился с 48% до 4,5%. Число учащихся в начальных школах увеличилось с 691696 человек до 796013 человек, увеличилась и наполняемость классов: в 1934/35 учебном году - 24 ученика в одном классе, в 1935/36 - 31 человек. Возрос удельный вес учащихся старших классов. Таким образом, структура школ выравнивается, школы становятся полнокровными", что было результатом напряженной и целенаправленной работы НКП [7].

В то же время отдельные проблемы продолжали тормозить поступательное развитие системы народного просвещения; к этим проблемам относился и вопрос о кадрах учителей. Темирбек Жургенев считал, что это стержневой вопрос, от решения которого во многом зависит ход программы культурных преобразований в Казахстане, ее успехи и результаты. Он поднимал этот вопрос еще в 1926-1927 годах, когда говорил о необходимости организации в Казахстане высшего учебного заведения для подготовки педагогических кадров и отмечал крайний недостаток школьных учителей, их низкий уровень квалификации.

Говоря о подготовке специалистов для различных отраслей народного хозяйства Казахстана, Темирбек Жургенев всегда подчеркивал в целом ряде своих работ необходимость создания и расширения как сети вузов, а также важность формирования и развития казахской науки, открытия ряда научных организаций, так как богатые недра казахской земли и предстоящие социально-экономические преобразования нуждаются в высококвалифицированных кадрах врачей, учителей, агрономов, зоотехников, ветеринаров, ученых-исследователей и многих других специалистах.

Усилиями сторонников развития вузовской системы, в первых рядах которых был и Т.Жургенев, еще в 1926 году в Казахстане открывается первый Казпедвуз в Ташкенте, который затем в 1928 году переносится в Алма-Ату - так был создан один из старейших вузов Казахстана Казпединститут им. Абая. В последствии на базе КазПИ создается Казахский Государственный университет в составе 4 факультетов - физико-математического, химико-биологического, языка, литературы и искусства, историко-экономического. Первый и второй

курсы Алма-Атинского пединститута путем соответствующего отбора переводятся на 1 и 2 курсы КазГУ, педагогическое отделение КазПИ преобразуется в двухгодичное подготовительное отделение КазГУ.

НКП и сам Т.Жургенев занимались вопросами приглашения ряда профессоров и преподавателей из других центральных вузов, направлением на учебу в аспирантуру МГУ и ЛГУ по специальностям физика, математика, химия из числа выпускников университетов, работающих в вузах Казахстана; решался и целый ряд других организационных вопросов. Первым ректором КазГУ стал видный казахский ученый, общественный деятель, профессор Санжар Джагфарович Асфендияров. 1 января 1934 года состоялось торжественное открытие КазГУ.

Университет быстро набирал силы и постоянно находился в центре внимания как наркома просвещения Т.Жургенева, так и многих других, видных деятелей государства, науки и культуры, которые налаживали его связи с другими учебными заведениями, благодаря чему вузы Москвы, Ленинграда оказывали огромную материальную, техническую и организационную помощь ведущему вузу республики.

Несмотря на большие трудности с кадрами, НКП были организованы также зоотехнический-ветеринарный институт, сельскохозяйственный, медицинский, Кзыл-Ординский и Уральский педагогический, горно-металлургический институты, консерватория. В Уральске, Актюбинске, Караганде, Кустанае были открыты учительские институты.

Надо отметить, что все студенты, которые учились за пределами республики, всегда рассматривались Т.Жургеневым как особый интеллектуальный потенциал, поэтому НКП проявлял внимание к их учебе, решал их проблемы с выплатой стипендий, материальной помощи, координировал работу студенческих землячеств для студентов неказахстанских вузов, поддерживал связь между заинтересованными наркоматами, предприятиями и студентами - будущими специалистами определенного профиля.

Огромное значение придавал Нарком формированию и развитию казахстанской науки. Если на первом этапе проблему недостающих кадров пытались решать путем приглашения соответствующих кадров из центральных районов России и отправкой на учебу молодежи, особенно казахской, в другие регионы СССР, то в последние годы Наркомпрос республики под руководством Т.Жургенева прodelьывает большую организационную работу по созданию своей республиканской научной базы для выращивания кадров и развития научной мысли Казахстана.

НКП открыл аспирантуру при КазГУ, КазПИ, СХИ, при Казфилиале АН СССР в 1936 году была открыта аспирантура, исследования велись на базе имеющихся секторов КФ АН СССР, так и путем командировки в институты АН СССР в Москву и Ленинград, одновременно расширялось обучение в аспирантурах казахстанских вузов и научно-исследовательских учреждений. К концу 30-х годов в Казахстане работало 1700 ученых. Отмечая успехи культурного строительства в Казахстане, Т.Жургенев говорил: "В целом в 1937

году в республике насчитывалось 21 высшее учебное заведение, 85 техникумов, в которых обучалось 7369 студентов и 23517 учащихся, из которых казахов соответственно 3971 в вузах и 11355 в техникумах. По республике около 1,5 млн. человек обучается в школах, техникумах, вузах, на различных курсах.

Таким образом, можно отметить, что за короткий период деятельности Темирбека Жургенева на посту Народного Комиссара просвещения Казахской АССР с 1933 по 1937 года система народного образования в оформилась как единое целое, просвещение и наука достигли больших успехов в своем развитии.

Яркой страницей отечественной истории стало развитие искусства и культуры в период работы Темирбека Караулы Жургенова Наркомпросом КазАССР. Именно тогда казахское искусство было трансформировано и модернизировано в соответствии с велением времени, впервые открываются театры, создаются оркестр народных инструментов, набирается балетная и сольная труппы, хор, открывается киностудия, музеи, формируется профессиональное искусство, были созданы первый Казахский музыкальный театр – театр оперы и балета, Казахский и Русский драматический театры.

В этой связи показательны слова современников Т.Жургенова о его огромном вкладе в становление и развитие казахстанского искусства. Г.Мусрепов вспоминал о словах сожаления Т.Жургенова: «обидно, что великолепный народный эпос и казахская музыка крайне слабо используются нашим искусством». Народный артист КазАССР К.Джандарбеков вспоминал, что «Т.Жургенов как отец, с заботой, чуткостью и вниманием относился к Казмузтеатру, и это давало нам силы работать с удвоенной энергией»[8]

Надо отметить, что Т.Жургенов сам был яркой одаренной личностью, знал восточные языки, прекрасно знал народный эпос, фольклор, пел и превосходно играл на домбре, поэтому лучше многих понимал значение и ценность художественного наследия казахского народа как для молодого поколения, так и дальнейшего развития искусства. В своих трудах он правильно оценивал вклад народных акынов и композиторов, как Асан Кайгы, Коркыт, Ахан сери, Биржан, Мухит и Курмангазы.

Т.Жургенов отмечал, что работу на фронте искусства смогут должным образом оценить лишь потомки. Поэтому «мы должны по заслугам оценить величайшие творения и богатейшее наследие, накопленное веками в духовной сфере, широко использовать его для мощного подъема искусства сегодняшнего дня.» [9]

Поэтому первый Всеказахстанский Слет деятелей народного искусства в июне 1934 года стал подлинным поиском и смотром народных талантов из глубин народа, со всех дальних аулов Казахстана: акынов, композиторов, исполнителей-инструменталистов, певцов и танцоров. Т.Жургенов жестко пресекал попытки отправить на слет не представителей творческих талантов, а партийных и хозяйственных руководителей из регионов. Только благодаря такому неравнодушному подходу были открыты имена таких молодых дарований как Кастеев, Хайдаров, Аубакиров и другие. А в аулах и селах появились радио и кино, стали создаваться клубы с оркестрами и

самодеятельными театрами. В июне 1935 года проводится слет одаренных детей из детских домов Казахстана.

Необходимо отметить, что Т.Жургенев был истинным ценителем и активным собирателем народных сокровищниц культуры. Так, он отмечал, что найден перевод «Шах-Наме» Фирдоуси на казахский язык, сделанный муллой Уразом еще 100 лет назад, а имя Ураза до сих пор остается неизвестным. Т.Жургенев отправляет сотрудников Наркомпроса в командировку в Ташкент, Туркестан, Чимкент для сбора казахских рукописей «Шах-наме» и других произведений, составляющих культурное достояние прошлых поколений. А ведь в тот период все, что было связано с исламской религией, находилось под запретом и сурово каралось.

В этой связи, показателен еще один документ, подтверждающий серьезный вклад Т.Жургенова в дело сохранения и развития духовных ценностей казахского народа. В архиве сохранился запрос Жургенова в «Ленинградскую Академию Материальной культуры, ведающую реставрацией памятников культуры СССР для восстановления монументального памятника – мечети-мавзолея Ходжи Ахмета Яссави, образца искусства мусульманского Востока, пришедшего в ветхость» [10]. Это письмо говорит прежде всего о личном мужестве Т.Жургенова, который являясь истинным патриотом страны, не боялся защищать святыни, ценности и духовные истоки казахского народа, даже если это ему грозило потерей не только высокой должности, но и жизни.

И, конечно же, главным результатом развития искусства и культуры периода его деятельности на посту Наркомпроса в 1933-1937гг., завершающим аккордом стала Первая Декада литературы и искусства Казахстана в Москве в мае 1936г. Декада продемонстрировала многообразие, богатство и самобытность казахской культуры: спектакли первых юных казахских театров, концерты казахских певцов и кюйши, айтысы народных акынов, выставки образцов прикладного искусства казахского народа, литературные встречи.

Декада имела огромный успех, блестящие отзывы в московской и ленинградской прессе подчеркивали, что это не только успех творческих коллективов, созданных за столь короткий срок, сколько открытие неисчерпаемых родников народного искусства и творчества. Огромную популярность у зрителей получили исполнение песен Куляш Байсеитовой и казахских народных кюев оркестром народных инструментов.

По результатам декады высшую государственную награду – Орден Трудового Красного Знамени получили артисты и исполнители: К.Байсеитова, К.Джандарбеков, А.Умурзакова, писатели и поэты Д.Джабаев и С.Сейфуллин, а так же сам Народный комиссар просвещения КАССР Т.Жургенев.

Таким образом, этим орденом был отмечен огромный вклад Т.Жургенова как выдающегося организатора и вдохновителя развития самобытной культуры Казахстана, в формирование различных жанров профессионального искусства.

Необходимо отметить, что в период форсированной модернизации и «культурной революции» была истреблена мыслящая казахская элита, в том числе и Т.Жургенев, была во многом утрачена кочевая самобытная культура казахов, обычай и традиции, вера, привычный кочевой образ жизни, от голода

наполовину сократилась численность населения, вновь меняется письменность (с арабской графики на латиницу, а затем на кириллицу). Таким образом, происходит коренная ломка всего привычного уклада жизни казахов, ориентация на русификацию и вестернизацию, что стало очередным глубинными трендом нового этапа модернизации общественного сознания казахского народа.

Темирбек Караулы Жургенов, как интеллигент своего времени, осознавал глубину происходивших экономических, хозяйственных, демографических и культурно-исторических преобразований, массовое вымирание казахов, что означало потерю их цивилизационного своеобразия и естества, заставляло их приспособляться, заимствовать оседлый способ хозяйствования и жизни в целом.

В новых условиях вытесненная культура и история кочевников выглядела неким проявлением культурно-исторической отсталости казахов на фоне русского и других европейских народов. В новых условиях свое кочевое исчезало, казахи уже пользовались чужими западными стандартами, как например, русской (европейской) культурой, языком, алфавитом, наукой, техникой, одеждой, и т.д.

Поэтому Темирбек Жургенов всеми силами старался сохранить главные культурные богатства и духовные ценности казахского народа: это казахский эпос и литература, народная музыка, кюи, айтысы, песни, национальные инструменты, мавзолей Ходжи Ахмета Ясави, предметы прикладного искусства. Все это вместе составляло живую культурно-историческую память, и вся многогранная культурно-организаторская деятельность Темирбека Караевича Жургенова в 1933-1937 гг. на посту Народного Комиссара Просвещения КАССР явилась важнейшим звеном в процессе передачи духовных ценностей новому поколению казахов и модернизации общественного сознания.

Весь не долгий период работы Т.К.Жургенова в Казахской АССР в 1933-1937гг. он являлся членом окружного комитета ВКП(б) Казахстана и его бюро, с июня 1937 г. - членом Бюро ЦК Компартии Казахстана, что является свидетельством высокой оценки его организаторского таланта, результативности работы на руководящих партийных и государственных должностях.

Талантливый организатор культурной революции, Темирбек Жургенов находился в расцвете творческих сил, когда подвергся необоснованному аресту 2 августа 1937 г. НКВД КССР. Обвинили Т.Жургенова в том, что он является «врагом народа», членом шпионско-диверсионной германо-японской антисоветской контрреволюционной сети. Так же Т.Жургенова обвинили в организации поджога КазГУ, планомерном диверсионном развале системы образования и просвещения в Казахстане, о чем свидетельствует личное дело на обвиняемого Жургенова Темирбека в 5 томах. В деле имеются разные документы, как например, ордер на обыск и арест, анкета арестованного, автобиография, обвинения, протоколы допроса, протоколы обыска и список конфискованных вещей, заключительное обвинение, приговор, акт об исполнении приговора. В том числе есть и документы, написанные собственноручно Т.Жургеновым, которые объединены в отдельный том.[11]

Темирбек Караулы Жургенев выездной Сессией Военной Коллегией Верховного Суда СССР 25 февраля 1938 г. за совершенные преступления, предусмотренные ст. ст. 58-2, 58-8, 58-9 и 58-11 УК РСФСР осужден к ВМН - расстрелу и трагически погиб.

Реабилитирован Темирбек Жургенов 18 апреля 1957 г. Военной Коллегией Верховного Суда СССР за отсутствием состава преступления. [12]

Государственная политика Большого Террора не ограничивалась только репрессией самих ярких личностей, каким без сомнений являлся Темирбек Жургенов. Началась тотальная репрессия против членов его семьи и окружения. Отец Темирбека - Кара Жургенов, был сыном крупного бая Куана. По обвинению он был также приговорен Тройкой УНКВД по Южно-Казахстанской обл. 15 сентября 1937г. в г.Кзыл-Орде к ВМН- расстрелу. Реабилитирован 28 ноября 1990 г. Кызылординской облпрокуратурой УКАЗ ПВС СССР от 16.01.1989. Братья Темирбека Косжан, Досжан и Ыскак также были арестованы и расстреляны. Досжан Караев Жургенов был одним из ярких лидеров Иргизского восстания казахов против коллективизации, был так же приговорен к ВМН – расстрелу. [13]

Жена Жургенова - Ермекова Даметкен Амирхановна арестована 21 марта 1938 г. НКВД Каз.ССР. Приговорена ОСО при НКВД СССР 10 июня 1938 г., обвинялась как ЧСИР - член семьи изменника Родины к исправительно-трудовым лагерям к 8 годам ИТЛ. Прибыла в Акмолинское ЛО 03.10.1938 из тюрьмы г.Алма-Аты, отбывала срок в АЛЖИРЕ с 1938 до 05.07.1941. Затем была переведена и убыла 05.07.1941 в Печорлаг - в Сосьвинский ОЛП Севураллага НКВД (г. Сосьва Свердловская обл), где отбывала заключение до 1945г. С началом Великой Отечественной войны не раз писала просьбы отправить ее на фронт как профессионального медика, но ответа не получала. Реабилитирована 23 декабря 1955 г. СК Военного трибунала ТуркВО за отсутствием состава преступления. [14] Всю оставшуюся жизнь она посвятила восстановлению честного имени Темирбека Жургенова.

Имя Темирбека Жургенева увековечено, названа улица в Алматы, его имя носит [Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова](#), перед зданием которого установлен памятник Темирбеку Жургенову. В 2020 году село Комсомольское Айтекебийского района Актюбинской области было переименовано в село имени Темирбека Жургенова. В 2022г. имя Т.Жургенова присвоено гимназии № 70 г. Астаны.

Но самым главным памятником Темирбеку Жургенову славному сыну казахского народа, патриоту, бережно сохранившему основы казахской культуры в сложные 1930-е годы будет наша с вами память и почтение к его жизни и подвигу.

Осознание трагедии казахского народа 1920-1930х гг. необходимо, так как раскрывая в архивах новые пласты документов, мы узнаем реальные масштабы репрессий, когда мы потеряли не только цвет казахской интеллигенции, но и «конфискации» широкого слоя традиционной степной народной элиты в лице баев, биев, ишанов, мулл, потомков ханской аристократии, а так же в результате голода угасли жизни более миллиона казахов, были расстреляны тысячами

простые казахи – шаруа, посмевающие участвовать в восстаниях против советской власти, которая запрещала им оставаться самими собой: казахами - кочевниками, иметь много скота, быть богатыми и свободными, жить по традициям их отцов и предков, верить в своих богов и святых, совершать намаз, держать уразу и т.д.

Поэтому изучение периода репрессий позволяет нам понять, какой кровавой ценой казахский народ оплатил свою советскую модернизацию 1920-1930-х гг., какой вирус страха был вживлен в сознание всего советского народа в СССР, каковы его последствия на уровне массового сознания, родовой и индивидуальной психологии, которые современное поколение преодолевает в эпоху растущей демократизации «Жаңа Қазақстан», безграничного интернета, вестернизации, обретая право голоса в формирующемся гражданском обществе.

Сегодня Казахстан модернизируется в новой фазе своего политического, экономического и культурного развития, но только историческая память соединяет горизонты прошлого, настоящего и будущего, выступает стержнем развития общества. Знания о трагических страницах истории репрессий и преследований помогут обществу глубже понимать ценность человеческой жизни и соблюдения закона, извлечь уроки, не позволяя государственной машине их повторения в будущем.

Список использованной литературы.

- 1. АП РК. Ф. 141. Оп.1., Д.6548.Л148*
- 2. Т. Жургенев. О работе по ликвидации безграмотности в Казахстане. А-А. 1936*
- 3. Т.Жургенев. Культурное строительство в Казахстане // Народное хозяйство Казахстана.1937. N 1-2.*
- 4. Сулейменов Р.Б. Темирбек Жургенев. А-А.1968.*
- 5. Т.Жургенев. О работе по ликвидации безграмотности в Казахстане. А-А. 1936.*
- 6. Т.Жургенев. Задачи школ Казахстана в новом учебном году // Большевик Казахстана. 1936. N 9.*
- 7. Т.Жургенев. Культурное строительство в Казахстане // Народное хозяйство Казахстана.1937. N 1-2.*
- 8. Джандарбеков К. Алгаиқы асу.// Жұлдыз. 1965.№2*
- 9. Казахстанская правда, 1934, 27 мая.*
- 10. ЦГА РК. Ф.81. Оп.3, Д.289, Л.Л.7, 15,38*
- 11.Архив Департамента Полиции г.Алматы, Ф.20, Оп.1, Д 04321, т. 1-5.*
- 12.Архив Департамента Полиции г.Алматы, Ф.20, Оп.1, Д 04321, т. 2*
- 13.Сведения ДКНБ РК по г.Алматы*
- 14.Архив Департамента Полиции г.Алматы, Ф.20, Оп.1, Д 03554.*
- 15.Книга памяти "Узницы АЛЖИРа"*

Жылбек КЕРІМБЕК,
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЮНЕСКО-ның
журналистика және коммуникация
кафедрасының аға оқытушысы*

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ: САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰЖАТТАРЫ

«Халық жауларымен» күресу тұжырымдамасы 1920 жылдардың соңында пайда болды. 1928 жылы 9 шілдеде өткен БКП(б) Орталық комитетінің пленумында партияның бас хатшысы Иосиф Сталин Совет одағындағы «таптық күрес» уақыт өте келе күшейетінін» атап өтті. «Күші арта түсетін Совет өкіметі осы [капиталистік] элементтерді оқшаулау саясатын, жұмысшы табының жауларын ыдырату саясатын, ақырында қанаушылардың қарсылығын басу саясатын жүргізіп, жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бөлігін одан әрі алға жылжыту үшін жұмыс істейді, - деп Сталин сол жиында уәде берді (1,171-172).

Олай дейтін себебіміз, 1922 жылы Әлихан Бөкейханов «Алаш-Орда» үкіметіне қатысты айыпталып, қамауға алынған кезде Түркістан Орталық Атқару комитеті төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанов пен Түркістан АССР-і Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұловтың РСФСР коммунистік партиясы Орталық комитетінің бас хатшысы Иосиф Сталинге(ЦКРКП) жолдаған хаты бар. 1922 жылы 31 қазанда жөнелтілген хатта былай делінген: «Қарқаралы билігінің өкімімен 14 қазанда Әлихан Бөкейханов қамауға алынды. Алашордалықтарға рақымшылық жасау туралы Жарлықты, Қазақстанның байырғы тұрғындарының Совет өкіметімен әлсіз байланысын, Қазақстан кеңестерінің соңғы съезі жұмысының нәтижесінде пайда болған атмосфераға назар аудара отырып, бұл хабарды қырғыз халқына жаппай қолайсыз әсер ету мүмкіндігін ескере отырып, Сізден бұл іске араласуыңызды сұраймыз және негіз болмаған жағдайда Бөкейхановты қамаудан дереу босатуды ұсынсаңыз» деген сарында хат жолдады(2). Демек бұл кезде әлі «үстем тап» қалдықтарымен күрес бастала қойған жоқ болатын. Қазақстан басшыларының арасында ол кезде әлі ауызбіршілік бар еді. Өйткені Қожанов пен Рысқұлов орталыққа хат жіберіп, сол жолы Әлихан Бөкейхановты қамаудан босатып алады.

Осыдан кейін НКВД қылмысты «тергеп», қамауға алудың түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап шығара бастады. Солардың бірі 20-шы жылдардың ортасында пайда болған бірінің үстінен бірі арыз-шағым жазып, айыптаған хаттар еді. Сондай хаттардың бірін 1924 жылы 29 сәуірде Тұрар Рысқұлов «құпия» деген белгімен Сталинге жолдады. Осы жылы 4 ақпанда РКП Орталық комитетінің бюро шешімімен Тұрар Рысқұлов Коминтерн атқару комитетінің құрамында жұмысқа жіберіліп, Орталық-Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып бекітілген болатын. Сол хат Тұрар Рысқұлов былай дейді:

«Егер жолдас Сталин бәрін оқи алмаса, ең болмағанда мыналарды оқығаны жөн:

а) негізгі баяндамада – айыптау пункттері (22-бетті қараңыз),

б) «Алаш-Орда» қайраткерлерінің тізбесін және олардың Түркістандағы қырғыз-қазақ халқына басшылық ету жөніндегі қазіргі жұмысының сипатын қосымша ұсынамын,

в) барлық басқа материалдарды біреуге танысуға тапсыруға болады, бірақ Сталин жолдастың өзі оқығаны жөн болар еді.

г) Мұстафа Шоқаевтың шетелдегі Түркістан туралы мақаласын «Дни» газетінің (Осы жылдың 1 және 4 ақпан аралығы мен соңғы күндердегі) нөмірлерінен оқығаны жөн.

Сонымен қатар, дәл осындай баяндаманы мен Орталық Комитет пен БПУ-ға жіберіп отырмын»- делінген Рысқұловтың хатында (3).

Хатты одан әрі тарқатып жазатын болсақ, Рысқұлов бұдан бұрын да Орталыққа осы тақілеттес құпия хат жолдағанын аңғаруға болады. Сол хатта «Қожанов пен оның адамдарының (барлығы дерлік «Бірлік туы» ұйымынан) бұрынғы буржуазиялық-ұлтшыл Алаш-Орда ұйымының аса көрнекті жетекшілерімен идеологиялық байланысы, шын мәнінде, бірлескен жұмысы әшкереленді» деп жазылғанын еске салады. «Партия мен Совет үкіметін ыдыратып жатқан «солшыл» коммунизмді жамылған осы «Бірлік Туы» ұйымының жүйелі контрреволюциялық әрекеттерін біз құжаттадық. Осы мәселе бойынша Түркістанның тиісті жоғарғы партия органдарына да есеп-қисап, материалдар жібереміз. Бірақ Түркістанда «саясат» ойынының берік етек алғаны сонша, біз осы уақытқа дейін «топтардың» бітпейтін ойынының атмосферасында қалуға мәжбүр болдық, бұл өз кезегінде дұшпандар мен достардың арасындағы айырмашылықты жасырып қалды, соңғы екеуін бір-бірімен шатастырдық» делінген хатта.

Сондай-ақ хатта: «Біз өз тарапымыздан бұл мәселе бойынша ең алдымен ГПУ арқылы Қожанов пен оның адамдарының, Түркістанда және оның сыртында орналасқан Алашорда қайраткерлерінің пәтерлеріне тінту жүргізуді талап етеміз. Бұл шара Алаш-Орда ұйымдарының осы бағыттағы қызметін өз көзімен анықтайтыны сөзсіз, бірақ онсыз да фактілер жеткілікті. Бірқатар саналы партия мүшелері антикоммунистік ұйым деп жариялағандықтан, тиісті мемлекеттік органдар бұл адамдардың қандай лауазымды қызмет атқаратынына қарамастан шара қолдануы керек деп ойлаймыз. Қалай болғанда да, біз Орталық бақылау комиссиясы мен РКП Орталық комитетінің тарапынан шұғыл шешім мен шара қолдануын күтеміз» деп жалғасатын бұл хатта айыпталған «Алаш-Орда» қайраткерлерінің тізіміне кімдер енгізілді? Енді сол тізімге көз жүгіртейік: «Алаш-Орда» туралы баяндамаға қосымша: Түркістан халқының қырғыз(қазақ) бөлігінде қазір саяси рөл атқарып жүрген бұрынғы «Алаш-Орда» және «Бірлік туы» ұйымы өкілдерінің бірқатар маңызды тұлғаларының тізімі мен сипаттамасы» деп басталатын «партияда жоқтар» деген тізімнің ең басында Әлихан Бөкейханов тұрды.

«Түркістандағы қырғыз халқына саяси-рухани ықпал ету қазір Алаш Орда басшыларының қолында. Олардың шет елдермен (Шоқаев) және басқалармен тығыз байланысы бар. Қырғыз тілінде марксистік әдебиеттің түгелге дерлік болмауы, ондай әдебиеттерді құрастыруға құлықсыздық, коммунистік

партияның орнына Алаш Орда мен ұлттық идеялардың кез келгенін дәріптеу Түркістандағы коммунистік партияның өте зиянды жұмысы мен жалған қызметін көрсетеді. Қазақтардың көпшілігі әлі күнге дейін консервативті ойлайды. Большевиктер партиясы әлі де алыс бұрыштарда «реквизит» ретінде қарастырылады. Бұл бұқара арасында марксизм ешқашан уағыздалмаған. Дәл осы Алаш Орданың насихаты кеңінен тараған, ықпалы көбірек. Міне, Түркістанның қазіргі жағдайы қалыпты емес. Ал сіз бұл мәселе туралы ойлануыңыз керек» деп жазды Рысқұлов 1924 жылы жазған хатында(3).

Ол кезде мұндай айыптау арыздар әр түрлі жазылатын, біреулер оны милицияға жазса, енді біреулер компартияға жазатын. Олар көбінесе газеттерге жарияланады. Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары саяси қуғын-сүргін кезінде белсенді жұмыс істеді. Оған дәлел ретінде сол жылдары жарық көрген «Социалды Қазақстан» газетінің бүкіл нөмірлерін келтіруге болады.

Содан кейін журналистердің жұмысы көбінесе «ұстап беру» болатын, ол өзіне көрсетілген адамды қандай да бір қылмыс жасады деп айыптауы керек еді, яғни оның қылмысын ойлап тауып, ол туралы газетке мақала жазуы керек еді. НКВД-ның шаруасы осының негізінде "кінәліні" тұтқындау болатын. Егер журналист ол мақаланы жазбаса, оны жолдасы жазады, ал ол «айыпталушымен» сыбайлас ретінде жауапқа тартылатын. Алайда, айыптау арыз хаттардың нақты саны әлі күнге дейін белгісіз. Өйткені Ресей билігі сол кездегі көптеген құжаттарға құпия белгісін соққан болатын.

1937 жылы 27 қаңтар күні ВКП(б) Орталық Комитеті саяси бюросының қаулысы шығып, Ежов НКВД-нің Бас комиссары болып тағайындалады(4). Мұның алдында ғана 1936 жылы 5 желтоқсанда СССР-дің жаңа Конституциясы қабылданған болатын. Сол заң бойынша НКВД-ның өкілеттігі күшейтілді. Республика, облыстық, аудандық НКВД бөлімшелері құрылды. Күштік құрылымдар арасында халық комиссарларының, яғни НКВД-нің беделі арта түсті(5).

1937 жылы 5 наурыздағы Бүкілодақтық коммунистік партияның большевиктер партиясы Орталық Комитетінің пленумындағы қорытынды сөзінде Сталин Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Мирзоянды да сөзбен түйреп өтті: "Мирзоян жолдасты алайық. Ол Қазақстанда жұмыс істейді, бұрын Әзірбайжанда ұзақ уақыт жұмыс істеген, Әзірбайжаннан кейін Оралда жұмыс істеген. Мен оған бірнеше рет ескерттім, не Әзірбайжаннан, не Оралдан келген достарыңды сүйреп жүрме, бірақ Қазақстандағы адамдарды үгітте, Қазақстандағы жергілікті халықтан өзіңді қоршама, Қазақстанмен түбегейлі байланысы жоқ Әзірбайжаннан келген достарың мен жақындарының тұтас тобын өзіңмен бірге алып жүру деген нені білдіреді? Қазақстанмен мүлде байланысы жоқ Оралдан келген бір топ достарды өзіңізбен бірге алып жүру нені білдіреді? Бұл жергілікті ұйымдардан, ал қаласаңыз, Орталық Комитеттен біршама дербестік алдыңыз деген сөз. Оның өз тобы бар, менің өз тобым бар, олар жеке маған тиесілі... Ал, бұл неге ұқсайды? Осындай адамдарды таңдауға бола ма? Бұл неге әкеледі, бұл жерде қандай жақсылық болуы мүмкін - мен сізден сұраймын. Мен Мирзоян жолдасқа бұлай жүрмеу керектігін, кадрларды жергілікті халықтан таңдау керектігін ескерттім. Көріп тұрсыз ба, ол өзінің жеке

өзіне берілген адамдар тобын құрды, ол большевиктік принцип бойынша емес, адамдарды таңдады, олардың арасында троцкистер де бар. Бірақ олар оған адал болғандықтан, олар онымен мәңгі бірге жұмыс істейді деп үміттенеді. Оның өзінің көзін құртса ше?» (6,191)

1937 жылы 2 шілде күні ВКП(б) Орталық Комитеті саяси бюросының «антисоветтік элементтер туралы» шешімі қабылданды (7). Оған Орталық комитеттің бас хатшысы Сталин қол қойды. Соның негізінде КСРО Ішкі Істер Халық комиссары Н. И. Ежов «бұрынғы бай-құлақтарды, қылмыскерлерді және басқа да антисоветтік элементтерді репрессиялау операциясы туралы» нөмірі № 00447 жедел бұйрығына 1937 жылы 30 шілдеде қол қояды (8). 1937 жылы 31 шілде күні Сұлтанбек Қожановты тергеуге алады (9). Ал Темірбек Жүргеновті 1937 жылы 2 тамызда қамауға алған. Біз сол Сұлтанбек Қожановтың тергеу хаттамасын да қарап шықтық. Тергеуші кіші лейтенант Нейманның «Пантюркистік ұйым туралы айғақтарды жалғастырыңыз. Ұйымның құрамына кімдер кірді?» деген сауалға Қожанов жауап бергенде тек Жүргеновтің есімі көпшілікпен бірге аталады. Енді мына фактілерге назар аударыңыздар: Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожанов екеуін кіші лейтенант Нейман деген бір тергеуші ғана тергейді. Тұрар Рысқұловты 1937 жылы 3 шілде күні тергеуге алса, Сұлтанбек Қожановтың тергеу хаттамасында 31 шілдеде тергеуге алынғаны жазылған. 1937 жылы 5 шілде күні НКВД-нің Бас комиссары Ежов «аса құпия» деген белгімен Сталинге хабарлама жібереді (10). Ол хабарламаға Тұрар Рысқұловты тергеу кезінде жазылған хаттаманы қоса тіркейді, ондағы есімі аталған кісілердің астын сызып қояды. Тұрар Рысқұловты тергеу кезінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің төрағасы Құлымбетовтің есімі тізімнің басында бірінші болып аталады.

Көп ұзамай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Мирзоян да 1937 жылғы 27 шілде күні Сталинге мынадай телеграмма жібереді: «Оңшыл және троцкийлік ұйымдарда контрреволюциялық жұмысқа қатысқаны үшін қамауға алынғандардың ішінен 10-ға жуық адам жергілікті ұлттық-фашистік ұйым басшыларының бірі ретінде КазЦИК-тің бұрынғы төрағасы Құлымбетовті көрсетеді. Атап айтқанда, тұтқындалған мына кісілер соны көрсетіп отыр: бұрынғы халық комиссариаты Дивеев, Халық комитетінің бұрынғы орынбасары Сарымолдаев, Ақтөбе қалалық кеңесінің бұрынғы төрағасы Жаманмұрынов, Қарқаралы аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Асылбеков, өнер комитеті төрағасының бұрынғы орынбасары Тоғжанов және тағы басқалар. Сонымен қатар, тергеу материалдары Құлымбетовтың Нұрмақов, Рысқұлов, Қожанов және жергілікті халық құрамындағы осы ұлттық-фашистік ұйымның орталығы арасындағы байланысты қолдайтын негізгі буын екенін көрсетеді. Құлымбетовті қамауға алу үшін материал жеткілікті деп есептей отырып, осы іс-шараны жүргізуге сіздің санкцияңызды сұраймын» деп Мирзоян Сталинге жасырын хат жібереді(11). Одан кейін Құлымбетов те қамауға алынады.

Тұрар Рысқұловтың тергеу хаттамасында Темірбек Жүргенов туралы мәліметтер де бар. Рысқұловқа тергеуші кіші лейтенант Нейман мынадай сұрақ қояды: «Іс жүзінде, сіз пантюркистік ұйымның қатысушыларымен қалай

байланысқа шықтыңыз? Егер сізде 1928-29 жылдар аралығында бірыңғай орталық болмаса, сізде жалпы тактикалық желі қалай дамыды?» Бұған Рысқұловтың жауабы: «...Қазақстанның оңтүстік аудандарының көтерілістері ұйымдастырылды. Бұл көтерілістерде сол кезде Өзбекстанның халық комиссариатында жұмыс істеген Жүргенов Темірбек маңызды рөл атқарды. Жүргенов өте беделді бай отбасынан, Қарақұм және Қызылқұм далаларындағы ірі шонжарлар отбасынан шыққан. Мұның бәрін көтерілісті ұйымдастыру үшін пайдаланды. Жүргеновтің әкесі мен ағалары көтерілісті өздері басқарды. Дәл сол сияқты Ферғана алқабында Қоқан үкіметінің бұрынғы министрі Насырқан-төремен байланыс орнатты"(10). Бұл жолдарды тергеушілер өздері қиыстырып бергенін бірден аңғаруға болады. Өйткені Тұрар Рысқұловқа қойылған сұрақтар одан кейін тергеуге алынған Сұлтанбек Қожановқа да қойылады. Кімдерді пантүркілік ұйымның тізіміне қосу керектігін тергеушілер алдын ала білгені көрінеді.

Ішкі Істер Халық комиссары Ежовтың 1937 жылы 30 шілдеде шыққан нөмірі № 00447 бұйрығы негізінде республика мен облыс бойынша ату жазасына және концлагерге қамалатындардың тізімі жасалды. Осы екі жазаны орындау үшін облыстық немесе республикалық Коммунистік партия комитетінің төрағасы, жергілікті НКВД бастығы және прокурордан тұратын «үштіктің» сотсыз, тергеусіз істі жүргізуіне бұйрық берілді(8).

Бастапқы лимит бойынша бірінші категория бойынша 75 950 адам ату жазасына, екінші категория бойынша 193 000 адамды концлагерьлерге жіберу жоспарланған болатын. Бұл тізім 1937 жылдың жаз айларында белгіленген. Содан кейін Сталинге аймақтардан жеделхаттар келе бастады. Кейбір хат мәтіндерінен көрініп тұрғандай, есептер байыпты: бір жерде төрт мың, ал бір жерде он мың адамды атуға дайын екендіктерін білдірді. Әр жеделхатқа Сталиннің қолы көк қаламмен «бекітілсін» деп қойылды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Мирзоян да бұл кезде белсенді жұмыс істеді. 1937 жылы 2 желтоқсанда Мирзоян Сталинге хат жазып, Ежовтың бұйрығы бойынша берілген тізімді асыра орындап, бірінші категория бойынша 8 мың адамды ату жазасына, екінші категория бойынша 8 мың адамды концлагерге аттандырғанын қуана жеткізді. "Қажет болса, біз тағы 600 адамды ату жазасына, мыңға жуық адамды концлагерге жібере аламыз» деп есеп берді(12).

1938 жылы 17 қаңтарда Сталин Ежовқа хат жазып, «Рысқұлов пен оның айналасындағы адамдар не болды, сол жөнінде есеп беріңіз» деп хабар жібереді (13). Осы хабардан кейін қамауға алынған қазақтың бас көтеретін мемлекет және қоғам қайраткерлері шетінен ату жазасына кесіле бастайды. Әскери коллегияның шешімімен Сұлтанбек Қожановты сол жылы 8 ақпанда, Тұрар Рысқұловты 10 ақпанда ату жазасына кеседі. Бірақ екеуін де бір бейітке жерлейді. Ал Темірбек Жүргеновке ату жазасы бұйрығы 1938 жылы 25 ақпанда беріледі(14). Оған өзі құрған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғимаратын өртеді деген ақылға қонымсыз айып тағылады. Бірақ біз бұл айыптаудың негізсіз екенін білеміз.

Пайдаланган әдебиеттер:

1. Сталин И. Сочинения, т. 11. М., 1949 г., с. 171-172. Пленум ЦК ВКП(б) 4-12 июля 1928 г. Об индустриализации и хлебной проблеме. Речь 9 июля 1928 г.
2. Сұлтан-Хан Аққұлы. Сталин охотился за Алиханом Букейханом с 1922 года. https://rus.azattyq.org/a/alikhan_bokeykhan_stalin_alash_/2261845.html
3. Рыскулов Т. Приложение к докладу об «Алаш-орде». Опубликован секретный донос Рыскулова Сталину на казахов. <https://camonitor.kz/35044-opublikovan-sekretnyy-donos-ryskulova-stalinu-na-kazahov.html>
4. Постановление Политбюро ЦК ВКП(б) "О присвоении народному комиссару внутренних дел Союза ССР Ежову Н.И. звания Генерального Комиссара Государственной Безопасности". 27 января 1937 г. <https://istmat.org/node/29685>
5. Конституция СССР 1936 года (неофициальные названия: «Сталинская конституция», реже — «Конституция победившего социализма»). <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1936.htm>
6. Сталин И.В. Сочинения. – Т. 14. – Москва.: Издательство "Писатель", 1997.
7. Постановление Политбюро ЦК ВКП(б) «Об антисоветских элементах». Из протокола заседания Политбюро № 51, п. 94 за 20 июня - 31 июля 1937 г. <https://istmat.org/node/48339>
8. Оперативный приказ народного комиссара внутренних дел СССР Н. И. Ежова № 00447 «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников и других антисоветских элементов». 30 июля 1937 г. <https://istmat.org/node/32818>
9. Протокол допроса С.Х.Ходжанова. <https://alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/61137>
10. Спецсообщение Н. И. Ежова И. В. Сталину с приложением протокола допроса Т. Р. Рыскулова. 5 июля 1937 г. <https://istmat.org/node/24545>
11. Шифртелеграмма Л.И. Мирзояна И.В. Сталину о необходимости ареста председателя ЦИК Казахстана. 27 июля 1937 г. Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937—1938. — Москва: МФД, 2004, стр. 272. <https://istmat.org/node/31684>
12. Габбас Кабышулы. Было два Мирзояна. 9 декабря, 2013. <https://datnews.info/by-lo-dva-mirzoyana/>
13. Записка И.В. Сталина Н.И. Ежову об эсерах. 17 января 1938 г. <https://istmat.org/node/32551>
14. Аян Аден. Первый нарком просвещения Казахстана. <https://e-history.kz/ru/news/show/4563>

Аманкелді МҰҚАН

ҚР БҒМ Ғылым комитетінің М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты театр және кино бөлімінің меңгерушісі, театртанушы.

Өнертану кандидаты, доцент

mukaman@mail.ru

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РОЛІ

(Мәскеу қаласында өткен онкүндік мысалында)

Қазақ Автономиялы Кеңес Социалистік Республикасы құрылған күнінен бастап ағарту ісі, өнері мен мәдениеті саласы әр түрлі кезеңдерді басынан кешті. Бас қаласы 1920-24 жылдар аралығында Қаз АКСР орталығы Орынборда, кейін Қызылордаға (Ақмешітке), одан кейін 1927 жылдан бастап Алматы қаласына ауыстырылды.

Осы кезең аралығында халық ағарту саласын басқарған бірнеше басшылар болды. Осындай саяси-қоғамдық саланың қайраткерлері арасында 1933 жылдан бастап Қазақ АКСР Ағарту халық комиссары Темірбек Қараұлы Жүргеновтің қазақ өнері мен мәдениетіндегі орны мен ролі ерекше. Оның тұлғалық есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім. Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы, көсем сөз иесі. Ол Тәжік АССР-нің қаржы наркомы, Өзбек АССР-нің Халық Ағарту комиссары, Қазақ АССР-нің Халық Ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарған Темірбек Жүргенов қазақ халқының басындағы аса қиын кезеңде ұлт мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға зор үлес қосты.

Ол Ағарту комиссары қызметінде әдебиет және мәдениет мәселелерін өз назарында ерекше ұстады. 1934 жылы халық өнерпаздарының I-республикалық слетін, 1936 жылғы Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігін өткізудің басы-қасында жүрді. Бұл іс-шаралар Темірбектің ірі қайраткер, ұйымдастырушы, халқының жанашыр тұлға екендігін дәлелдеп жұлдызын жарқыратты. Қазақ өнеріндегі майталман тұлғалары Жамбыл Жабаев, Шара Жиенқұлова, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков т.б. сияқты көптеген өнер саңлақтарымен үйлесімді жұмысы Мәскеу төрінде қазақ өнері мен әдебиетінің абыройын аспандатып бүкіл Одаққа паш етті.

1936 жыл, мамыр айының шуақты күнінде қазақтың өнері мен мәдениетінің танымал өкілдерінен құралған 300 адамнан құралған үлкен көш Алматыдан арнайы пойызбен Кеңестер Одағының астанасы Мәскеу қаласын бетке алып аттанып кетті. Қазақстан өзге республикалар ішінде екінші болып тынымсыз дайындықтан кейін мақтанатын рухани байлығы – өнерімен бөлісіп, халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, фольклоры бүгінгі жетістіктерімен бөліспек. Бұл сапар қазақ өнері мен мәдениетінің салтанат құрған ерекше қайталанбас сәттері болатын.

Өткен ғасырдың 20-30-жылдардағы бірінші басшының жұмысындағы авантюралық шешім халықты ашар-шылыққа ұрын-дырып, үлкен жұтқа ұласқан

бұл кезде қазақтар өз жерінде азшылыққа ұшырап, ел бастар көсемінсіз, Одақтың құрамындағы «кіші іні» қамытына толық мойынсұнды. Қарсы бас көтергендерді қансыратып, күшіне мінген кеңестік жаза-лау машинасы осы кезде әр түрлі бағыттағы «ағартушылық» жұмыстарды да қатар жүргізді. Өндіріс пен ауыл шаруашылығы, білім беру мен медицина салалары қалыптасып, дами бастады. Бұл кезеңді қазақ даласындағы қазақ халқының санасына рухани сілкініс жасаған ерекше кез десек қателеспейміз. Ол жайлы филология ғылымдарының докторы, Тұрсынбек Кәкішұлы: «Голощекин тұсында алапат аштыққа ұшырап, халқымыздың жартысына жуығынан өлідей – бір, тірідей – екі айырылып қалған халықпыз. Арып-ашқан халықтың еңсесін тіктеу, рухын көтеру Голощекиннен кейінгі басшының мойнына жүктелді... Халық материалдық жағынан түрлі қиыншылықтарға ұшырап жатса да, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, өнерін Одақ көлемінде насихаттау – рухани бай ел екенімізді паш етті», [1] – дейді. Академиктің бұл айтып отырғаны, 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақтың әдебиеті мен өнерінің онкүндігі.

«Онкүндік» немесе «декада» деп атап кеткен қазақтың құлағына ерекше жылы тиетін сөздің астарында жатқан қисапсыз жасалынатын іс-шаралардың шығу тарихын шолатын болсақ, сонау өткен ғасырдың 30-жылдарының ортасына сапар шегеміз. Ұлттар көсемі И.В.Сталиннің Тәжікстан мен Түркменстан еңбекшілері мен партия активі алдында 1935 жылы 4 желтоқсандағы баяндамасында: «...есть одна вещь, более ценная, чем хлопок, – это дружба народов нашей страны... что не должно быть отныне ни господствующих, ни подчиненных народов, что народы должны быть равными и свободными» [2]. «Правда» газетінің 6 желтоқсанында жарияланған бұл мақаладан кейін Кремльге алыс аймақтардан келетін қонақтар саны мен қатары көбейіп олардың қатарында өнерпаз, әдебиетші, артистер секілді шығармашылы тұлғалармен толыға түседі. Әр республиканың Одақ басшылары алдында өздерінің жетістіктерімен көрініп қалуды мақсат тұту идеясы пісіп-жетіле келе, одақтас республикалардың өнері мен мәдениетінің жетістіктерін көрсететін онкүндіктерге ұласады. 1936-1960 жылдар аралығында Мәскеу қаласында 35 ұлттық әдебиет пен өнердің онкүндіктері өтеді. Одан кейін бұл іс-шара республикалар арасында жалғасын табады.

Алғашқы декаданы 1936 жылы наурызда Украина өнерпаздары бастады. Үлкен шығармашылық құрамда, қалыптасқан драма, опера театрлары, ұлт аспаптар, симфониялық оркестрлері, хор ұжымы мен жекелеген әнші-актерлері бар көп санды өнер шеберлері Мәскеу төрінде онкүндікті дүрілдете өткізіп, кезекте тұрғандарға жоғары деңгейлі межені сызып беріп кетеді. Діні мен тілі қоян-қолтық қатар күй кешкен украиндарды жылы қабылдаған мәскеуліктер сайын далада мал соңындағы қазақтардан қандай да бір ерекше таңғалдырарлықтай өнер күтпегені анық.

Осы тарихи іс-шараны дайындау, өткізуге байланысты құжаттар сөйлегенде біздің көз алдымызға сол кездегі ерекше сезім, қызу да қатал ырғақта жұмыс істеген аға буын ел ағаларынан бастап, қатардағы өнер-паздардың жұмыс кестесі, уақыт тынысы, адамдардың лүпілдеген жүрек соғысына дейін сезіліп тұрады. Орталық мұрағат қорында сақталған құжаттардан Қазақстан Жазушылар

одағының басқарма төрағасы Ғаббас Тоғжановтың республиканың Ағарту комиссары Темірбек Жүргеновке және Одақ басқармасына жазған хатына көз салсақ көп нәрсеге қанығамыз: «...Декаднику придается в Москве большое значение. Очевидно, учитывается опыт Украины. Теперь наша задача организовать подготовку к декаднику так, чтобы декадник, как по линии нашего театрального искусства, так и литературы прошел под знаком показа основных достижений казахского искусства, достойного, заслуживающего внимания всей советской общественности...» дей келе ол өзінің ұсыныстарын да айтады: «... Учитывая все эти настроения и взгляды, нам надо организовать декадник образцово. Возможности есть, все зависит от нас самих. Кроме двух постановок («Кыз-Жибек» и «Жалбыр») дать два больших концерта, один в Большом театре и другой в парке культуры и отдыха. На этот концерт привести все лучшие силы казахского искусства (Музтеатр, филармония, драмтеатр и т. д.). Нам надо теперь же разрешить вопрос о программе концерта. Хор обязателен. Причем хор должен быть мощный и интересный. На концертах должны показать отдельные интересные акты из наших музыкальных и драматических пьес (скажем из «Айман-Шолпан», «Шуги»). Это обдумайте и разрешите сами на месте... Концерт должен быть веселым и разнообразным. Национальный оркестр должен демонстрировать самые лучшие кюи и песни. Надо привезти двух или трех народных акынов-импровизаторов. В Москве хотят услышать наших народных акынов. Все спрашивают Маймбета. По моему мнению, надо привезти Маймбета и Ису Байзакова. Их тексты выступлений и переводов надо организовать заранее. Они будут иметь большой успех. Для москвичей это оригинально и интересно...» [3,...] - дейді. Сөйтіп, концерттің көңілді әрі әр алуан болуына күш салынады. Ұлттық оркестр ғажап күйлер мен әндерді әуелетуге тиіс болады. Халықтың импровизатор ақындардың өнерін көрсетуге көңіл бөлінеді. Төлтума өнердің даралығы, қызықтылығы, өзгешелігі алдыңғы планға шығады. Онкүндік бағдарламасы жасалынып, қайталанбас қазақ өнері мен мәдениеті жайлы үлкен ағартушылық жұмыстар жүргізуге тура келеді. Астана халқы мен зиялы қауым өкілдеріне қазақтың өнері мен мәдениетінің тамыры тереңнен келе жатқанына, орындаушылық күштерінің мол екендігіне, халықтың келешегінен үлкен мәдени жетістіктер күтуге болатынына көздерін жеткізетін қадамдар жасалады.

Онкүндікке дайындықты ұйымдастыру мен өткізу үшін құрамында Жұбанов, Тоғжанов, Қадырбаев, Байбосынов, Өтекин, Ненашев бар арнайы комиссия құрылады. Бәріне жетікшілік жасаған Ағарту комиссары Темірбек Жүргенов негізгі жауапкершілікті мойымай көтереді. Оның қайтпас қажыр-қайраты мен зор ұйымдастырушылық қабілетіне қарсы тұрар қамал жоқтай, бар мәселе рет-ретімен театр залында, шеберханада, сахна кеңістігінде шешімін тауып жатты. Осы кезең жайлы Қанабек Байсейітов: «Дайындық басы кеңесуден басталды. Кеңестен кеңес көре жүріп дәл осы жолғыдай кеңесті өз басым оған дейін де, одан кейін де көргенім жоқ. Екі жұма кеңестік. Кеңесіміз кәдімгі жиналыс. Сөйлейміз, таласамыз, дәлелдейміз. Күн сайын сол, демалыс күн дегеніміз жоқ. Және кей күндері таңғы тоғыздан түнгі он екіге дейін отырып қаламыз, тамақ ішудің өзін ұмытып кетеміз» [4, 110 б.] – деп еске алады. «Күлтөбенің басында күнде жиын» болғанымен бұл жиында қаралатын

шығармашылық мәселелер, айтыс-тартыстардан туындайтын тұжырымдар ортақ істің көркемдік сапасын жақсартуға, қалайда қазақ деген халықтың өнері мен мәдениетін астана жұртшылығына апарып ұялмай көрсетеміз деген ортақ іске барын сала кіріскен ұлт өнерінің қарлығаштарының жанкешті еңбегі болатын.

Өзара «кіші құрылтай» деп атап кеткен арнайы құрылған комиссия декадаға байланысты театрда туындаған мәселелерді күнделікті қарап, дайындық барысын жіті қадағалап отырған. Алдымен өнер айдынында жүріп өткен 8 жылдық тарихы, өнерпаздардың жинақтаған сахналық тәжірибесі бар қазақ драма театры орыс тілді ортаға ұғынықты болатын, ал құрылғанына екі-ақ жыл болғанымен жолы, желісі бөлек қазақ музыкалық театры декаданың негізгі жүгін көтеріп баратыны анықталады. Белді драма театрының актерлері музыкалық спектакльге қатыстырылады. Музыкалық театрдың төңірегіне өзге де декадаға баратын өнерпаздар, әдебиет пен өнер қайраткерлері ұйысып, жаппай дайындық барысы «жалпыұлттық екпінді өнер майданына» айналады. Жас театр репертуарында үлкен табыспен жүріп келген «Айман – Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек», «Жалбыр» спектакльдерінің ішінен декадаға соңғы екеуін таңдайды. Бұл спектакльдердің бәрі де соңғы бірер жыл төңірегінде тұсауы кесіліп, халықтың көңілінен шыққан, осы кездің үздік қойылымдары болатын. «Әлбетте, көптеген қобалжулар мен реніштер де болып жатты. Әуезов және басқа жолдастар Москвада «Айман – Шолпанды» көрсету қажет деп қатты күш салды. Жүргенов бұл ұсынысты қабылдамады. Қойылымның анайы стилі, өзбек билерінің бел алуы, водевильдік жеңіл сюжеті, Көтібарды клоундық тәсілдермен мазақ ету және қойылымның басқа да кінәраттары әлбетте, оны Москвадағы жауапты, салиқалы өнер сарабына апаруды жарамсыз етті» [5, 132 б.] – дейді. Мәскеу жұртшылығына көрсететін қойылымды таңдау мәселесінде идеялық, мазмұндық, тақырыптық мәселелер алдыңғы шепке шығып, қабылданған шешімнің орынды болғандығын көреміз. Қазақтың төл фольклорлық материалы негізінде либреттосын Ғ.Мүсірепов жазған, композитор Е.Брусиловский 70-тен аса ұлттық ән-күйін музыкалық партитурасына негіз еткен «Қыз Жібек» музыкалық спектаклі халықтың тұла бойынан өсіп шыққан төл туындысы десе де болады. Екінші спектакльге келгенде әрине төңкеріс, халықтың ұлт-азаттық күресін баяндайтын, заманауи тақырыпты көтерген Б.Майлиннің либреттосына жазылған Е.Брусиловскийдің «Жалбыр» музыкалық драмасы алынады. Бұл сол кезеңнің саяси бағытын бағамдап, заманауи тақырыпқа жазылған туындыны таңдаған дұрыс шешім болатын.

Мәскеудің Үлкен театры сахнасында өтетін гала концерт Ахмет Жұбанов ұйымдастырған ұлт-аспаптар оркестрі, көпшілік қатысатын хор ұжымы, дәстүрлі ән-күй орындаушыларынан тұратын филармонияның шығармашылық ұжымдары қатысуымен өтетін болды. Қазақстан Жазушылар одағында да декада күндерінде болатын әдеби кештер мен кездесулерді өткізу мәселесі бойынша қызу дайындық жұмыстары басталып кетеді. Жазушылардан онкүндікке белгілі қаламгерлер Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, т.б. баратын болып шешіледі. Олардың қатысуымен Мәскеудегі Кеңес жазушылар үйінде, орталық радиода, өнерпаздар,

жұмысшылар клубтарында болатын кездесулер мен кештер бағдарламалары жасалды.

Үш ай тынымсыз дайындықтан кейін сәуір айының аяғында үкіметтің арнайы комиссиясына декаконцерттік бағдарламасы тапсырылып, әртүрлі көзқарастағы пікірталастардан кейін бағдарлама мақұлданып, әртістер ұзақ сапар алдында тынығуға босатылады. Қанабектің сөзімен айтқанда: «...еңбегіміздің нәтижесін естіген соң барып әбден қалжырап шарша-ғанымызды сездік, болдырдық деуге болады. Жүргенов бәрімізге демалыс берді, бірсыпырамызды он күн демалып қайтуға демалыс үйіне жіберді», [4, 110 б.]– дейді.

Қазақстандық өнерпаздар делегациясы арнайы пойызбен 5 мамырда шығып, Мәскеуге 10 мамырда келеді. Көтеріңкі көңіл күймен, жинақы жеткен делегацияны қарсы алушы ресми топ қатарында перронда астаналық белгілі өнер қайраткерлері мен студенттердің шоқ гүлдермен тұруы ерекше тебіреніске толы сәттер болады. Жол бойы тоқтаған стансаларда қалың нөпір халықтың үлкен ықыласпен күтіп алуы, митингілер, сәттілік тілеген ақжолтай пейілдер, басшылардың, әртістердің берген уәделері мен сендірулеріне жалғасып жатты. Мұндай ыстық ықыласпен қабылдау әртістеріміздің көңілін көтеріп, сенімін молайтып, ел арқалатып жіберген аманатты абыроймен орындауға жігерлендіреді.

Қазақстандықтардың астанаға келе жатқаны туралы «Правда» және «Известия», т.б. газеттер тұрақты жазып тұрады. Астана жұртшылығын қазақ өнерпаздары, ақын-жазушыларының шығармашылығымен таныстыру мақсатында алдын ала дайындалған Т.Жүргеновтің, Ж.Жабаевтың, С.Сейфуллиннің, т.б. өзге де қаламгерлердің мақалалары, әңгімелері мен өлеңдері аударылып жариялана бастайды. Әрине, жас театрдың музыкалық спектакльдеріне көрермендер назарын аударуға алдын ала жасалған таныстырулар алғашқы күннен бастап «Қыз Жібек», «Жалбыр» туындыларына деген қызығушылықты арттырды. Олар ойнаған 17-23 мамыр аралығындағы әр кештен кейін келесі күні газет бетінде жарияланған рецензия, пікір, мақалаларда қазақ театрының беталысы, көркемдік сапасы жайлы мәселелер тұрақты беріліп тұрды. Танымал композиторлар қазақ дәстүрлі музыкасымен жұмыс істеген Е.Брусилковскийдің қазақ музыкалық театрының репертуарын жасақтаудағы іс-тәжірибесін өзге одақтас республикада еңбек етіп жатқан композиторларға үлгі етеді.

Өнердің театр мамандары ұлт театрының әнші-актерлер құрамының орындаушылық шеберлігіне тамсанып, олардың жүріп өткен жолының бүгінгі Еуропа театр актерлері және режиссерлері үшін пайдалы жол болатындығын баса көрсетеді. 20 мамырдағы «Известия» газетінде Н.Изгоевтің «Казахский театр» атты мақаласында: «...Казахи привезли такое искусство, которое близко и понятно не только казахскому народу – оно понятно всем. Кто смотрел казахские спектакли, кто жадно следил за развертыванием театрального действия, кто чутко прислушивался к обаятельному голосу Куляш Байсеитовой в роли «Шелковой девушки» и в роли Хадиши, к своеобразию песен Ержанова в роли певца Шеге («Кыз-Жибек») и Елемеса – брата повстанца Жалбыра. В

протяжных казахских песнях мы слышали голос ковыльных степей» [6] – деген ойларымен бөліседі.

Кеңес Одағының мәдениет істері жөніндегі комитетінің төр-ағасы П.Керженцевтің 1936 жылдың 24 мамырындағы «Правда» газетінде жарияланған «Казахское искусство» атты мақаласында жас театрдың көрсеткен спектакльдеріне жоғары баға береді [7] Декадада көрсетілген спектакльдер, олардың көркемдік сапасы, тақырыбы, жалпы қазақ кәсіби өнер жасау жолы мамандар тарапынан дау туғызбай жылы қабылданады. Жас театрдың ұс-танған бағытының дұрыстығы, репертуар жасаудағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілері негізіндегі ізденістері жалпы Кеңес республикаларының театрларына үлгі болар нәтиже көрсеткендігі сөз болды.

23 мамырдағы Үлкен театр сахнасындағы қорытынды концерт Ахмет Жұбанов жетекшілігіндегі КазЦИК (кейінгі Құрманғазы атындағы) оркестрінің орындауындағы күйлермен басталады. Ұлт-аспаптардан құралған ұжымдық оркестрдің орындауындағы мәдениет қазақтың аспаптық өнерінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетті. Оркестрдің сүйемелдеуімен ән-шілер Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Бісмілла Балабеков, биші Шара Жиенқұлова, Елубай Өмірзақов, т.б. лирикалық, тұрмыстық, батырлық, сатиралық бағыттағы халық әндері мен билерді орындайды. Бірінші бөлімді елімізде жаңадан бой көтерген би училищесінің балетмейстері А.Александров жетекшілігіндегі өнерпаздар қорытындылайды. Олардың орын-дауындағы классикалық балеттен үзінді барша көрерменді таңғалдырып, ерекше есте сақталған. Ол жайлы Қ.Байсейітов: «Мәскеуліктерге айрықша әсер еткен бір номер хореография мектебі оқу-шыларының биі болды, қазіргі тілмен айтқанда, ол бір сенсация болып еді. Кіл өңкей сегіз-тоғыз жастағы қазақтың ұл-қыздары, барлығы 24 бала П.И.Чайковскийдің «Ұйқыдағы аруынан» вальс биледі. Залдағы жұрттың сондағы сезім әсерін сөз-бен айтып жеткізу мүмкін емес. Бізден ондайды күтпеген ғой олар, мәдениеті мешеу дамыған халықтан дәл осындай жасөспірімдердің өнерін көрсете қояр деп ойламаған да болулары керек, біздің бүлдір-шіндердің биге шыққаны, би болғанда Чайковскийге билегені шынында да олар үшін күтпеген керемет болды» [4, 124-б.] – дейді. «Правда» газетінің 24 мамырдағы санында осы концерттік бағдарламаның балалар билеген концерттік нөмірі екінші бөлімнің басында қайталап орындалғаны жайлы жазады[7].

Концерттің екінші бөлімі тұтас-тай қазақ тұрмысы мен салт-дәстүрін ашып көрсететін, ойын-сауығы мен ән-күйінің жарқын көріністеріне негізделген нөмірлерден құралады. Сахнада халықтың келін түсіру, қыз ұзату, жар-жар, ақындар айтысы секілді салт-дәстүрлерімен бірге ортеке, серкекұлақ, ақсүйек ойындарын талантты орындаушылар бар қырынан жарқыратып көрсетті. Айтыспен суырыпсалмалық өнердің хас шеберлері Жамбыл, Нұрпейіс, Орынбай, Кенен, Нұрлыбек, Нартай, Доскей секілді сөзден түйін түйген ақындар легі сахнаға шығып мәс-кеулік тыңдарманды өздерінің шебер-ліктерімен, дәстүрлі айтыс өнерінің ерекшеліктерімен тәнті етеді. Концерттің финалдық сахнасында онкүндікке қатысушылардың хоры, барлық қазақстандық делегация мүшелері ортаға қарт Жам-былды қаумалап алып сах-наға шығады. Жалпы, қазақ хал-қының өмірі мен тұрмысын сан қы-рынан көрсеткен бұл концерттік

бағдарлама жоғары деңгейде өтіп, орындаушы әртістеріміз Мәскеу көрер-мендерінің ыстық ықыласына бөленеді.

Театр фойесінде қазақтың өткен тарихымен бірге, бүгінгі тыныс-тіршілігінен, рухани эстетикалық талғамынан хабар беретін арнайы жасалған көрме жұмыс іс-тейді. Көрмеде қазақ өмірі мен тұрмыс-тіршілігінде қолданыста болған бұйымдар кеңінен таныс-тырылып, киіз үйдің жасаулары, киіз, алаша, кілем, ыдыс-аяқ пен қолөнер бұйымдары, қыздар мен келіншектердің киім үлгілерін Қазақстанның екпінді құрылыс алаңдары, ауыл шаруашылығының жетістіктері, қазба байлықтары, көрікті табиғат көріністері, бейнелеу өнеріндегі көшпенді қазақ тұрмысын суреттеген Н.Хлудовтың кескіндемелерінен тұратын экспонаттар қойылды. Білім, ағарту саласындағы жетістіктер жаңадан шыққан баспа өнімдері, кітаптар арқылы көрініс табады.

Алып шаһар – Мәскеудегі күндер күтпеген қызықтарға, тосын күлкілі жайттарға толы болатын. Бұл туралы Құрманбек, Қанабек, Шара, Брусиловский секілді т.б. куәгерлердің жазбаларында жақсы айтылады. Бірақ, біразы қазақы әдеп сақтап көп жайтты толық бермейді. Сапардың жекеленген детальдарына ұқыптылық көрсеткен Е.Брусиловскийдің жазбалары біз үшін аса құнды. Жоғарыда келтірген Ғ.Тоғжановтың арнайы хатындағы: «В Москве хотят слышать наших народных акынов. Все спрашивают Маймбета. По моему мнению, надо привезти Маймбета и Ису Байзакова» [3] -деген ұсыныс бойынша, бүкіл Қазақстан бойынша сұрау салып, сабылып Мәйімбетті іздеуі, күлкілі де қызықты жәйлерге толы детективті шығарманың фабуласын еске салады. Ақын П.Кузнецовтың аудармасымен «Асанқайғы жайында жыр», «Жерұйық туралы аңыз-ертегі» [5]- секілді керемет жыр-дастан, поэмаларымен кеңінен таныла бастаған жырау, суырыпсалма ақын Мәйімбет керек кезде ұшты-күйлі жоқ, таптырмайды. Осы мәселе бойынша ұйымдастыру комиссиясы арнайы мәжіліс құрып, ақылдаса келе Мәйімбеттің орнына басқа біреуді таңдау керек деген шешімге келеді. Сол жолы таңдап алынған 90-ды алқымдаған Жамбыл Жабаев атамыздың есімі бүкіл одаққа талантымен танылып, жұлдызы жарқырай жанған сәті де осы декадамен байланысты.

Екінші бір қызықты сәт, барлық 300 адаммен арнайы пойыз артынып-тартынып, Мәскеудің Қазан вокзалына келуін Е.Брусиловский: «Қазан вокзалына таңертеңгі сағат жеті мезгілінде келдік. Біз салтанатты да қуанышты кездесуге алдын ала әзірлендік, әйелдер жағы жасана киініп, еріндеріне далап жағып, көздерінің айналасын, кірпіктерін бояғыштап, еркектер жағы галстуктерін байлап, сақал мұрттарын қырынып, ал бастықтар сөйлейтін сөздерін қайта бір оқып жаттығып дегендей, бәрі пысықтап жатты.

Пойыз перронға екпіндеген күйі келіп тоқтай қалды. Бүкіл ұжым жапырыла перронға шығып, тым-тырыс тұрып қалды. Қарасақ бізді күтіп тұрған ешкім жоқ... Осы араға келгенде біздің басшыларымыз ұзақ үзілістен кейін барып біздің кездесуіміз таңертеңгі сағат онға белгіленгенін есіне алады, ал біз жеті болмай келіппіз... Осындай сәйкессіздікке көзі жеткеннен кейін станса бастығы біздің пойызымызды қайтадан кері, товар айлағына қарай жөнелтіп жіберді. ...Сағат 10-ға тақағанда қайтадан вагондардағы орын-орнымызға жайғастық. Бізге басқа паравоз берді, содан соң барып салтанатпен Мәскеуге

келдік. Бұл жолы перронда ізгі ниетті, қонақжай, жылы шырайлы адамдар нөпірі қалың екен. Шулы да дулы кездесу болды» [5, 141 б.] – дейді. Мәскеуліктердің Қазақстан делегациясын вокзалдан күтіп алу сәтіндегі түсірілген тамаша кадрлардың астарында осындай тарихи сыр бар.

Үшінші бір жайт, аңызға айналып кеткен жауапты спектакль кезіндегі Қ.Жандарбековтің сомдаған Бекежанына байланысты. «Қыз Жібектің» соңғы актідегі ариясында соңғы нотасын әндете созатын тұста, ешкім күтпеген жерден бар дауысымен есі ауысқан адамдай сақылдап тұрып Гомердің күлкісімен күлуі, бір рет күліп қоймай, екінші шумағында күлкісін қайталап үдете түсуі ешкім күтпеген, түзу өтіп жатқан спектакльді әдейі бұзуға, республика өнерін масқаралауға бекінген «саботаж жасаушы, контраның» төбеден жай түсіргеніндей сәті болатын. Сан саққа жүгіртіліп түрлі нұсқада ел ішіне тарап кеткен осы бір жайтты Құрманбек: «Бекежанның «Сарымойын» әніне құрылған ариясы айтылатын тұс. Жіті қимылдап, атылып шығып, арияны бастап кеттім... Бірақ байқаймын, әлгі «ахауы» түскірді көтере алатын түрім жоқ. Масқара болуға тағы намыс жібермейді. Музыканың ырғағымен «ахаудың» орнына «аха-ха» деп күліп жібердім. Келесі «ахаудың» орнына енді тағы күлу керек. Өйткені, әуелгімен бірдей шықпаса болмайды. Абырой болғанда музыка тоқтамады, залдағылар ештеңе сезген жоқ. Бірақ мен абыржулымын, құрыдым, біттім деп ойладым.

...Ашуланғанда бетіне кісі тура қарап болмайтын Темекен келе: «Спектакльді құртып тындың, елге қайт» [8,] – дейді. Түні бойы қобалжып елге жиналып қоштасуға келген Құрманбекті Т.Жүргенов көңілді қарсы алып таңертеңгілік жаңа газеттің санын ұсынады. Таныса келгенде, қойылым үстіндегі күлкі спектакльдегі ерекше штрихтар ретінде қабылданыпты.

«Декаданың қазақ өнері мен мәдениетінің дамуына тигізген ықпалы қандай болды? Декада қазаққа не берді?» – деген сұрақтарға келгенде, бірнеше мәселені бөліп айта кетуіміз керек. Алдымен, қазақ халқы өзі туралы барлық Кеңес Одағына біріккен көп санды халықтарға төл өнері мен әдебиеті, мәдениеті арқылы танылды. Т.Кәкішұлының «Қазақ әдебиетінде» жариялаған сөзімен айтсақ: «1936 жылғы онкүндік қазақ мәдениетін, Қазақ елін, қазақ халқын әлемге танытудың алғашқы бастамасы еді... Сондықтан да оның тарихтағы рөлі өте зор» [1] - дейді.

Екіншіден, онкүндіктің жоғары деңгейде өтуі орталықтың қазақ мәдениетін дамытуға арнайы үлкен қаржы бөлуіне себеп болды. Өртістердің тұрмыс жағдайын жақсарту үшін Алматыда «Өртістер үйін» салуға (1 млн. сом), опера театрын салуға бұрын бөлінген ақшаға қосымша (2 млн. сом), хореография мектебіне (1,5 млн. сом) қаражат беріледі [9]. Декададан кейін республикада «Ленфильм» киностудиясымен бірге «Амангелді» фильмін түсіру жұмысы қызу басталды. Талантты жас әнші, актерлерімізді Мәскеу, Ленинград театр институттары мен консерваторияларына жіберіп оқытуға, өзге де өнер мен әдебиет саласын дамытуға соны серпілістер туды.

Үшіншіден, декада нәтижесінде республикалық музыкалы театрдың дамуы жаңа қарқын алып, күрделі өзгеріске түсті.

Мәскеудегі қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігі еліміз бен халқымыздың еңсесін көтеріп, рухын жаныған, қазақ атты халықтың болашақ мәдениетіне, тарихына өшпестей із қалдырды. Оны келер ұрпақ жадында мықтап ұстап, көшпелілер өркениетінің кенже баласы – қазақ халқының ірі жеңісі ретінде қабылданды.

Ол – қазақтың кәсіби өнерінің қалыптасып, бүкіл Одаққа талантты ұл-қыздарын таныстырған, аға буын өнерпаздардың жұлдызды сәті.

Ол – қазақ өнері мен мәдениетінің іргетасы кеше қаланбағандығын, бастау көзі әріден, Ұлы даланың ғасырлар қойнауынан келе жатқандығын, ал декадаға қатысушылар сол мәдениет мұхитынан жаңа заман талап еткен өнерді қажетінше алып керегіне жарата алғандығын дәлелдеді.

Ол – өзге ұлт республикаларының қатарында жас ұлттық республиканың нелер ауыр қиындықтардан кейін еңсесін көтеруге мүмкіндігі мол, асыл қазыналы өнері мен мәдениетік әлеуетін көрсете алған жұлдызды шағы.

Ол – қара нардай қажымас Ағарту Халық комиссары Темірбек Қараұлы Жүргеновтың еңбегінің, басшылығы мен ұйымдастыру қабілетінің жарқын көрінісі болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Ғасыр жаңғырығы. // Қазақ әдебиеті. – 2011. – № 28-29 (3245)*
2. *Ковалева Л. Национальные декады в СССР. <http://www.yujanka.kz/news/detail/2169>. Сайтқа кірген уақыты: 17 мамыр 2016ж.*
3. *Каратаева Г. Национальные декады в СССР. – 2010. // Мысль 9.10,*
4. *Байсейітов Қ. Құштар көңіл – Алматы; Жазушы. 1977. 224 б.,*
5. *Брусиловский Е. Дүйім дүлдүлдер. – Алматы: Ана тілі, 1995. – /// б.*
6. *Изгоев Н. Казахский театр. 1936. // «Известия» - 20. 05.*
7. *Керженцев П. Казахское искусство. – 1936. // Правда, 24.05.*
8. *Жандарбеков Қ. Көргендегілерім мен көңілдегілерім. – Алматы: Өнер, 197 /// б.*
9. *Жиенқұлова Ш. Өмірім менің өнерім. – Алматы: Жазушы, 1992. – /// б.*

Бибигуль НУСИПЖАНОВА

Ректор Казахской национальной академии хореографии, профессор

Айгуль САДЫКОВА

*Доцент кафедры История Казахстана и социальные науки
Казахской академии искусств имени Темирбека Жургенова*

НОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КАЗПЕДВУЗЕ - ПЕРВОМ КАЗАХСКОМ ВУЗЕ В ТАШКЕНТЕ

Аннотация

В статье показана история Казпедвуза, к открытию которой приложил много усилий Темирбек Жургенов. Он стал директором Средне-Азиатского государственного Университета, будучи студентом 4 курса.

Особенностью статьи является публикация новых материалов, полученных Национальной академией хореографии Казахстана в рамках Недели науки от спикера из Академии хореографии Узбекистана Кари-Якубовой Е.А.

Андапта

Мақалада Казпедвуздың тарихы көрсетілген және оның ашылуына Темірбек Жүргенов көп күш жұмсаған. Орталық Азия мемлекеттік университетінің 4 курс студенті бола жүріп, Казпедвузға директор болды.

Мақаланың ерекшелігі – Өзбекстан Хореография академиясының спикері Е.А. Кари-Якубова ғылым апталығы аясында Қазақстан Ұлттық хореография академиясына келіп түскен жаңа материалдардың жариялануы.

Annotation

The article shows the history of Kazpedvuz, to the opening of which Temirbek Zhurgenov put a lot of effort. He became the director of the Central Asian State University, being a 4th year student.

A feature of the article is the publication of new materials received by the National Academy of Choreography of Kazakhstan in the framework of the Week of Science from the speaker from the Academy of Choreography of Uzbekistan Kari-Yakubova E.A.

В истории Казахстана XX век - огромный и противоречивый период, за время которого наша отечественная культура прошла сложный и неоднозначный путь. 30-е годы XX в. были временем коренных социально-экономических преобразований в Казахстане, решительных действий в области индустриализации, коллективизации и культурной революции.

История создания первого казахского вуза уходит корнями в прошлое страны, когда ломка сложившегося веками кочевого уклада привела страну к необходимости выбора новых путей развития. Этот выбор активизировал деятельность молодой, только еще складывающейся, интеллигенции в сторону прогрессивного развития экономики, науки и культуры. Ее представители не просто излагали свое видение процессов, формирующих новую экономику и новую культуру, но и плодотворно участвовали в них. Алихан Букейханов, Турар Рыскулов, Сакен Сейфуллин, а также целая плеяда других молодых высокообразованных патриотов взяли на себя задачу создания новой страны. В этом ряду видное место занимал Темирбек Караевич Жүргенов, который в 1926 году, будучи студентом 4 курса, был назначен директором первого казахстанского высшего учебного заведения – Казпедвуз. В этот самый сложный для страны период именно им были заложены основы организации высшего образования, развернута деятельность по культурному строительству, внедрялся опыт коренизации культуры, были заложены основы профессиональных видов искусства.

С установлением советской власти в октябре 1917 года, большевистская партия прекрасно понимала, что для ее упрочения огромную значимость приобретает широкое распространение социалистических идеалов. В связи с этим, на передний план выдвигалась задача создания и развития новой системы образования, которая должна стать приоритетной опорой советской власти в воспитании и перевоспитании людей.

Советская школа изначально строилась на жестко классовых принципах, была нацелена на утверждение коммунистического мировоззрения. В этом отношении важно заметить, что при всей авторитарности и колониальной направленности царского режима все-таки в Туркестане проявлялся плюрализм типов и структуры учебных заведений, наряду с русскими образовательными подразделениями действовали традиционные мектебы и медресе, нацеленные на

духовное и нравственное воспитание личности, освоение молодежью национальных и религиозных духовных ценностей, зарождалась новая перспективная модель национального образования.

Отвечая на вызовы времени, политическое руководство Туркестана с начала 20-х годов заметно усилило внимание к вопросам организации крупных стационарных педагогических учебных заведений, призванных готовить квалифицированные учительские кадры для национальных советских школ республики.

Уже в начале 20-х годов была подготовлена и издана в г.Ташкенте обширная учебная литература: Киргизская (казахская) азбука, Грамматика киргизского (казахского) языка, Методические записи по родному языку А.Байтурсынова, Хрестоматия по чтению и задачник по арифметике – М.Дулатова, Общая география и география Туркестана И.Тохтыбаева, Природоведение, Зоология, Анатомия и физиология – Х.Досмухамедова, Арифметика – С.Ходжанова, Степной календарь – Ф.Галимжанова и др. [1]

В дополнение и развитие постановления СНК от 2 июня 1926 года за №19 СНК КАССР постановил: Казахский Педагогический Институт считать открытым как высшее учебное заведение с 15 августа 1926 года в г.Ташкенте под названием «Казахский высший Педагогический Институт».

Открытие первого ВУЗа Казахстана в г.Ташкенте явилось значительным историческим событием. Этот факт представлялся настолько исторически важным, что его, как событие можно сравнить с фактом образования автономной республики Казахстан. Открытие ВУЗа явилось завершением одного из важнейших мероприятий культурного строительства государства. Огромную важность открытия КазПедВУЗа также подчеркивал и зам.пред.Совнаркома А.Сергазиев, который в своем послании на торжественное открытие ВУЗа в г.Ташкенте, указывал на необходимость получения квалифицированных педагогических кадров для Казахстана.[2]

1. Ташкентский Казахский Педагогический Институт есть высшее Педагогическое учебное заведение, имеющее целью подготовку педагогов для казахских школ семилеток, школ 2-4 ступени и педтехникумов.

2. Институт имеет сельскохозяйственный уклон и 3 специальные отделения а)общественно-экономический; б)естественно-географический; в)физико-математический;

3. Институт находится в непосредственном ведении Наркомпроса КССР по линии Главпрофобра. Реорганизации, а также открытие или закрытие Института производится не иначе, как с разрешения КНКП и секций КЦИК.

4. Продолжительность обучения в Институте – 4 года.

5. Преподавание в Институте ведется на смешенном языке (казахском и русском) и постепенным переходом на казахский язык.

6. Преподавателями в институте могут быть лица, имеющие высшее образование с педагогическим стажем не менее двух лет.

В целом, к августу 1926 года общий список студентов Казпединститута составил 338 человек.[3]. Ректором тогда (15 августа) согласно приказу

Казнаркомпроса был назначен известный государственный и общественный деятель - Темирбек Жургуенов, его заместителем – Х.Досмухамедов.

Народный комиссариат по просвещению

13/07/1926 г. № 9171

Ташпединститут

Копия Казпредставительству в г.Ташкенте по вопросу об увольнении с должности тов.Сарсенова и назначении Т.Жургуенова.

Согласно приказу по Казнаркомпросу № 91/1 тов.Сарсенов увольняется с занимаемой должности ректора Института с 15 августа 1926 года и на это место назначается тов.Жургуенов.

Сообщая об изложенном, предлагается тов.Сарсену к означенному сроку сдать все дела и имущество института тов.Жургуенову по установленной форме и акт о сдаче по представленной форме и акт представить в Наркомпрос.

Верно Завсоцпрофобро подпись Каипов

Секретарь _____ подпись [4]

О проблемах становления Казпедвуза Т.Жургуенов писал в 1926 году:

Задача, поставленная Советской властью перед трудящимися казахами, заключается в том, чтобы коренизировать мировую культуру, коренизировать в том смысле, чтобы она была общемировой не только по содержанию, но понятной, усваиваемой на своем коренном языке для казахов. Отсюда вытекают следующие группы вопросов, необходимых к разрешению партии и правительства СССР для достижения этой, упомянутой выше в области культуры цели.

Первая группа вопросов относится прежде всего к овладению руководством государством.

Вторая группа вопросов, стоявших перед трудящимися казахами после организации и захвата власти, заключалась в организации национальной территории казахов.

Третья группа вопросов связана с основной задачей нашей революции. Этой задачей является сооружение социалистического строительства в КССР.

Социализм для казахов прежде всего означает национальную победу на культурном фронте. Трудящиеся казахи, приобщенные к мировой культуре на своем родном языке, могут с полной гордостью ликовать, как на торжестве первой победы социализма в нашей стране.

Теперь, когда Советский Союз в целом встал на путь непосредственного строительства социализма, оставив позади своего бытия, так называемые организационные и восстановительные периоды, Советский Казахстан, тоже переживший периоды государственного оформления не может не столкнуться с вопросами упомянутого порядка. В этих делах мы в первую очередь должны создать школы, учебные заведения на казахском языке. Имеющиеся до сих пор учебные заведения расположены далеко от аула. Поэтому кроме коренизации науки по форме, мы должны приблизить ее к гуще населения – казахскому аулу.

Задача Педвуза заключается в том, чтобы вырастить и подготовить лиц из среды самого казахского населения, подготовить высококвалифицированных

педагогов, являющихся носителями культуры в аул. Эти, подготовленные в национальном вузе педагоги, в свою очередь должны быть первыми учеными из среды казахов. Казахский Ломоносов, по моему мнению, выйдет из этого нашего первого национального Педвуза.

Наш Педвуз, будучи единственным научным учреждением, не может вместиться в положенные для обычных Педвузов РСФСР рамки, а должен изучать педагогику применительно для всех краеведческих особенностей КССР. Вот в этом смысле наш новоорганизуемый вуз должен быть в свою очередь по силе и возможности научно-учебным учреждением, способным овладеть знанием, необходимым для столь разнообразных потребностей нашего края.[5]

В 1927-1928 году ректором Казпединститута стал С.Садуакасов, позже видный литератор и педагог С.Сейфуллин. Здесь состоял также преподавателем казахской и русской литературы в будущем известный писатель Мухтар Ауэзов. Вместе с ними работали и многие другие видные представители казахской творческой интеллигенции.

В 1928 году Казахский педагогический институт был переведен из г.Ташкента в г.Алма-Ату и стал называться КазПИ –Казахский педагогический институт.

Поиск новых материалов о Казпедвузе продолжается.

2023 год, объявленный международной организацией Тюркской Годом Темирбека Жургенова, ознаменовался проведением значимых мероприятий о жизни и деятельности Жургенова в организациях культуры и искусства.

10 апреля 2023 года международная конференция и круглый стол, посвященные 125 летию Жургенова, состоялись в Национальной казахской академии хореографии (Астана), в которой приняла участие преподаватель кафедры «История и теория искусства» Государственной академии хореографии (Ташкент, Узбекистан) Кари-Якубова Е.А.с презентацией ранее неизвестных фото с изображением Жургенова и здания Казпедвуза. Эти фото Елена Анатольевна отыскала в домашнем архиве, который остался от родителей и деда с бабушкой, служивших всю жизнь искусству в театре Узбекистана. Оригиналы фотографий были подарены академии хореографии.

Исследователям предстоит кропотливое рассмотрение фотографий и выявление - узнавание лиц на фото. История Казпедвуза напрямую связана с именем Темирбека Жургенова и позволяет нам углубиться в те годы, когда он как кризисный менеджер, откликнулся на потребности своей родины в квалифицированных педагогах, организовав и возглавив первый казахский вуз в Ташкенте. Эти материалы уточняют историю и могут явиться толчком к поиску архивных источников в Узбекистане и Москве.







Артист Кари-Якубов



Список литературы

1. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. Ч.1,2. Сборник док. и мат., Шымкент, 2004.
2. Там же
3. Тилеукулов Г., Тилеукулова Г. Из истории казахского педагогического института в Ташкенте. Алматы, 2005., стр. 75.
4. Первый казахский институт в Ташкенте. Сборник док. и материалов., Ташкент, 2005, с.98
5. Жургенов Т. Год работы Казпедвуза. - Имангалиев Б. Темирбек Жургенов. Алматы, 2001

Дәурен МҰХАМЕДЖАНОВ,

*Халықаралық білім беру корпорациясы
Сәулет факультетінің PhD докторанты*

Балжан ТУЛЕКОВА,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультетінің магистранты*

ҚАЗАҚСТАН СӘУЛЕТ ӨНЕРІ МҰРАСЫН САҚТАП, ДАМЫТУДАҒЫ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТЫҢ РӨЛІ

Түйіндеме: Бұл мақалада ұлт қайраткері Темірбек Жүргеновтың Қазақстан сәулет өнері мұрасын сақтап, дамытудағы рөлі сараланады. Оның Қазақ АССР Халық ағарту комиссары болып тұрғанда оқу-ағарту, ғылым, мәдениет, өнер салаларына қатысты

ғимараттардың салынуына қосқан үлесі жайлы мәлімет беріледі. Сонымен қатар мысал ретінде Қожя Ахмет Ясауи кесенесінің сақталуы мен Абай атындағы Опера және балет театрының құрылысына сіңірген еңбегі сараланады.

Резюме: В данной статье дифференцируется роль народного деятеля Темирбека Жургенова в сохранении и развитии архитектурного наследия Казахстана. Приводятся сведения о его вкладе в строительство зданий, связанных с образованием, наукой, культурой и искусством за время его пребывания на посту Уполномоченного народного образования Казахской АССР. Кроме того, выделяются сохранение мавзолея Ходжи Ахмета Ясауи и строительство Театра оперы и балета имени Абая.

Summary: This article differentiates the role of national figure Temirbek Zhurgenov in the preservation and development of the architectural heritage of Kazakhstan. Information is provided about his contribution to the construction of buildings related to education, science, culture and art during his tenure as Commissioner of Public Education of the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic. In addition, the preservation of the mausoleum of Khoja Akhmet Yasawi and the construction of the Abai Opera and Ballet Theater are highlighted.

Кілт сөздер: сәулет, дизайн, мәдениет, өнер, Темірбек Жүргенов, Қожя Ахмет Ясауи кесенесі, Опера және балет театры

Ключевые слова: архитектура, дизайн, культура, искусство, Темирбек Жургенов, Мавзолей Ходжи Ахмета Ясауи, Театр оперы и балета.

Keywords: architecture, design, culture, art, Temirbek Zhurgenov, Mausoleum of Khoja Akhmet Yasawi, Opera and Ballet Theater.

Қазақстан қазір тәуелсіздіктің 33 жылына аяқ басты. Осы аз ғана уақыт ішінде еліміздің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген қазақ қайтаркерлерінің еңбегін біздің ел әлі толық зерттеп, зерделеп біткен жоқ.

Тәуелсіз Қазақ елінің екінші Президенті Қ.К. Тоқаев өз бастамасымен өткен отыз жылда тасада қалған тұлғалардың еңбектеріне ерекше мән беріп, олардың тиісті деңгейде бағалануына пәрмен бергені есімізде. Қазіргі кезде Қазақстан жаңа тарихи кезеңге - екінші отыз жылдыққа аяқ басты. Осы ретте Президенттің жарлықтарымен жүргізіліп жатқан ауқымды реформалар, қоғамымыздың әр саласындағы қайта құрулар қоғамдық сананың озық жаңғыруымен тікелей байланысты. Оның басым бағыттарының бірі бүгінгі күн ғылым тұрғысынан отандық тарихты түсіну, осы үдерістегі тұлғаның рөлін түсініп, анықтау.

Біз тұрақты дамып, келешекке бағдар жасау үшін өткен тарихымызға шолу жасап, одан керегімізді іздеп тауып, талдап, сараптама жасау уақыт талабы деп білеміз. Тарих қайталанып отырады дейді білетіндер. Қазіргідей өлара шақта бұрынғылар қандай әрекет жасады? Сол кездегі билік басында болған тарихи тұлғалар еліміздегі сәулеттік нысандарды сақтап, дамытуда нақты қандай шаралар қолданды деген сауалдарға жауап іздейтін боламыз.

Осы ретте бұдан жүз жылдан астам уақыт бұрын қалыптасқан жеке бай ресурсы бар тұлға, жан-жақты білімі бар дағдарыс менеджері, басқарушылық және ғылыми салаларда мол тәжірибесі бар, Орта Азия елдеріндегі мәдениет пен өнерді ұйымдастырушы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің Қазақстан сәулет өнері мұрасын сақтап, дамытудағы рөлі қаншалықты екендігін саралап көрмекпіз.

Қазақтың бетке ұстар даңқты ұлы Темірбек Қараұлы Жүргенов (1898-1938) аз ғана ғұмырында үш елдің, атап айтқанда Орта Азия орталық комитеті

БКП/б/ бюросының шешімімен Тәжікстанның қаржы жөніндегі комиссары (1929-30), Өзбекстанның (1931-33) және Қазақстанның (1933-37) оқу ағарту халық комиссары болып қызмет етті.

Біздер архивтегі және Ұлттық кітапханадағы мұрағаттарды ақтарып, зерттеп көргенде тарих үшін аз уақыт аралығында Т. Жүргенов қайраткер тұлға ретінде елі үшін, туған халқы үшін, оның білім-ғылымы, мәдениеті мен өнері үшін бүгінгі күн көзқарасынан қарағанда айрықша еңбек сіңіргеніне көзіміз жетіп отыр.

1930-33 жылдары Қазақстанда қолдан ұйымдастырлған ашаршылықтан есеңгіреп, түгелдей қырылып қала жаздаған халықты алдағы жаңа өмірге бастайтын әрі елді біріктіретін жалпыхалықтық идея керек еді.

Ол идеяны ойластырып, жүзеге асыратын Темірбек Жүргеновтен артық тұлға ол кезде болмаған-ды. Сондықтан да Крайком хатшысы Л.Мирзоян оны Өзбекстандағы қызметінен арнайы әкеліп Қазақ АССР Халық ағарту комиссары етіп тағайындайды.

Оны шын мәнінде Советтік Қазақстанның алғашқы идеологі десек қателеспеспіз. Себебі сол кездегі халқымыздың қиын жағдайына қарамастан ол батыл түрде шешімдер қабылдап, оқу-ағарту, ғылым, мәдениет пен өнердің тез арада қарыштап дамуына себепкер болды. Сол үдеден шыға білген Жүргенов өзінің жанына барша көзі ашық, көкірегі ояу ғылым, білім саласындағы дарынды азаматтар мен сол уақыттағы мәдени интеллигенция өкілдерін жұмылдыра білді. Солар арқылы қоғамның барлық саласына тез арада қозғау салатын стратегиялық жоспарды кіршіксіз жүзеге асыра білді деуге толық негіз бар.

Еліміздегі жалпы ағарту саласына сіңірген еңбегі ұшан теңіз қайраткер осы арқылы Қазақстанның сәулет өнерінің дамуына да айрықша үлес қосты деуге болады.

Бұған дәлел ретінде айтар болсақ, ағартушы-реформатор Жүргенов 1933-1937 жылдар аралығында республика бойынша жергілікті жердің ығайына сай келетін 400 мектеп салдырды [1, 5 б.]. Қарасаңыз елдің халі мүшкіл кездің өзінде әр жылда түрлі сәулеттік дизайндағы жүз мектептен салдырған.

Мемлекет есебінен 3000-дай, колхоздар қаржысымен 1000-дай мектеп салынды. Бір Алматының өзінде 18 мектеп іске қосылған. Жүргенов өзі мектеп құрылысының басы-қасында жүрді. Естеліктердің бірінде айтылғандай, Сәкен Сейфуллин таңертең серуендеуге шыққанда ылғи құрылыс басынан Темірбекті көріп, жұмыстың қызу қарқын алғанына сүйсінеді екен. Ол Темірбекті «Жұмыскер Нарком» деп атапты [2, 6 б.].

Сонымен қатар, Жүргенов Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін кеңейтуге де үлкен көңіл бөлді. Бұрын ашылған қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті мен С.Асфандияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің базалары нығайтылды [2, 7 б.].

1934 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінің қабырғасы қаланды. Одан бөлек Қазақстанның 8 облысында екі жылдық мұғалімдер даярлайтын 8 институттың (Алматы, Орал, Ақтөбе, Қарағанды, Петропавл,




Фото №1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Түркістан қаласы. Фотосурет XVIII соңында түсірілген [6]. Авторы белгісіз.

Ғылыми мәні зор осындай құнды ескерткішті сақтаудың маңыздылығын ескере отырып, 1934 жылы Халық ағарту комиссариаты КСРО-дағы тарихи ескерткіштерді қалпына келтірумен айналысатын Ленинградтық материалдық мәдениет академиясына Түркістан кесенесін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының сметасын жасауға, сондай-ақ бұл жұмысты өздерінің қадағалауына алуын сұрап жүгінді.

Академия сметалық құжатын жасап, жұмысты 1935 жылғы өндірістік жоспарына енгізді және жұмысты басқару үшін бір тәжірибелі сәулетші тағайындады. Осы жылдың наурыз айында НарКомПрос осы мақсатта 222. 401 рубль мөлшерінде облыстық бюджеттен босату туралы КСНК-ге арнайы өтінішпен кірді, бірақ мәселе әлі шешілген жоқ. Ал, уақыт болса зулап өтіп жатыр, Академия жоспардың орындалмауына алаңдап, телеграф арқылы қаражаттың қашан бөлінетінін сұрап отыр.

КрайКомнан СовНарКомның қаражатты шығаруын тездету үшін шаралар қабылдауды сұраймын.

Смета екі нұсқадан тұрады: үлкені 222.40 рубль, онда барлық жұмыс 1935 жылы аяқталады, ал кішісі 122.921 рубль 1935 жылғы жұмыс үшін, онда жұмыстың бір бөлігі келесі жылға жылжытылып, 1936 жылы қосымша 100 000 рубль бөлу көзделеді.

ҚазАССР Халық ағарту комиссары Жүргенов» [3].

Оған жауап ретінде Қазақ АССРі халық комиссарлары кеңесі отырысының №17 хаттамасының №8 анықтамасын ұсынайық. Онда былай жазылған екен:

«№8 ТЫҢДАЛДЫ. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мешіт-кесенесін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландыру туралы. (НК Прос баяндамасы).

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мешіт-кесенесінің тарихи құндылығын мойындай отырып, Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Халық ағарту комиссариатына 1936 жылғы бақылау сандарына мешіт-кесенені жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына қажетті соманы енгізу тапсырылсын.» [4].

Осы қаулыдан кейін ескерткішті жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бірақ ол кезде Шығыстық стильде салынған кесенені жөндейтін реставраторлар елімізде болмағандықтан, олар Ташкент қаласынан шақыртылды. Оған Темірбек Жүргеновтың ол жақта да ағарту ісінде қызмет еткені өз септігін тигізді.



*Фото №2,3: Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртқы көріністері,
Түркістан қаласы, 2016 жыл.
Фото авторы: Дәурен Мақсұтханұлы*

Қазіргі дүниежүзінің мәдениет және өнер қайраткерлеріне ең танымал ғимараттың бірі әрі бірегейі - Абай атындағы Қазақ Ұлттық опера және балет театры ғимаратының салынуына атсалысқан азаматтардың бірі де осы Темірбек Жүргенов.

1934 жылы 13 қаңтарда негізі қаланған Музыкалық драма театрының (қазіргі Опера және балет театры басында осылай аталған) жаңа арнайы ғимаратының салынуының өзі бір ерекше оқиға. Бұл жөнінде архивте мынадай құжат сақталыпты, 1934 жылғы №339 хаттама. Осы хаттаманың 4 пунктінде көрсетілгендей Бүкілодақтық коммунистік (большевик) партия ҚазАймКом хатшылығының сауалнамасы негізінде 07.01.1934 ж. шығарылған құпия шешімі нәтижесінде Ұлттық театрдың құрылысын жүргізу жөніндегі комитеттің төраға орынбасарының бірі Темірбек Жүргенов болған [5]. Ол кезде де белгілі бір мемлекеттік маңызы бар істерді ың-шыңсыз жүзеге асыру үшін осындай құпия құжат әзірлеп соның аясында істі даурықтырмай жүргізу тәжірибесі болғанын көреміз.

Темірбек сыртта жүрсе де елімізге қатысты ақпараттардан үнемі құлағдар болып жүрген сияқты. Олай деуімізге себеп болған мына жайтқа назар аудартқымыз келеді. Алматы қаласында келешекте опера және балет театры салынатындығы жайлы мәліметті ол жиырмамыншы жылдардың соңында-ақ біліп, сол ақпаратқа Тәжікстанда жүрсе де қанық болғандай.

Себебі өзі Қазақстанға басшылыққа келе салысымен негізгі мәдениет пен өнер ошақтарын салуға бірден құлшына кірісуі соны айғақтайды. Соның бірі осы Опера театрының құрылысы еді. Опера театрына жаңа үй салу идеясын көтерген Жүргенов Қырымға кезекті еңбек демалысына барған сапарында Одессаның жаңадан ашылған опера және балет театрымен танысып, тиісті адамдармен сөйлесіп, ғимараттың сурет, эскиз, сызбаларын, құрылысқа қажетті түрлі құжаттарын алып қайтады [2, 230 б.].

Жан-жақтағы шығармашылық адамдармен байланысы бар Темірбек Мәскеуден Алматыға жер аударылған дарынды сәулетші Николай Алексеевич Кругловпен (1883-1938) жақынырақ танысып, болашақ театр ғимараты жайлы жинаған материалдарын астыртын әкеліп беріп ақылдасып, оған театрдың қалай болуы керектігін нақтылаған болуы мүмкін. Себебі жер аударылған Николай Круглов 1929 жылы Мәскеуде өткен Алматыдағы болашақ опера және балет театры ғимараты жобасына арналған Бүкілодақтық шығармашылық байқауға қатысады. Қатысып қана қоймай, оның ұсынған жобасы ең үздік деп танылады.

Бірақ бұл жігіттің де қуанышы ұзаққа созылмайды, «халық жауы» ретінде 1937 жылы 27 сәуірде жазаға тартылып, Сібірге бес жылға жер аударылып, сол жақта 1938 жылы абақтыда ауырып қайтыс болады [7].

Қашанда кез келген құрылысты бастамас бұрын оның орналасатын орны нақтыланып, содан кейін ғана жалпы сәулеттік пішіні мен іші-сыртының безендірілуі сынды ұсақ-түйегіне дейін анықталып бекітіліп, жергілікті биліктің арнайы қаулысы қабылданып барып жүзеге асатыны белгілі.

Темірбек қазақ опера театрына жаңа үй салу мәселесінің күллі ресми жағын реттеп, ең арғысы, ғимарат бой түзер орынға шейін өзі таңдайды. Іргетасының қалана бастауына да қатысады. Бірақ тағдыр оған ғимараттың салынып бітіп, халыққа қызмет етуін көруді жазбады... [2, 230 б.].



Круглов Николай Алексеевич

Фото №4: Сәулетші Николай Алексеевич Круглов. Мәскеу қаласы.

Осылайша сәулетші Николай Кругловтың жобасы бойынша 1936 жылы басталған театр құрылысын Мәскеуден келген тағы бір сәулетші Николай Простаков басшылыққа алып, алматылық сәулетші Төлеу Басеновпен бірге жалғастырып, бес жылдан астам уақытта салып бітіреді. Театр бұл ғимараттағы

жаңа тынысын 1941 жылы 7 қараша күні «Нарғыз» қойылымымен ашты.

Ғимараттың негізгі сәулеттік стилі – италиялық классицизммен үйлескен сталиндік ампир және дәстүрлі ұлттық нақыштармен көмкерілген. Ғимараттың іші мен сыртын безендіруде ұлттық ою-өрнектер молынан пайдаланылғанын анық көруге болады. Бұны жобалаған мәскеулік сәулетшіге қолында билігі бар жүректі бір қазақ ақыл-кеңес бермесе өздігінен мұндай қазақи нақыш бере алмасы анық еді.



Фото №5: Абай атындағы Опера және балет театры. Алматы қаласы.

Бүгінде бұл театрдың 793 көрермен орны бар, іші кірсе-шыққысыз көрікті, Еуразия кеңістігіндегі ең әдемі мәдени ғимараттардың бірегейі.

Олай болса Абай атындағы Қазақ Ұлттық опера және балет театрының ғимаратында да Темірбек Қараұлының қолының «ізі» бар деп айтсақ қателеспеспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т. Жүргеновтың рөлі және рухани мұрасы»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы. – Қызылорда, «Тұмар», 2014 жыл. – 304 бет.

2. Жүргенов Темірбек: Зерттеулер, мақалалар, естеліктер мен арнау, жыр-толғаулар. - Астана: «Сарыарқа», - 2018. – 576 бет.

3. ҚР Президенті архиві, ф. 141. оп. 1. д. 8118. л. 27

4. ҚР Президенті архиві, ф. 141. оп. 1. д. 8118. л. 26

5. ҚР Президенті архиві, ф. 141. оп. 1. д. 6633. л. 111

6. <https://silkadv.com/en/content/istoriya-mavzoleya-ahmeda-yasavi> История мавзолея Ахмеда Ясави

7. <https://vgulage.name/authors/kruglov-nikolaj-alekseevich/> Воспоминание о ГУЛАГе и их авторы

8. Темірбек Жүргенов және XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы мәдени жаңғыру. Құжаттар жинағы / Құраст. Кульшанова А.А., Садыкова А.Е., Нургазина Ж.Е. – Алматы: «Толғанай Т», 2023. – 144 бет.

9. Өзбекәлі және мәдени майдан: Отбасы хрестоматиясы. С.Керімбай, Ә. Нәби. – Алматы: «Отбасы» баспа үйі, - 2023. – 384 бет.

10. Жүргенов Т. Об организации казахского госуниверситета. // Советская степь. – 22.04.1927 г.

11. Жүргенов Темірбек шығармалары. Әдеби–публицистикалық және ғылыми мұралары / Құраст. Б.Иманғалиев. – Алматы: «Ел шежіре», – 2013. – 384 б.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

*Республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының
Бас редакторы, ақын, жазушы*

АЗАТТЫҚ ЕДІ АРМАНЫ

«Қазақ халқының мемлекет болуының өзі бір үлкен мәдениет!»

*Темірбек ЖҮРГЕНОВТИҢ 1935 жылы жазған
«Қазақстандағы мәдениет революциясы» мақаласынан*

Төңкерістің дауылы

Темірше өсті байлық пенен барлықта,
Алтын жамбы тұрды толып сандықта.
Сонда да ұлын оқытпақ боп қамданған,
Жүргенұлы Қара ақсақал шал мықты, ә?!

Темірше өсті барлық пенен байлықта,
Жігерлі ұл боп, байлық атты сай құтқа.
Сол заманда Марксизм қазақты,
Бай, кедей деп тіреді әкеп айрыққа.

Ұлғайды да сол идея, сол айрық,
Тұнған қазақ тіршілігін ылай ғып,
Бір-біріне бітіспейтін жау қылды,
Байды байғұс, ал кедейді құдай ғып.

Түйдектеліп Төңкерістің дауылы,
Соққан кезде қаңбақ болды ауылы.
Қарсы тұрды бәзбір қазақ қару ап,
Болып кетті ал кейбірі тауығы.

Жаймашуақ жайлы өмірі қырын қап,
Көзден бұлбұл ұшты ұйыған шырын бақ.

Ұйпа-тұйпа болып қазақ санасы,
Көксеректей көзін ашты ырылдап.

Темірбектің мұраты

Замананың кері айналып бағдары,
Тайталасқа толып кетті жан-жағы.
Ақ пен қызыл арпалысқан айқаста,
Аз қазақтың арзи ма екен салмағы?

Екі түйе сүйкенсе егер,
жалғанды
шыбын құрлы көрмес,
соны аңғарды.
Жартаспенен тіресерлік күш қайда,
Жас Темірбек қолға білім – шамды алды.

«Енді аз қазақ өзін өзі сақтасын,
Арпалысып алға қарай аттасын!
Өз тілінде оқып-білсе аша алар
Дүниенің өнер-білім қақпасын!» –

Осылай деп, қайраттанды, қайнады,
Тас түйін боп, алған бағыт байламы:
«Ұлттың тілі, қолөнері, ән-жыры –
Көз жасымен қылған өнер қайнары.

Ұлт рухы өнерімен түлейді,
Түлемесе, келер күні үрейлі.
Қазақ жалпы мәдениетке жеткенде,
Жеңе алады ұлтқа төнген дүлейді.

Ал мәдениет – болмасыңа оралу,
Төрт аяғы тең мемлекет боп алу.
Төрт аяғы тең мемлекет болмаса,
Қиын емес, құрдым түбі жоғалу.

Мәдениеттің мектеп болар ұстыны,
Мектептерден лаулайды от ұшқыны.
Әріп танып, сауат ашып мектептен
Өсіп шығар оқуменен күшті ұлы!»

Жазды осылай, ақылы мен кеңесін,
Бұдан артық қайран Темкем, не десін?
Жүз жыл бұрын айтқан сөзі ұран боп,
Тұрғанына дәл қазір де сенесің.

Деді тағы: «Қазақ мықты, ұлт күшті,
Кие қылған бөрідейін жыртқышты.
Рухани мұрасы бар мың жылдық,
дейді бекер «ұстарасыз мұрт түсті».

«Қазақ деген ғаріп жұрт» деп қарғаған,
Өтсін, кетсін үміті өлген зар заман.
Қазақ енді танытады ұлттығын,
Бас көтерген ұлт-ұлысқа сандаған.

Рухы кем ұлт ұлт емес, жойылмақ,
Рухыңды оят, тірілт, сойың тап!
Сонда ғана менменсіген менмендер,
Жол береді елеп сені, мойындап.

Көкіректі келген аппақ жарық қып,
Ән де, күй де, би де – бәрі халықтық!
Өнер ұлттың ұлы екенін танытар,
Алар сосын өз соқпағын салып нық!»

Деп түледі қыран құс боп Темірбек,
– Кірісейік. Кешікпейік, елім! – деп.
Мүмкіндік қой Мәскеудегі онкүндік...
Ол мүмкіндік енді қашан берілмек?

Қазақ жыры Мәскеу төрін жаңғыртты,
Таң қалдырды ұлттың сазы сан жұртты.
Он күн гу-гу айтылыпты әңгіме,
Деген сынды: «Мәскеу маңын шаң қыпты!»

Мәскеу сонда ер қазақты таныды,
Орысқа да түсті өнердің жарығы.
Алып қала алыптарға қол соқты,
Үнсіз қалды бір «екі ұрты қан ұры».

Қазақ дербес ел

Дәл осы Жүргеновтың тұсында... Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды. Республика атануымыздың арқасында 1991 жылы Кеңестер Одағы тарағанда жеке дара мемлекет боп Тәуелсіздігімізді жариялауға мүмкіндік алдық.

Сәби АҢСАТ, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы.

Дауысы жоқ саясат пен сайлауда,
ҚазАССР – көнген баспақ байлауға.
Қыстауына қона алмаған Мәскеусіз,
Кремльсіз көше алмаған жайлауға;

Ел болыппыз, еркін емес, автоном,
Көрсете алмай келдік содан жатқа жон.
Бас көтеріп ерлік қылу тым қиын,
Табылмаса дейтін көсем: «Атқа қон!»

Темірбектей етсең істі ет ерек,
Жетер жерге сонда жылдам жетер ек.
Москваны мойындатып, қазақты
Алып келді азаттыққа жетелеп!

ҚазССР – мүмкіндіктің бастауы,
Елес болған дербестіктің астауы.
Ұлы жеңіс ел атынан биліктің,
Автономия сөзін алып тастауы.

Бір заманда туар деген күн келіп,
Үміт өлмей, қаланыпты ірге нық.
Сондықтан да тұр дей алам кешегі,
Тәуелсіздік бастауында Жүргенов!

НКВД құрығы

«Жан-жағың жау, жатыр ашық айналаң,
Еш дәрмен жоқ, іш қазандай қайнаған.
Әй қазағым, – деп еді ғой Темірбек, –
Әлеуетін СССР-дің пайдалан!»

Талапты жан тілін тапса тас жармақ,
Кетті даңқы Темірбектің аспандап.
Еңіреген елдің рухын оятқан,
Қарауылға тез ілінді қасқалдақ.

Қазағымның қадірменді бір ұлы,
Темірбектей текті тұқым – ұлыны,

Москваның лемитімен тұтқындап,
Түсті бір күн НКВД құрығы.

Қараторғай

«Жүргенов Сырдария әндерінің ғаламат білгірі, маған Хиуа қазақтары әндерінен бағалы мәліметтер барген байыпты жас қазақ – интеллигент!»

А.В.Затаевич

Темірбек әділеттен алыс қалды,
Түрмеде жеті ай бойы жанышталды.
Советтің жауысың деп сұмырайлар,
Тұқыртты алдына әкеп арыстанды.

Айтқанын айтқандайын қылдыра алмай,
Жеңдеттер жұлды шашын жынды жандай.
Жеті айда Жүргеновтың жүнін жығып,
Шаршады сағын, сірә, сындыра алмай.

Жалған сөз жалғыз ауыз айта алмады,
Дүние ер батқандай қайқаңдады.
Сол түні он тоғызын¹ тысқа ап шығып,
Айдауыл «Сапқа тұр!» деп айқайлады.

Түнгі ақпан, қар қылаулап, Ай жанып тұр,
Жүргендей ол да Жерді айналып құр.
Аяғын әрең басқан он тоғыз ер,
Теңселіп тар аулада байланып тұр.

Аппақ қар көз жанарын қарықтырды,
Ойында ел, санасында халық тұрды.
Офицер көтергенде винтовкасын,
Темірбек ататынын анық білді.

Кенет ол жөткірініп, ән бастады,
Тулады толқынданып қан бастағы.
Еңсесін тіктеп алды Құлымбетов,
Ширыққан Темірбектің жалғасты әні.

Сондағы салған әні «Қараторғай»,
Еліме Қараторғай, қара болғай...

¹ Т.Жүргенов, Ұ.Құлымбетов, Н.Сырғабеков, С.Есқараев, И.Молдажанов, Х.Нұрмұхамедов, Ж.Сәдуақасов, А.Досов, И.Құрамысов, С.Сафарбеков, А.Мусин, Х.Қошанбаев, Ж.Сұлтанбеков, А.Кенжин, В.И.Иванов, В.Е.Случак, М.А.Чудочкина, Б.М.Берлина, Л.Н.Михайленко.

Апырай «Қараторғай, ұштың зорға-ай
Бейшара, шырылдайсың жерге қонбай!»

Әннен ол бір ғаламат күш алғандай,
Сілкінді қанат байлап ұшар жандай.
«Қараторғай... бейшара шырылдайсың!»
Көңілде қалып қойған үш армандай!

«Мен деген мәңгілікпін, пәни – бес күн...
Ұластым мәңгілікке, сан үйлестім.
Ән деген ұлттың жаны, елдің күші,
Ол күшті жеңе алмайды әрине ешкім!» –

Дауысы тарғылданып... «...ұштың зорға-ай...»
Жағдайы Қараторғай құстың болмай...
Тағдырға зарым осы дегендейін,
Айтарын әнмен айтты үш күн соңғы-ай!

Жалаң бас, жалаң аяқ, қанаты оңбай,
Дірдектеп тор ішінде сана тоңды-ай!
Түрменің қан сасыған ауласында,
«...Сайрады, таң алдында қараторғай...»

Атылды мылтық сол сәт шұғыл, жаман,
Селк етті әнге ұйыған шырын ғалам.
...Денесі мәңгілікке дамыл тапты,
Ал жаны ұшып шықты, шырылдаған.

Боралдай сайы

*«...Арада елу жыл өткен соң қайран боздағымның топырақ құшқан жерін
Шара Жиенқұлова екеуміз барып көрдік. Ол жер «Боралдай сайы» деп аталады.
Дәмеш ЕРМЕКОВА-ЖҮРГЕНОВА, «Аяулы, адал дос» мақаласынан.*

Боралдай сайы, Боралдай сайы мүлгиді,
Шертеді дәйім қасірет сіңген бір күйді.
Сыңсиды сосын салбырап өскен сәмбі тал,
Сығалап сәмбі талды бір елес жүр дейді.

Біреулер білер, біреулер білмес болғанды,
Тарихта қалған дәл осы жерде сор бар-ды.
Он тоғыз арыс топырақ асты тапталып,
Тұншығып жатыр, шығарып салып жолдарды.

Он тоғыз арыс, асылы елдің, қаймағы,
Сұмырай Залин аяусыз оққа байлады.

Қапқа сап сүйреп, қан-қан қып әкеп тастаған,
Сықырлайды екен сүйектер сонау сайдағы.

Жүргенов соның бірі еді, нақақ атылған,
Текті елдің ұлы, сөзі нық, ісі батылдан.
Бұл да бір тарих дәл сексен бес жыл бұрынғы,
Сол күннен бері бар қайғы мұнда аһ ұрған.

Арылмас мұннан Боралдай атты сай іші,
Өтеді күндер, жылжиды жылдар, ай ұшып.
Көтере алмай он тоғыз арыс сүйегін,
Боралдай сайдың кетіпті белі қайысып.

25.08. – 05.09.2023 жыл

Алтынай ЖЕТПИСБАЕВА,

*Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Медиажурналистика» мамандығы.*

Ғылыми жетекшісі: Сатыбалдиева Ф.А. аға оқытушы

ҰЛТЫН ҰЛЫ БИІКТЕРГЕ КӨТЕРГЕН ТҰЛҒА

***Аңдатпа:** Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің өмірі мен шығармашылық жолы, білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесі баяндалады. Елдегі реформалар, елді сауаттандыру ісінің жүргізілуі, мектептердің, оқулықтардың шығарылуы және алғашқы жоғары орындарының ашылуында ұлы тұлғаның атқарған рөлі жан-жақты сипатталады.*

***Кілт сөздер:** халық комиссары, Қазақстан, білім беру жүйесі, мәдениет, очерк, өнер.*

***Аннотация:** В статье рассказывается о жизни и творческом пути государственного и общественного деятеля Темирбека Жургенова, его вкладе в развитие системы образования. Всесторонне описывается роль великой личности в проведении реформ в стране, просвещении страны, выпуске школ, учебников и открытии первых высших мест.*

***Ключевые слова:** нарком, Казахстан, система образования, культура, очерк, искусство.*

***Abstract:** The article tells about the life and creative path of the statesman and public figure Temirbek Zhurgenov, his contribution to the development of the education system. The role of a great personality in carrying out reforms in the country, educating the country, releasing schools, textbooks and opening the first higher places is comprehensively described.*

***Keywords:** People's Commissar, Kazakhstan, education system, culture, essay, art.*

Темірбек Жүргенов (1898-1938) - Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Темірбек Қараұлының есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады. Бар ғұмырын бай мен кедейсіз, барлық адам тең құқыққа ие жаңа өмір мен жаңа әлемді құруға арнады. Жаз Ырғызды жайлап, қыста Қызылорда облысының қазіргі Жалағаш

ауданының «Жаңа талап» совхозын қыстайтын көшпелі ауылда дүниеге келген Темірбек Жүргеновтің қырыққа да жетпеген қысқа өмірінде халқымыз үшін қыруар іс тындырып, алуан қырынан көріне білген аяулы азамат екенін қазіргі көзі тірі замандастары да, оның қамқорлығына бөленген ізбасар інілері де айтып тауыса алмайды. Отызыншы жылдары Т. Жүргеновтің қарауында қызмет істеген қазіргі көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепов өзінің жазған естелігінде ол кісінің аса принципшіл, табанды большевик және республикадағы іскер басшының бірі екендігін айта келіп: «Жүргенов – қамқор комиссар, нағыз нарком болды», - деп бағалағаны бар.

Т. Жүргеновтің кейіннен халқымыздың мәдениетін көтеру жөнінде көрнекті қайраткер дәрежесіне жетуі тегін емес. Ол халықтың озық өнерімен ерте танысты. Бұған оның алғашқы мұғалімдерінің бірі Шығыс әдебиетін тамаша білетін әйгілі ақын Тұрмағанбет Ізтілеуов болғанын айтсақ та жеткілікті. Өзі де Орта Азия мен Шығыс халықтарының озық ойлы шайырларының дәстүрінде тәрбиеленіп, білім алған Тұрмағанбеттің жас Жүргеновтің эстетикалық көзқарастарының қалыптасуына үлкен әсер еткені сөзсіз. Мұны Т. Жүргеновтің өзі де мойындап, алғашқы ұстазының есімін ілтипатпен еске алады, сөйтіп оның адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалайды.

1909 жылы Темірбек Жүргенов Аламесек орыс-қазақ бастауыш мектебіне оқуға түсіп, оны 1913 жылы үздік бағамен бітіріп шығады. Сол жылдың өзінде-ақ Т. Жүргенов Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне түсіп оқиды. Сол кезде Перовскідегі ең ірі оқу орны болған осы училище қабырғасында жүрген кезінде-ақ жас Жүргенов өзінің ұстамдылығымен, батылдығымен, принциптілігімен көзге түседі. Онын үстіне Жүргенов орыс әдебиетінің озық үлгілерімен осы кезде таныса бастаған-ды. Училищеде бірге оқыған замандастарының айтуына қарағанда, ол қазақ оқушылары үшін орыс әдебиетін оқып үйренетін үйірме құрып, өзі Крыловтың, Некрасовтың шығармаларын қазақ тіліне аудармақшы да болады. Социалистік Енбек Ері Серке Қожамқұловтың репертуарынан кезінде лайықты орын алған «Бастық алдындағы тілмаш» деген сатирасын да Темірбек сол жылдары жазыпты. «Тақпақ-өлең совет заманына, 1920 жылы Орынборда «Ұшқын» газетінде жарияланды. Өлең маған ұнады, - деп еске алады қадірменді қарт артист С. Қожамқұлов. - Мен оны 1926 жылы Қызылордада алғашқы Қазақ театры ашылған күні оқыдым. Өлең көрермендерге мықтап ұнады, олар көздерінен жас шыққанша шабытты күліп, мені көп уақытқа дейін сахнада жібермей қойды. «Тілмаш-аудармашымен» ұзақ жылдар бойы айырылысқаным жоқ, оны 1936 жылы Москвада болған қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі программасына да енгіздік».

1917 жылы училищені бітіріп шыққан Темірбекті білімге деген құштарлық Уфа қаласына апарды. Осындағы жер өлшеу училищесіне оқуға түскенімен, Жүргенов бұл училищені тәмамдай алмайды. Оның бір себебі - сол кезде жүріп жатқан азамат соғысының қиыншылықтары болса, екінші бір себебі азаттық үшін айқаста Темірбек сынды тепсе темір үзетін білімді де, жігерлі жігіттердің қажеттігінен еді. Сөйтіп, жиырмаға жаңа ғана іліккен Темірбек те революция жеңістерін қорғау жолындағы құрметті де қиын күреске араласып кете береді.

Ол, кейіннен өзінің өмірбаянында жазғанындай, «жер өлшеу училищесінен 1918 жылы бірден совет органдарына қызметке ауысады» да, Қазақстанда Совет өкіметін орнатуға қатысады.

Жас Жүргенов өзінің революция жауынгері ретіндегі алғашқы қадамдарын 1918 жылы Ырғыз уезінде бастады. Осы уездің Қарақұм деген жерінде алашордашыларға қарсы көтеріліс ұйымдастырған Жүргеновті Октябрь революциясы мен азамат соғысының белгілі қайраткері Әліби Жангелдин Советтердің Торғай облыстық съезіне әзірлену ісіне қатыстырады. Советтердің Торғай облыстық съезінің 1918 жылы 21 мартта Орынбор қаласында өткені, съездің батыс облыстарда Совет өкіметін нығайтуда, еңбекшілер бұқарасының, көзін ашып, саяси сана-сезімін оятуда орасан зор рөл атқарған тарихтан мәлім. Съезд жұмысының, ойдағыдай өтуіне, орасан маңызы болуына Темірбек Жүргенов секретары болған съезд шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросы зор әзірлік жұмыс жүргізген.

Т. Жүргенов сол жылдардағы саяси өмірдің сан алуан салаларына белсене қатысып жүрді. Бұған оның сол кезде Орынбордан шыққан тұңғыш советтік газеттердің бірі «Қазақ мұңын» шығаруға қатысып, оның редакциялық коллегиясының мүшесі болғаны, одан кейін Ырғыз большевиктерімен бірге отряд басқарып, ақ бандалардың қалдықтарын жоюға қатысқаны айғақ бола алады. Жігерлі жасқа Ырғыз большевиктері үлкен сенім көрсетеді. Ол 1920 жылы Әліби Жангелдиннің кепілдемесімен Коммунистік партияға қабылданады да, сол жылы Ырғыз уездік ревкомы председателінің орынбасары болып сайданады. Ал 1921 жылы Ырғызда осы уездің ревком председателі болып істейді. Сонымен қатар, 1921 жылға дейін Т. Жүргенов жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Ырғыз уездік Советі атқару комитетінің председателі қызметін қоса атқарады. Сол кезде қазақ даласында болып жатқан қат-қабат оқиғалардың бел ортасында болған Т. Жүргенов, білімге деген құштарлығын еш уақытта жоғалтқан емес. Тіпті кейін жауапты мемлекеттік қызметтер атқарып жүргенінде де оның «мені ғылыми-зерттеу жұмысына пандаланған орынды деп есептеймін» деп әлденеше рет жазғаны Т. Жүргеновтің әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстарының ғылыми іспен айналысуға құштарлығынан деп тусіну керек. Ырғыз уезі таратылған бойдан Темірбектің 1921 жылы Орынбор жұмысшы факультетінде оқып, оны бітіргеннен кейін Ташкенттегі В. И. Ленин атындағы Орта Азия университетінің заң факультетіне түсіп оқуы осы білімге ынтықтық пен ғылымға құштарлықтың айғағы болатын. 1920 жолы В. И. Ленин қол қойған декрет бойынша ашылған Орта Азия мемлекеттік университеті Жүргенов оқуға түскен жылдары едәуір нығайыа, оқу базасы қалыптасқан ірі оқу орындарына айналған еді. Университеттің ашылып, оқу базасының нығаюына еліміздің ежелгі оқу орындары жан-жақты көмек көрсетті. Москва, Ленинград және басқа қалалардан аса бай жабдықтар, мындаған том әдебиет, оқу құралдары әкелінді. В. В. Бартольд, Е. П. Коровин, В. И. Романовский және басқалар сияқты атақты ғалымдар жаңа университеттің бой бекітіп, нығая түсуіне үлкен көмек көрсетті. Университет студенттері білім алумен қатар қосымша жұмыстар да атқаратын. Мұның өзі ол кезде елімізде жергілікті ұлттардан шыққан білімді, маман кадрлардың жетіспеушілігінен

туған еді. Бірінші курстың екінші семестрінен бастан Темірбек Жүргеновке де үлкен сенім жүктелді. Ол Қазақ АССР-ның Түркістан республикасындағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Сөйтіп Т. Жүргенов еліміздегі жоғары оқу орындарының сол кездегі көптеген оқушылары сияқты, білім алумен бірге қоғамдық-саяси өмірге етене араласып кетті.

1923-1926 жылдары Темірбек Жүргенов Қазақ АССР-ның Түркістан республикасындағы уәкілетті өкілі ретінде Орта Азия республикалары мен Қазақстанды ұлттық-территориялық жағына бөлу ісін әзірлеуге белсене қатысады. Одан соң қазақтың тұңғыш педагогикалық институтының ректоры және Орта Азия мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері болып істейді. Осы кезеңде Жүргенов бірнеше тарихи-этнографиялық және демографиялық очерктерін жариялап, баспасөзге де белсенді түрде қатысқан еді.

Темірбек Жүргеновті тәжік, өзбек тілдерін жақсы білетіндігі мен оның ұйымдастырушылық қабілетін жоғары бағалаған ВКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия жөніндегі бюросы оны 1929 жылы Тәжікстанға қызметке жібереді. Ол бұл жақта 1929-1930 жылдары финанс халық комиссары болып істеп, Советтік Тәжікстанның экономикасын нығайтуға атсалысады. Ал 1930-1933 жылдары Т. Жүргеновті партия Өзбекстанға жұмысқа жібереді. Бұл жылдары Өзбекстан халық ағарту комиссары болып істеген Т. Жүргенов республика мәдениетін өркендету, халыққа білім беру ісіне үлкен үлесін қосады.

1933 жылдың басында ВКП(б) Орталық Комитеті Темірбек Жүргеновті Қазақ АССР халық ағарту комиссары етіп жібереді. Осы жұмыста және Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы өнер жөніндегі комитетінің кеңесшісі болып істей жүріп, Темірбек Жүргенов өзінің тамаша ұйымдастырушы екенін көрсете білді. Өмірінің соңғы үш-төрт жылына тұстас келген кезеңде Жүргенов қазақ мәдениетін өркендетуге, ұлттық мәдениет кадрларын - артистерді, композиторларды даярлауға бүкіл күш-жігерін жұмсады. Жұбайы Дәмеш Ермекова былай деп еске алады, «Қазақстан өлкелік партия комитеті мен үкіметі мәдениет пен өнерді дамыту жөнінде бірсыпыра қаулылар қабылдады. Мысалы, музыка театры, филармония ашу міндеті алға қойылды. Бұл жұмыс Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновке тапсырылды. Ол үлкен шабытпен, өзіне біткен еңбексүйгіштікпен қазақтың тұңғыш музыкалық театрын ұйымдастыруды қолға алды. Жүргенов театр жұмысына талантты қазақ жазушылары Сәкен Сейфуллинді, Бейімбет Майлинді, Ілияс Жансүгіровті, Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсіреповті, Әбділдә Тәжібаевті, Сағыр Камаловты және басқаларын тартты. Мысалы, Мұхтар Әуезовке «Айман-Шолпанның», Бейімбет Майлинге «Жалбырдың», Ғабит Мүсіреповке «Қыз Жібектің» либреттоларын бір-екі айдың ішінде жазып бітіруді тапсырды. Жүргенов олардың сценарийлері мен либреттосын талқылауға белсене қатысты». Опера және балет театры мен қазақ филармониясы, хореографиялық училище де сол кезеңде ашылған еді. Сондай-ақ жергілікті жерлерде де театр өнері кең құлаш жайды. Т. Жүргенов сол кездегі қазақ өнерін дамытуға әкелік қамқорлық жасады десек, асыра айтқандық болмайды. Өйткені ол халық арасынан шыққан талантты әншілерді, ақындарды, жыршы-жырауларды, бишілерді, күйшілерді үнемі іздестіріп тауып, олардың шеберліктерін

шындауына қамқорлық жасап отырды. Қысқа мерзім ішінде өнер саласында қол жеткен табыстарға байланысты 1936 жылы Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің тұңғыш онкүндігі өткізілгені мәлім. Осы онкүндікке қатысқан бір топ ақындармен, артистермен бірге Темірбек Жүргенов те Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Міне, осындай ел перзентін 1937 жылы «халық жауы» деген жалған айыппен ұстап, 1938 жылы атып тынған. Сол кездегі солақай саясаттың белсенділері талай жазықсыздарды қанға бөктіріп, елдің аяулы азаматтарының көзін жойғаны жауыздық екендігін уақыт дәлелдеп отыр.

Темірбек Жүргенов халық ағарту саласында да орасан зор із қалдырды. Ол қазақ орта мектептерін құру үшін республиканың халық ағарту қызметкерлерін ұйымдастыруға көп күш-жігер жұмсады, мұғалім кадрларын даярлауға, мектептердің оқу-материалдық базаларын нығайтуға жаңа мектептер, интернаттар, балабақшаларды салу ісіне зор көңіл бөліп отырды. Сол кезде Алматының өзінде ғана Т. Жүргеновтің басшылығымен 18 мектеп үйі, Мәдениет үйі мен консерватория салынғаны, қазіргі опера мен балет театры үйінің салынуы оның орасан зор жемісті жұмыс жүргізгендігінің дәлелі.

Халқымыздың мәдени өмірін өркендетуге осындай үлкен үлестер қосқан абзал азамат жайындағы мақалада оның бүкіл өмірі мен қызметін толық баяндап беру мүмкін емес. Т. Жүргеновтің есімін есте қалдыру шараларын ел-жұрты қолға алып, тиісті шешім алатын орындарға мақұлдатырғаны бір төбе. Қазір Темірбек Жүргенов есімі Алматының, Ақтөбенің, Ырғыздың көшелеріне берілген, ескерткіштер орнатылған. Тіпті, мен білім алып жатырған өнер ордасы Темірбек Жүргенов атымен аталады. Осындай нар тұлғалы, өнерді бағалап, шоқтығын биікке жеткізген адамның атымен аталған ғимаратта білім алу - мен үшін мәртебе. Елі мен халқының осындай перзентіне деген құрметі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын таба беретіндігі хақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов. Таңдамалы. Алматы қ. «Арыс» бас., 2001- 222 б.*
2. *Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов. Алматы, 2012. – 496 б.*
3. https://kaz.inform.kz/news/zhurgenov-temirbek-karauly_a2190454/

II БӨЛІМ

ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫНДА ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амангельды ШУРЕНТАЕВ
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан
Александр ПРОНИН
Россия-Испания

МЕДИАИСКУССТВО В СИСТЕМЕ ЖУРНАЛИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: МОДЕЛИ ИНТЕГРАЦИИ

Современное информационное общество сугубо и тотально технологично. Цифровизация массовой коммуникации, которая уже во второй половине 20 века стала по преимуществу аудиовизуальной, породила в веке 21 множество новых явлений в творческой сфере, получивших общее наименование *медиаискусства* (media art или новые искусства медиа). В их число входит, в частности, веб-дизайн, компьютерная графика, 3D-анимация, VR-техники, другие виртуальные практики, то есть, практически всё, что использует компьютерные технологии для создания арт-объектов. Медиаискусству свойственны такие качества, как интерактивность, иммерсивность (эффект присутствия) и манипуляция сознанием. Яркий тому пример — завораживающие своей реалистичностью современные компьютерные игры, в масс-медиа: лонгриды, Web-док и др.

Web-документалистика

Творческая практика создания в сети Интернет мультимедийных интерактивных медиа-проектов появилась еще в конце прошлого тысячелетия, активно – в конце нулевых, начале 2010-х. За последние полтора десятилетия это направление активно развивалось в зарубежных масс-медиа, о чем свидетельствует, в частности, проекты таких гигантов, как франко-немецкий телеканал ARTE («Газа-Сдерот: жизнь вопреки всему», 2009 - <http://gaza-sderot.arte.tv/>), британская Guardian («Глобальный путеводитель по первой мировой войне», 2014 - <https://www.theguardian.com/world/ng-interactive/2014/jul/23/a-global-guide-to-the-first-world-war-interactive-documentary>) и др. Успешной реализации проектов в данной области способствовала поддержка крупных фестивалей и конкурсов, которые включают работы такого формата в конкурсные программы: прежде всего, World Press Photo и Амстердамский фестиваль документальных фильмов IDFA, а также заинтересованность в продвижении новшества крупных разработчиков IT-технологий, в частности, Массачусетского технологического института (США).

На постсоветском пространстве – пока не достаточно активно. Прежде всего, это получивший широкую международную известность «Грозный: 9 городов» (2014 - <http://grozyninecities.com/>), в котором город показан глазами представителей разных социальных групп. В течение четырех лет работы группа

авторов не только сняла значительный объем фото- и видеоматериалов, но и нашла оригинальную форму взаимодействия с пользователем, который может выстраивать «собственный» нарратив как нелинейную структуру, актуальную в определенной его личными качествами и установками когнитивной ситуации. Это наглядный пример того, как пользователь, по справедливому утверждению Н.И. Дворко, «посредством интерфейса взаимодействует с объектами истории, а также управляет навигацией, прокладывая свой собственный маршрут продвижения по истории». Не менее масштабным оказался следующий проект, в работе над которым приняла участие Ольга Кравец, один из авторов «Грозного», под названием «Причина расстрела» (2015).

Интеграция медиаискусства в образование

Использование медиаискусства в журналистском образовании – в стадии выработки моделей интеграции. Наиболее активно ведется в США (Школа журналистики Колумбийского университета им. Пулитцера, Гарвард), в некоторых странах Европы (Нидерланды, Швеция) и Азии (Сингапур). В Казахстане, как и на всем постсоветском пространстве, работа в данном направлении ведется пока недостаточно активно, тем не менее, процесс идет, и он необратим.

Модели интеграции:

Внедрение: Разрабатываются и вводятся новые актуализированные ОП на базе бакалавриата, магистерские программы («Мультимедийная журналистика» в Российском государственном гуманитарном университете, «Журналистика креативных индустрий» в Российской академии народного хозяйства и государственной службы).

Адаптация: Разрабатываются в рамках действующих ОП курсы, семинары, летние школы, он-лайн программы (Санкт-Петербургский государственный университет, Высшая школа экономики, Томский государственный университет).

Из опыта ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Синтетический подход: в рамках ОП «Печать и издательское» второй год действует направление «Медиаискусство».

Пока речь идет о внедрении дисциплин направления «Аудиовизуальные медиа», что вписывается в расширительное толкование понятия «медиаискусство»:

- на втором году обучения курсы «Киноведение», «Кинодраматургия»;
- на третьем планируется продолжить это направление (курсы режиссуры, сценарного мастерства и др.);
- из относящихся к специальному толкованию термина понятия «медиаискусство» пока только планируется: web-дизайн, компьютерная графика, 3D-анимация, Web-док.

Проблемы: громоздкость бюрократических процедур (аккредитация ОП), нехватка квалифицированных кадров, актуальных учебных программ, помещений и специального оборудования, баз практики.

Айкерім ӘЛІМЖАНОВА,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының PhD докторы

Нұрлыайым ДАНАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторант

ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ BIG-DATA ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Журналистік білім беруде деректермен жұмыс істеу маңызды. Деректер – талдауға ыңғайлы тәсілмен жазылған және құрылымдалған ақпарат бөліктерінің жиынтығы. Әдетте деректерді өлшеу немесе есепке алу кезінде алады. Көп ақпараттар цифрлық ретімен жазылған кезде, жеке жиынтықтағы жазбаларда барлық деректерді оңай талдауға болады. Осылайша, деректер бастапқы кезде материал ретінде қарастырылады, өңдеу негізінде маңызды ақпараттарға қол жеткізуге болады [1]. Деректер негізінден дәлелдер келтіруге және шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Ашық деректерді кез келген адам еркін мақсатта пайдалана алады. Сондықтан модификациялануы және кез келген уақытта таратылуы мүмкін. Ашық деректерге қойылатын үш критерий оның мәнін ашады:

- кең қолданысқа ие;
- модификациялауға болады;
- тарату мүмкіндігі бар.

Ашық деректер интернетте қол жетімді, оны түрлендіріп ұсынуға болады[2]. Егер ашық деректер қорында авторлық құқықтар бекітілмеген болса, деректерді кез келген мақсатта кез келген адам қолдана алады.

Деректерді жариялау, формат және лицензия үш негізгі техникалық шарт – олардың ашықтығын анықтайды. Ашық деректер идеологиясы осы деректерді жинау мен салық төлеушілердің азаматтық позициясынан басталады. Халыққа ашық дерек қорларын ұсыну, оны пайдалану – әр адамның басқа да іргелі құқықтары сияқты маңызды дүние [3].

Деректермен ақпаратты визуализациялау арқылы мультимедиалық өнім өндіретін журналистиканың саласын «дата журналистика» деп арнайы қарастырыла бастады. Excel кестесі немесе есепті тізбек арқылы тарих пен визуализациялық ақпарат жасау бүгінгі веб-редакция қызметінде ұжымдық жұмыс істейтін тұтас үдеріс болып отыр. Азаматтық қоғамдық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар да деректермен жұмыс істеу үшін деректерді өңдеу, жинау әдістерін қолданады. Стандартты Big-data деректерді өңдеу үдерісіндегі негізгі қадамдар:

1. Жинау. Қажетті деректік ақпараттарды ашық дерек қорлары арқылы қол жеткізу.

2. Тазарту. Деректердің бар болуы тек бастамасы ғана екенін ескеру қажет. Деректердегі тарихқа, цифрлық көрсеткіштерге сенімді болу үшін олардың сапасына мән берген жөн. Тазалау, әдетте, екі үдерістен тұрады, адам факторының қателіктерін жою және деректерді басқа пайдаланылатын деректермен біріктіруге жарамды пішімде түрлендіру.

3. Мәтінге орналастыру. Кез келген деректерге әрдайым сенуге болмайды. Деректерді жинағандардың мақсаттары, себептері белгісіз болғандықтан зерттеп, зерделеп алу қажет.

4. Біріктіру. Бір деректер жиынтығында жақсы сюжеттер, келесі деректе цифрлық көрсеткіштер болуы мүмкін. Осылардың барлығынан нақты материалға қажетті деректердің басын қосып, визуализациялауға дайындалады.

5. Визуализациялау. Осы кезеңдегі дата-журналистің негізгі міндеті – нәтижелерді мультимедиалық құралдар арқылы визуализациялау. Ол карта, графика, инфографика, анимация түрінде болуы мүмкін. Алайда мультимедиалық өнімді қандай формада жасайтынын редакция өзі шешеді. Бейне роликтен мультимедиалық ойын түріне дейінгі пішімдерді таңдауға болады.

Болжамдар мен дерек жинаудағы маңызды сұрақтар деректердің маңыздылығын арттырады. Гипотеза-болжам немесе болжам; дәлелдеуді болжайтын мәлімдеме болып табылады. Журналист өзінің тәжірибесін пайдалана отырып, деректер арқылы дәлелденуі немесе теріске шығаруы мүмкін гипотеза жасайды.

Гипотеза деректерді өңдеуде мықты құрылым. Оның мықтылығын тексеру үшін төмендегідей шарттарды орындаған тиімді.

1. Талдауға ұсынылған материалды деректер арқылы дәлелдеуге немесе теріске шығаруға болады.

2. Цифрлық жағынан өлшеуге болады. Нақты мәліметтерді анықтау мүмкіндігі бар.

3. Гипотезаны тексеру үшін деректерді ашық базадан табуға болады.

Гипотезамен сипатталатын тақырып қоғам үшін маңызды. Әлсіз гипотезаның белгілері:

1. Гипотеза өте қарапайым және жалпы мәселені өлшейді.

2. Тақырыбы тым ауқымды. Тым кең және жалпы тақырыптар халықтың белгілі бір бөлігінің нақты мәселелерін анықтай алмайды.

3. Гипотезаның бөлігі деректер арқылы расталуы мүмкін емес.

4. Гипотеза бұрын расталды және жалпыға белгілі.

5. Гипотезаның ауқымы тым тар және ол тек бір фактор арқылы жалпы үрдіске әсер етеді.

Big-data технологиясын қолдану арқылы деректер жинағын зерттеген кезде, репортажға арналған сюжеттің қайда орналасқанын бірден түсіну оңай емес. Деректерде тарихты іздеудің бірнеше жалпы тәсілдері бар.

1. Деректер көмегімен болжамды сынау.

2. Деректер бізге трендтер мен қарама-қайшылықтарды көрсетеді.

3. Деректер күрт ауытқитын мәндерді анықтайды.

4. Деректер жасырын байланыстарды көруге мүмкіндік береді.

Деректермен жұмыс істеу үдерісі төрт негізгі кезенді қамтиды:

- 1) деректерді іздеу және жинау;
- 2) деректерді тазалау;
- 3) деректерді талдау;
- 4) деректерді визуализациялау.

Деректерді іздеу және жинау деректер сауалнама жүргізу жолымен анықталады. Мысалы, халық санағының деректері, дауыс беру үдерісінде сайлау нәтижелерінің деректері, есепке алу үдерісінде тууды тіркеу деректері, сатып алу-сату үдерісінде интернет-дүкенде сату туралы деректер жиналады.

Деректер мобильді құрылғылар, датчиктер, интернет, жерсеріктер, мысалы, GPS деректері және басқа да көптеген технологиялардың жұмыс істеу нәтижесінде пайда болады [4].

Кем дегенде үш негізгі дерек көздері тобы бар:

1. Ресми статистиканың деректері, халықаралық ұйымдардың порталдары, журналистер мен зерттеушілер жасаған ашық деректер жиынтықтары.

2. Мемлекеттік органдарға сұрау салу бойынша алынатын деректер.

3. Журналистің өзі жасайтын деректер. Ресми статистиканың негізгі көзі ҚР Экономика министрлігі жанындағы Статистика комитеті.

Stat.gov.kz ол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, демография, қаржы және т.б. бойынша статистикалық деректерді жариялайды. Сонымен қатар, Қазақстанда Data.egov.kz ашық деректер порталы іске қосылды, онда барлық деректер машинамен оқылатын файл түрінде жүктеледі. Дүниежүзілік Банктің порталдары халықаралық деректердің ең сенімді көздері болып табылады. Мысалғы, Databank.worldbank.org/home.aspx және БҰҰ-ның Data.un.org деректерге сұрау салу деректерді алудың маңызды көздерінің бірі.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР Заңы» бойынша журналист мемлекеттік органдарға ақпарат пен мәліметтерді алуға жазбаша, ауызша сұрау немесе электрондық пошта арқылы сұрау салуға құқылы.

Деректертік ақпаратты алу үшін Google-да сауалнама жасау арқылы журналист өзі де жасай алады.

Деректерді машинамен оқылатын форматқа түрлендіру деректерді өңдеу және талдауда қажет. Оларға мыналар жатады: .csv, .xls, .xlsx, .tsv, .json және басқалар. Жоғарыда көрсетілген пішімдерді оқитын бірнеше онлайн құралдар бар. Олар түрлендіруге, формаларын ауыстыруға мүмкіндік береді. Көптеген деректер ашық түрде оқылатын формада жоқ. Машиналық оқылым пішіндері – деректерді жариялауға мүмкіндік береді. Мысалы, Povepdf, Tabula, Zamzar онлайн сервистері осындай машиналық пішіндерді оқиды және бір формадан екіншісіне ауысуына мүмкіндік береді.

Excel-де деректерді тазалау – Google Docs – Google SpreadSheets және электрондық кестелермен жұмыс істеуге арналған Microsoft бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Excel деректерді өңдеуге арналған әмбебап бағдарлама. Қолданылу мүмкіндігі жеңіл және әртүрлі талдау құралдарының үлкен жиынтығы. Қандай да бір талдау жүргізер алдында файлдағы ақпараттарды ретке келтіру қажет.

Файлдарды ұйымдастырудың негізгі ережелері:

1. Түпнұсқа ешқашан өзгертілмеуі тиіс.
2. Метадеректі дайындау қажет.
3. Файл көшірмесінде жұмыс істеу.

Метадеректер файлында кестенің атауы, жарияланымның атауы, осы баяндаманы немесе есепті жариялаған ұйымның атауы, жарияланымға сілтеме, байланыс және жүктеу күні сияқты мәліметтерді енгізу қажет [5]. Материалды дайындау барысында кез келген уақытта ақпаратқа қолжетімділікті қамтиды. Сондай-ақ метадеректерде кейін барлық ескертпелерді, түсіндірмелерді, аббревиатураларды және т.б. қосуға болады. Метадеректер редакцияның жұмысын жеңілдетеді.

Деректерді тазалау ережелері:

1. Бірінші қатарда тақырыптар орналасады.
2. Әрбір тақырып – деректердің бір санаты болып табылады.
3. Тақырып астындағы деректер формат және мазмұн бойынша тақырыптарға сәйкес келеді.

Excel екі негізгі мәтін және цифр деректер форматынан тұрады. Excel-де цифр мәндерді ұяшықтардың оң жақ шеті бойынша, мәтіндік мәндерді сол жақ шеті бойынша орналастыру тиімді. Деректерді тазалау кезінде деректерді оқу кезінде қате пайда болуы мүмкін екенін салыстыру және көру үшін үнемі түпнұсқамен салыстырған дұрыс. Егер ұяшықта артық бос орындар немесе басқа белгілер болса, барлық ұяшықтарды бөліп алып, файл – өзгерту – табу және ауыстыру параметрін қолдану тиімді.

Деректерді визуализациялау заманауи үрдістерді, заңдылықтарды түсінуге және корреляция орнатуға көмектеседі. Олар, әдетте, цифрлық ақпарат туралы ой құралдары болып табылады. Графикалық ақпаратты, деректерді көзбен көру арқылы мәліметтер алу тиімді тәсіл. Деректерді визуализациялау атрибуттарды – цифрлық координация жүйесін, нүктелерді, сызықтарды, фигураларды, сандарды, әріптерді, өлшенген шамаларды қамтиды. Мәліметтерді ұсыну статикалық, анимациялық немесе интербелсенді болып бөлінеді.

Деректерді визуализациялаудың мақсаттары төмендегідей болуы тиіс:

1. Визуализация тек әдемі сурет емес, ол фактілер арқылы құрылған ақпарат.
2. Инфографика тарихты түсіндіру үшін пайдаланылуы тиіс, бірақ контекстегі мәліметтер сақталады.
3. Деректер жеңілдетілуі мүмкін, бірақ тарихи мәліметтер еш өзгермейді. Деректерді визуализациялауда дизайнның негізгі концепциялары.
 1. Қарапайымдылық: ең көбі үш түсті және үш қаріпті пайдаланылады.
 2. Иерархия: мәліметтер сатылай талданады.
 3. Лаконизм: мәтінді қажетінше шағын көлемге дейін қысқарту ұсынылады.
 4. Шығармашылық тәсіл: тақырыпты ашу үшін дизайнға ерекше мән беріледі.
 5. Айқындық: белгілер мен өлшем бірліктер нақты болуы керек. Қажеттілік жағдайында түсіндірмелерді пайдалануға болады.

6. Тақырыптағы негізгі мәлімет ұмыт қалмауы тиіс. Деректерге автор соңында қол қойғаны дұрыс.

Деректер тек цифрлық көрсеткіштермен болмауы мүмкін, интербелсенді карта түрінде де ұсынылады. Карталар белгілі бір аймақтың жылдар бойынша өзгерістерін көрсетуі керек болған жағдайда Juxtapose.knightlab.com сервисін қолдануға болады [3]. Салыстырмалы талдау үшін компьютерге Google Earth әлем картасын орнатып алуға болады. Хронологиялық көрсеткіштер арқылы дүниенің кез келген нүктесіндегі өзгерістерді анықтауға болады.

Цифрлық технология ақпаратты сығымдап, жинақы сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар түрлі өзгертулер енгізу үшін ыңғайлы: яғни материал жазылған сәттен бастап, жеткізу және тарату барысында ұдайы өзгертіп отыруға болады; цифрлық технология желіде жұмыс істеу үшін де қолайлы, өйткені контент бір уақытта бірнеше аудиторияға таратыла алады.

Бүгінгі таңда Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде машиналық оқылатын форматтарда ақпарат беретін 53 ашық деректер порталы анықталды. Олардың 18-і азаматтық субъектілермен басқарылады. Басқалары өңірлердегі ашық деректердің өсуі туралы, сондай-ақ қазіргі уақытта жекелеген статистикалық деректерді, ашық деректерді және геодеректер порталдарын орналастыратын бірқатар үкімет ұйымдары қолданатын ақпараттармен толықтырылған.

Порталдардағы деректер көлемі соңғы жылдары Орта Азияда Қазақстан мен және Өзбекстанда өсті. Бірқатар секторлар бойынша 2 000-нан 5 000-ға дейін деректер жиынтығын орналастыратын динамикалық порталдар қызметі жолға қойылды.

Өңірдің басқа да бірқатар елдері мен аумақтары ашық деректермен өзара іс-қимылда айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь және тағы басқа Орта Азия елдерінде ашық деректерді дамыту бойынша қарқынды жұмыстар атқарылуда. Ашық деректер саласындағы жоғары деңгейдегі саяси көшбасшылық бірқатар елдерде айқын болды. 2016 жылы Украина Халықаралық ұлттық ашық деректер хартиясын қабылдады. 2017 жылы ашық үкімет үшін 12 ашық деректер порталын іске қосты [6].

Азаматтық қоғамда ашық деректер өңірлік дамуда шешуші рөл атқарады. Алайда өзара іс-қимыл үлгілері Батыс Балқан мен Қара теңіздегі түрлі қызмет топтары арасында ерекшеленеді. Мысалы, Батыс Балқан азаматтық қоғамы ашық деректермен жұмыс істеуге қатысуы алты өңірлік ұйымды біріктіретін Action SEE – Оңтүстік-Шығыс Еуропа желілерімен тығыз байланысты. Еларалық ынтымақтастықты тұрақты жұмыс істеуі арқылы ұтады. АҚШ-тың ұлттық демократия қорынан қолдау тапты. Action SEE флагмандық өнімдерінің бірі болып 640 астам мекемені және 25 000 астам көрсеткіштерді қамтитын ашықтық индексі, соның ішінде ашық деректер жарияланымдарын бағалаумен айналысады.

Цифрлық жүйеге көшуді түсінудің цифрлық медианың маңыздылығын түсінуде мәні зор. Ақпарат тасығыштар цифрлы жүйеге көшу арқылы медиа саланы түбегейлі өзгертті. Цифрлау:

- контентті бірнеше платформалар арасында үлестіру;

- ақпаратты әлдеқайда жоғары жылдамдықпен тарату қызметі.

Медиа саласындағы цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында екі негізгі технологияны ұсынуды жөн көрдік. Технологиялар мультимедиялық журналистиканың болашағын айқындайтын, жеке зерттеуді қажет ететін журналистік салалар.

Қорыта айтқанды, Big-data технологиясы – журналистерге жаңа және сапалы тәсілдерді ұсынатын тиімді тәсіл. Ғалымдар технологияға «журналистік зерттеуде пайдалану үшін мәліметтерді алу, талдау, таразылау» деп анықтама беруге болады. Бірақ оны қолдану осы қарапайым анықтамадан гөрі күрделі. Big-data технологиясы күн санап дамып келе жатқан есептеу техникасы индустриясымен қатар өрбиді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Belair-Gagnon, V., Agur, C., & Frisch, N. *Mobile sourcing: A case study of journalistic norms and usage of chat apps* // *Mobile Media and Communication*, 2017, September. Vol.6(1). P. 53–70.

2. Alper M. *War on Instagram: Framing conflict photojournalism with mobile photography apps* // *New Media & Society*, 2014. Vol. 16(8), 1233–1248.

3. Steen S. *Online journalism and the promises of new technology a critical review and look ahead* // *Journalism Studies*, Vol. 12, №3, 2011. pp. 311-327

4. Berret, Charles, and Cheryl Phillips. *Teaching Data and Computational Journalism* // *GitBook*, p. 6-10. Web.15.03.2016

5. Paul B. *How to Be a Data Journalist. The Guardian* // *Guardian News and Media*, Vol. 1. P.224-234. 01.04.2010.

6. БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары аясында Адам құқығы және Бүкіләлемдік телевизия күндеріне арналған «Цифрлық сауаттылық: мультимедиялық контент пен пішін жасау технологиясы», әдістемелік жинақ. Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 137 б.

Ләззат МАЖИТОВА,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

*Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, журналистика және
қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы*

Атырау қ., Lazzat-064@mail.ru

**МӘТІНДЕГІ ӨЗАРА ӘСЕР ЕТУ, ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ПЕН
МОРАЛЬ**

Бұқаралық-коммуникациялық мәтіндердің әлеуметтік-психологиялық критерийлерінің бағасына көңіл аударар болсақ: журналистер материалмен жұмыс жасағанда, оның шығармасы жай ғана бос орынды толтыратын кезекті материал деп емес, оны оқырмандар мен әріптестері бағалайды, ол сондай-ақ қалың оқырманының есінде қалады, олардың ойларына қозғау салып, іс-әрекеті мен сенімдеріне, көзқарастарына белгілі бір мөлшерде әсер етеді деген мақсатта жұмыстанады. Газет жарияланымдарын оқырмандар көз жүгіртіп шығады да сол мезетте ұмыт қалдырады, кейбіреулері асықпай, ойланып оқиды. Ал

оқырмандардың үшінші бір тобы қайталап оқып, олардың ұнаған жерлерін өз таныстарына цитата ретінде келтіріп жататындары да бар. Бұл не себепті болуы мүмкін?. Журналистік мәтін адамның іс-әрекетінің арқасында дүниеге келетін шығармашылық өнім. Ол өз деңгейінде сапалы да, сапасыз да болуы әбден мүмкін. Оны алдымен редакциядағы әріптестері, содан соң оқырмандар хал-қадірінше өз деңгейлерінде, ақыл таразысына салып бағалайды. Демек журналист өз материалын қоғам талқысына салмас бұрын, алдын-ала бағалап, объективті түрде жөндеуі тиіс. Шығармашылық тұлға өз еңбегін оқырмандар тарапынан қатал шешім шығармас үшін, жазылған мәтінді талдай білуге үйрену қажет. Журналист шығармасы кез-келген әдеби шығарма тәрізді, өзара тығыз байланыстағы мазмұн мен түрге құрылады. Бұл жерде негізінен мазмұн мәтінде не айтылғанын баяндаса, ал түрі айтылғандай болуы мүмкін. Мұндағы басты түсініктердің ішінен біз жекелей бағалау критерийлерін бөліп қарастырамыз.

Журналист туындысын талдауды тақырыптан бастаймыз. Жазылған жайдың жаңашылдығын, оның шынайылығын, бейнелеудегі дәлдігін бағалаймыз. Сенсациялық хабарлама-бұл жарияланымның жетістігінің кепілдігі екендігі түсінікті жағдай; және белгілі бір аудиторияға арналған қызықты жаңалық, журналистің рейтингін көтеру үшін жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта «ит адамды қауып алды»- деген хабарлама – бұл сенсация емес. Ал егер «адамды құтырған ит қауып алды» – бұл хабарлама да, сенсация да емес, қайғылы жағдай. Ал ит қала әкімін қауып алса, ол және де қала әкімшілігінің есігінің алдында болса – міне бұл хабарлама бірде-бір оқырманды немесе бірде-бір көрерменді бей-жай қалдырмасы анық. Әрине мұндай хабарлама БАҚ-да жарияланған жағдайда ғана.

Алайда сенсациялық хабарлама дегеніміз кей жағдайда алдын-ала ойластырылған немесе тексерілмеген, жалған хабарлама болуы да ғажап емес. Журналистика тарихында аудиторияны жалған ақпаратқа сендірген жағдайлар да аз емес. Олар бізді психологиялық тұрғыдан қызықтырады: осындай келеңсіздіктердің адамдарды сендіре алатындай шынайлық белгілерінің көрініс табуы үшін журналистер қандай «технологияны» қолданғандығы жайындағы ой туады.

XX ғасырдың ең әйгілі әлемге тараған жалған ақпараты, 1957 жылы Швейцариялық ВВС телекомпаниясы таратқан адам сенгісіз макарон өнімдерінің молдығы жайындағы репортаж. Британдық журналистер өз репортаждарында, швейцарлықтар өнімнің молдығы соншалық қайда жіберерлерін білмей жатыр деп мәлімдеді. Мұндай репортаж Ұлыбританияда үлкен дүрбелең туғызды. Азаматтар телекомпания телефондарына макарондардан мол өнім алу үшін қалай өсіру керектігі жайында сауалдар қойып, тыныштық бермей хабарласумен болды. Барлық сұрақтарға ВВС компаниясы: «макарондарды томат тұздығы салынған банкаларға салып және де жақсылыққа сеніңіздер» деп жауап берумен болды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

1983 жылы Associated Press агенттігі Әзіл күнінің тарихын ашқан Бостон Университетінің тарих ғылымдарының профессоры Джозеф Боскин болды деп мәлімдеді. Бір күні император Константиннің аула әзілкеші Кугель өз

қожайынына империяны одан еш кем емес басқара алатындығын айтып мақтаныпты. Идея Константинге ұнап, ол әзілкешке жылына бір рет – 1 сәуір күні империяны билеуді әзілкешке тапсырған- деп сендірді Боскин өз әңгімесінде. АР-тің бұл хабарламасын барлық АҚШ басылымдары көшіріп басты. Кейін мәлім болғандай, агенттік құрметті профессордың алдауының құрбаны болғандығы анықталды. Өйткені ол сұхбат беру барысында бірде-бір шындық сөз айтпаған болып шықты.

Материалды бағалаудың тағы бір критерийі – мәселенің көлемі мен маңыздылығы. Нақты оқиғаны қарастыру көзқарасы бойынша және ондағы ойды сендіру. Егер де мәселе маңызды, көкейкесті және де қандай ма болмасын күнге байланысты болса, онда ерекшелік материалдың жеделдігіне мән беріледі. Ең басты жеделдік ақпараттық, жаңалық жарияланымдарына беріледі. Сонымен бірге жеделдік дегеніміз асығыстық еместігін есте ұстау қажет. Белгілі журналист А. Аграновскийдің пікірінше, қай жерде ой болса, сол жерде публицистика белең алады. Ол ой – қоғамдық маңызы бар ой болуы керек. Журналистің көтеріп отырған мәселесіне, тақырыбына, оқырман, тыңдаушы, көрермен қауымның назар аударуына байланысты. Ол өзі көтеріп отырған мәселесі төңірегінде ойын түйіндей келе негіздеп алып, содан әлеуметтік ой тудыруы мүмкін деген пікірді байсалдылықпен түсіндіруге тырысады. БАҚ-ры қызметінің ерекшелігін түсіне білген журналист қана бүгінгі уақыт талабына жауап беретін шығармашылық өнімді ұсына біледі. Демек шығармашылық тұлға үшін саяси, өндірістік, техникалық болмаса экономикалық, рухани, әлеуметтік проблемаларды аңғару аздық етеді. Осы мәселелердің түп-тұқиянына, себептері мен салдарларына терең үңіле білуі керек.

Бұл жерде біздің айтайын дегеніміз, журналист тек қоғам алдындағы ғана жауапкершілікпен шектелмейді. Оның ең басты әділ сарапшысы тұрақты оқырманы, көрермені, тыңдаушысы. Сондай-ақ ақпарат көзі, мақала, бағдарламалардың кейіпкері болған адамдар да журналистке жауапкершілік жүктей алады. Журналистің адамдар тағдырына ықпал ету мүмкіндігі оларға қоғамдық жауапкершілік сезімін тудыратындығымен ерекшеленеді және ақпарат қабылдаушылармен арадағы тікелей және кері байланыс нәтижесінде бір қалыпты тұрақтылықты қалыптастырады. Шығармашылық тұлға өз өнімі жайындағы бұқаралық ой, пікірге сүйене отырып, оқырманның тілегін және қоғам нені қолдайтынын, неге қарсы екенін анықтау мүмкіндігіне ие бола алады. Міне осындай мәлімет пен болжау журналистің келешектегі ісіне жауапкершілік тұрғысынан қарап, кәсіби ар-ұжданының таза болып, ұстанар бағытының қандай екендігін де анықтап беретіндігімен пайдалы.

Ал жоғардағы айтқанымыздай қоғамдық қайшылық – этика дәстүрлерінің қарапайым мәселелерін өте қиын практикалық мақсатқа айналдырып жіберетін де сәттері бар. Мақала, бағдарламалардың кейіпкерлеріне, журналистің ақпаратына сенетін адамдар, публицистер, журналистер арасындағы қарым-қатынас қолайсыз жағдайға тап болып, біртіндеп оқырмандардың сенімінен айырылуға әкеп соғады. Автор кейде өз қалағандарын жазып, маңызды мәселелерді назардан тыс қалдыруы мүмкін. БАҚ-ын жеке бастың болмаса белгілі бір топтардың ғана мүддесін көздейтін мінбер орнына пайдаланып, объективті

ақпарат берудің орнына «тапсырыс» материалдарын жариялайды. Өмір қайшылықтары көп болған сайын журналистің таңдауы да көбейеді. Мұның соңы қоғамның өзге мүшелерімен арадағы қарым-қатынаста белгілі бір дәрежеде қиындық әкеледі. Алайда, жұмыс барысында жүздесетін адамдар мен журналистердің мүдделерін ұштастыруға, өзара байланыстыруда маңызды іс атқарады. Жұмыстың осындай тәжірбиелері мамандардың ар-ұжданында және кәсіби мораль нормаларында көрініс табады. Сондай нормалардың кейбірі қате деректерді, жалған ақпараттарды жариялаудан алдын ала сақтандыру мақсатпен таңдаған қызмет тәсіл, сынақ, орын алған қателіктер мен қайшылықтарды үйлестіру жұмыстардың нәтижесінде жүре-келе пайда болады. Демек, жариялауға дайындалған ақпаратты алдын ала тексеру, қандай да болмасын кереғар қайшылықты үйлестіру барысында екі жақтың да уәждерін тыңдау қажеттігі.

Кәсіби және моральдық нормаларды қалыптастыру процесі жеке тұлғаға қатысты өндірістік сипаттағы ахуалдан бастап, анық жайттан абстракцияға қарай бағытталады. Технологиялық түрдегі әрекеттер бірте-бірте белгілі бір жағдайдың аясынан асып, барған сайын ортақ мазмұнға ойысады. Себебі журналистің әрбір әрекеті оның қоғамдағы, қызметіндегі қарым-қатынасты құрайды және де ол адамға бағытталғаны айқын болады. Қоғамда болып жатырған түрлі реформалар демократиялық тұрғыда жасалуда, осындай сәттерде баспасөздің дербестігі артады. Мұндай жағдайда соны істердің әр элементінің өзі механикалық тәсілмен үстірт шешім қабылдауды көтермейді. Қазіргі таңдағы ақпарат жинау, өңдеу, тарату қызметіндегі ғылыми-техникалық прогрестердің өзі моральдық тұрғыдан үйлестірілетін психологиялық, ар-ұждандық ерекше жағдайды қалыптастырып отыр. Компьютерлік технология баспасөз қызметіндегі іс-әрекеттерді жаңа өндірістік процеспен жеделдетті. Соның нәтижесінде оған қойылатын бақылауда кеміді. Сол себептен де, шығармашылық өнімнің сапасы журналистің кәсіби жауапкершілігімен, адамгершілігімен байланысты айқындалатын бақылау механизмі қалыптасты.

topics quickly and massively filled the front pages of newspapers, thereby reducing the cost of themselves, but at the same time causing a great stir among people. That's probably why crime journalism is now being compared to pulp fiction, because historically these topics have evoked thoughts of bad taste and something uneducated. This applies not only to newspapers, but also television programs with crime are recognized by society in a negative way, as something not very useful and poisoning the minds. In the history of crime journalism, there are several more prominent personalities that cannot be ignored, because it was they who became the reason for the development of this direction. For example, the American publisher James Gordon Bennet, who found it interesting to delve into the topic of crime in his articles, describing in detail the results of the investigation of murders and big scandals. Many newspapers condemned his choice and even unleashed a moral war, defending the right that such material is not acceptable for print publication. True, criticism did not justify itself much, in 1840, James Gordon's newspaper called "Herald" gained immense popularity in the United States and became the best-selling among print publications [6]. All this success was due to crime news and scandalous reports, the publisher himself was fond of investigations and therefore the content of his newspaper was filled with just such material. It was the first flash in the history of journalism, so to speak, when the reader became interested in learning about all the criminal events, but it was not the last.

The second stage came at a time when criminology in journalism reached a new level. Joseph Pulitzer became one of the most important spokesmen in history, he founded a newspaper in 1878 called "St. Louis Post – Dispatch", and in 1883 acquired the publication "New York World" it was these works that became very significant for his career [7; 116]. He was a very assertive and demanding editor and was smart enough to understand that everyone wanted to read about crime. Therefore, he filled his newspapers with reports of violence, crimes and murders. Thus, Joseph Pulitzer increased his circulation sales and was not going to stop there. Whatever the words are not empty in this article, we bring to your attention several headlines of articles that were published in his newspaper: «The last night of Kennetty», «Breath of death», «Little Connelly's lovers», «Terror on Wall Street» and other equally poignant titles. It can be concluded that in those days criminal journalism was very actively promoted, maybe their articles were too open about some points, so people accepted this information as gossip and scandals, but not as news material.

At the turn of the Pulitzer world of journalism, a second editor appears who was inspired by Joseph and his papers. William Randolph Hearst was a fan of crime journalism and in 1887 became the head of a newspaper called the "San Francisco Examiner", where the topics of crime were also revealed. His editing remained the same strict and always demanded a sensation. There was little competition for the public in terms of crime journalism between Joseph Pulitzer and William Hearst [8]. In this fight for the American readership, two editors have reduced the price of their newspapers to a cent to make them more accessible to a people who cannot afford expensive press. Their target audience was designed for people from the lower strata, because they were the ones who were interested in various criminal stories.

But not only American journalism developed during this period, but also in the

United Kingdom crime stories in newspapers became popular. From history, we know the fact that the British succeeded in the newspaper business, it was they who opened the print media, which issue their circulations to this day. Returning to criminal journalism, in 1896 in London this genre began to develop actively and received a great response among readers. Alfred Harmsworth is one of the founders of a UK newspaper called the "Daily Mirror", he made another revolution in journalism, creating the first small-format newspaper [9]. This view was very convenient for readers, they could find out the news in cars, city subways and other places where large sheets were not practical to use. Their pages were simply littered with criminal articles, which described in detail the criminal chronicles of recent events.

The editor liked to develop such news, because it brought them a lot of money and people choose such material, because of the interest and slight scandal of such texts in the media. During this period of the development of criminal journalism, readers followed with interest what was happening under their windows, because all the news reports with crime were not about neighboring countries, but exactly what was happening in one state. Photo reports also gained their popularity, this is due to the fact that people did not just have to read about crimes and murders, but they wanted to see a picture or rather an image. More than that, the content became more diverse and colorful, gave expression to the text and conveyed all the emotions and photos of criminals were also important, thereby making it less secretive and safe for people.

At that moment, many newspapers used bloody photo reports, namely such publications as: "Los Angeles News", "Philadelphia Daily News", "Detroit Daily" and "Chicago Times". A fairly large and impressive list of newspapers that used pictures of photo reports in their criminal articles. Exploring the history of the emergence and development of criminal journalism, we can conclude that it originated in Ancient Rome and developed in the countries of America, but now it is interesting to study how this direction turned out to be in the journalism of the CIS countries, and who was the pioneer among the neighbors of Kazakhstan. If we compare the publications of those years and the current ones, then of course there are changes, but the essence remains the same, because people will always be interested in someone else's story, even if it is negative.

The process of development of crime journalism among the current CIS countries began in pre-revolutionary Russia and it has distinctive moments in comparison with America. In the second half of the nineteenth century, yellow newspapers appeared in the media, as they are called still. But one fact is that before it was not considered a tabloid press, what understanding we have now. The yellow newspapers did not try to overshadow the classic version, they were created in order to occupy their own unique niche in the Russian press. For the first time in the history of Russia, news appears with reporters reporting on criminal acts in such yellow newspapers as: "PetersburgskayaGazeta", "Petersburg Leaflet", "Moscow Leaflet" and "Kopeyka". It was they who became the first in the development of criminal journalism in Russia, and they received great success in this direction. For this, there were several favorable facts, firstly, a low price, since these newspapers were issued for people with average earnings, and therefore the circulation cost a penny. The second fact is the novelty of the topics, before that no one had written about the murders, it had never

occurred to anyone to tell the reader about crimes with high information saturation, sensationalism and most importantly, the presence of photographs and pictures.

True, all this did not last long and in 1917, when the Bolsheviks came to power, the yellow newspapers were forced to stop actively developing, all because of censorship, which did not allow this format to go to the masses. And then the period of the existence of the USSR begins, where even ordinary journalism received a big pause in development [10]. Many believe that in those years there was not much forensic science, but the facts that appear over time make it clear that crime existed and even flourished, however, it was impossible to talk about this for the general masses. Supporters of peaceful life in the USSR deny this statement and believe that the serial killers Mikhasevich and Chikatilo appeared in a large country only because developed socialism by the mid-eighties of the last century had completely lost all its positive aspects and was no longer the same as before [11;6]. And before that, there are allegations that there was no violence, everyone lived peacefully and without big and high-profile cases. Now, everyone already understands that in the USSR there were no less crimes than in the modern world, although the newspapers then always kept silent about this and hid all the traumatic details, so as not to destroy the picture of the world.

Criminal journalism was completely absent at that moment and all because of ideological considerations. Television and printed publications informed people only about the news from the fields and conveyors, about how quickly the country was prospering and how many plans were completed in a short period of time. So, this silence continued until the collapse of one big country, when journalists got a new look, where the rules of communist propaganda were absent. Criminal journalism has declared itself in full measure after glasnost. This moment was able to convey the famous film director Stanislav Govorukhin, who managed to convey the stages of development of forensic science in a period when this was not talked about in society. He defined this process as the Great Criminal Revolution, which began in the nineties in Russia. His work was included in a three-episode film with the same title as the period he described during the silence of forensic science in journalism. He also published a book that was created during the filming of the film, it also describes criminal cases that no one talked about. Even democratic Russia could not afford to show this, so the film was banned on the territory of the Russian Federation to be shown on television. The content of the films is reflected in the titles of some chapters of the book: Russia wholesale and retail, the Ural mafia, the criminal mafia state and others [12; 22]. And then the most popular TV show appeared on the screens, where forensic science was present, it was called "600 seconds" with Alexander Nevzorov. The program included stories with scenes of violence, fires, obscenities, naked bodies and blood. There was a lot of criticism towards the presenter and content, but at the same time, the TV program was included in the Guinness Book of Records as the highest rated TV project. Having studied the history of the emergence of criminal journalism, one can understand exactly how, over time, it interested people and who it was designed for. Now there are more representations about this direction in the media. Crime journalism as a genre has come a very long way from ancient Rome to the present day, as readers reacted differently to crime news, about violence, murders and various scandals. Thanks to history, it was revealed where the interest in the negative

came from, how a person realized that it was possible to talk about it to a mass audience and the consumer would like it, and not be condemned. All these conclusions were made in this chapter in order for the topic and its origin to be clear in further research and analysis, it is important to understand why crime journalism is now versed in work.

List of used literature

- 1 Kuchma V. V. // *State and law of the Ancient world and the Middle Ages - Volgograd*, 2001. — 103-123 p.
- 2 Sokolov V. Yu. // *The emergence and formation of criminalistics in Germany and Russia - Krasnodar*, 2011. — 75 p.
- 3 Wikipedia // *Actadiurinapopuli Romani* — URL: https://web.archive.org/web/20190406063151/https://ru.wikipedia.org/wiki/Acta_diurna_populi_roman_i
- 4 Reginald P.C. Mutter // *Arts of Daniel Defoe* // Educational web portal Britannica// www.britannica.com/biography/Daniel-Defoe
- 5 Lee J.M // *History of American journalism - Boston, New York, Houghton Mifflin Company*, 1923. — 9-11 p. - <https://archive.org/details/>
- 6 James Gordon Bennett // *Biography* — URL: <https://web.archive.org/web/20160303165722/http://www.abrahamlincolncartoons.info/SubPages/Biography.php?UniqueID=7>
- 7 Baker, Kevin // *The World on Sunday: Graphic Art in Joseph Pulitzer's Newspaper, 1898-1911* — *Wilson Quarterly* 29.4, 2005. — 116 p.
- 8 Studme.org: [Electronicresource] // *The history of the emergence and development of criminology in Western Europe and the United States* — URL: https://studme.org/322943/pravo/istoriya_vozniknoveniya_razvitiya_kriminalistiki_stranah_zapadnoy_evropy
- 9 Newspaper: [site] // UK "Daily Mirror" — URL: <https://www.mirror.co.uk/>
- 10 Radnews.ru: [Electronicresource] // *The history of the development of criminal journalism in Russia* — URL: <http://www.radnews.ru/history-of-criminal-development-magazine/>
- 11 Rakitin A. I. // *Mysterious crimes - M. : AST*, 2009. — 6 p.
- 12 Tillet A. A. // *The Great Criminal Revolution in Russia. Mafia in power*, 2003. — 22 p.

Меруерт ӘБДІҚАППАР,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Журналистика факультеті, «Халықаралық журналистика» мамандығының 1-курс PhD докторанты

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЭКОСОФИЯ

Аңдатпа: бұл мақалада экософия туралы кеңінен мәлімет беріледі. Экософияны болашақ экожурналистерді дайындауда білім беру бағдарламаларына тиімді енгізу үшін бірнеше ұсыныстар айтылады

Кілт сөздер: экожурналистика, экософия, қазіргі медиа, ТДМ.

Экологиялық журналистика табиғатты қорғау мәселелерін хабардар етуде, қоғамды ақпараттандыруда, субъектілерді жауапкершілікке тартуда және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шараларды жүзеге асыруда шешуші рөл

атқарады [1]. Экожурналист қоршаған орта туралы жаңалықтарды зерттейді, тексереді, жазады, дайындайды және оны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізеді [2]. Олар тұрақтылық, биоәртүрлілік, жаңартылатын энергия көздері және басқа да экологиялық тақырыптарды қозғап, ол туралы ел сауатын арттырады [3]. Сонымен қатар қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша халық арасында пікірталас тудырады, экологиялық сананы насихаттайды, жалпы ел арасында еленбейтін тақырыптарды көтереді. Оған қоса қоғам мүшелері, мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар және қоршаған ортаны қорғауға қатысатын кез келген қауымдастық арасында синергия жасайды [3]. Экожурналисттің тағы бір қызметі, олар ғылыми зерттеулер мен жалпы жұртшылық арасындағы алшақтықты, яғни күрделі ғылыми ұғымдарды, маңызды тұжырымдарды түсінікті тілде жеткізеді [4]. Қоршаған орта мәселелерінен зардап шеккен қауымдастықтар мен жеке тұлғалардың дауысын естіртеді [4]. Экожурналист өзінің репортажына, әңгімелеріне және қоршаған орта мәселелеріне жалпы көзқарасына экологиялық философияны енгізу арқылы, яғни экософияны байланыстыра алады.

«Экософия» дегеніміз не?

«Экософия» термині 1970 жылдары Феликс Гуаттари мен Арне Несстің еңбектерінде кездеседі. Термин сөзбе-сөз аударғанда экология + философия дегенді білдіргенмен ғалымдардың түсінігі мен бағыты әртүрлі. Гуаттари экософияны әлеуметтік экология (және психикалық экология) түсінігімен тығыз байланыстырады. Ол екеуін бір-бірінен оқшаулана, бөлектене алмайтынын, бірлесе отырып қоршаған орта мәселелері жөнінде жаңаша ойлануға жол ашатынын айтады. Шын мәнінде, Гуаттари қоршаған орта туралы ойлауды және қоршаған орта мәселелері бойынша әрекет етуді әлеуметтік және психикалық мәселелер бойынша ойлау мен әрекет етуден бөлуге болмайды деп есептеді [5].

Норвегиялық философ Арне Несс ұсынған экософия термині адамдар мен табиғи орта арасындағы күрделі қатынастарды терең және тұтас деп түсінуді қамтиды. Яғни барлық тірі организмнің өзара тәуелділігін және олардың экожүйедегі өзара байланысын айтады. Ғалым экософияның негізгі бөліктері деп ішкі құндылық, биологиялық әртүрлілік және оның өзара байланысы, ауқымды экология (deeper ecology), тұрақтылық, этиканы ұсынды [6]. Ал экософияның негізгі принциптеріне мыналар жатады:

1. Экологиялық үйлесім немесе тепе-теңдік: Экософия адам, табиғат және қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікке ұмтылады, адам күрделі өзара байланысты жүйенің бөлігі екенін мойындайды [7].

2. Тұтастық: Экософия биологиялық әртүрлілікті, экожүйелерді және түрлердің генетикалық әртүрлілігін сақтауды қамтитын табиғи жүйелердің тұтастығын сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді [8].

3. Өзін-өзі тану: Бұл принцип – Арне Несстің экологиялық дағдарысты шешу үшін адамдар қоршаған ортаға деген идеологиясын, көзқарастарын және құндылықтарын түбегейлі өзгертуі керек деген идеяға бағытталған ауқымды экология (deeper ecology) қозғалысының негізі [8].

4. Биоцентрлік эгалитаризм: Экософия өмірге құштарлық көзқарасын алға тартады, мұнда әрбір табиғи тұлға тең және құрмет пен қорғауға лайық деп саналады[9].

5. Экологиялық этика: Экософия адам мен табиғаттың өзара байланысын мойындайтын, биосфераны сақтаудың маңызын түсіндіретін экологиялық этиканы дамытуды қуаттайды [9].

6. Экологияның алуандығы: Экософия қоршаған орта мен тіршілік ету ортасының бар екенін мойындайды және осы алуан түрлі жүйелерді қорғау және сақтау қажеттілігіне баса назар аударады [10].

Сондай-ақ экософия өмірдің әртүрлі салаларына, соның ішінде сәулет, қала құрылысы және экологиялық саясатқа енгізілді және тұрақты даму саясаты мен бастамаларының дамуына әсер етті [10].

Экософия – экология туралы ойланудың философиялық негізі, ол адамдар мен қоғамды табиғатпен үйлесімді және тұрақты қарым-қатынасқа бағыттайды. Кең мағынада айтсақ, адамды көзқарасы мен әрекеті жөнінде экожүйе контекстінде тағы да бір тереңірек ойлануға шақырады.

Қазақ мәдениетінде экософия деген нақты атауы болмағанмен, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, әр тіршілік иесіне кие дарытқан аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, наным-сенімдері болған. Экософия этноэкологиямен де байланысады. Былтыр сондай дүниелерді жинақтаған «Ecosophy немесе киелі табиғат» деген кітап жарық көрді. Жоба авторы Санжар Керімбайдың айтуынша, кейбір дамыған елдер экософияны мектеп қабырғасынан бастап оқытады. Бұл кітап бір тіршілік иесін аман сақтай алса үлкен жетістік дейді[11].

Экожурналистердің экософияны өз репортаждарына қосқан сәтті мысалдарының бірі – Дэвид Уоллес-Уэллстің «Өмір сүруге жарамсыз жер» деген еңбегі. Алдымен New York Times-та мақала кейіннен кітап боп жарық көрді. Климат дағдарысының жай-күйін бере алған, тақырып бойынша ықпалы мол әрі түсіндірмелі шығарма [12,13]. Кітап авторы бір сұхбатында былай дейді: «Мен климат туралы бірнеше жыл бұрын эколог ретінде емес, я адвокат ретінде емес, жақын болашаққа қызығушылық танытқан журналист ретінде оқып, жаза бастадым. Ғылыми зерттеулердегі барлық жаңалық газеттегі, теледидардағы жаңалықтардан әлдеқайда қорқынышты болды. Қазір ғаламшарымызды ойласам, бойымды қорқыныш билейді. Өйткені ғылым жаңалықтары өте үрейлі, залал деген үдеп тұр. Ал оның әсері өте тез байқалып жатыр. Менің кітабым ғылымға жүгінбейтіндерге ғылымды түсіндіруге тырысады» [14]. UNEARTHED қауымдастығы Уоллес-Уэллс жалықтыратын тақырыпта түсінікті, ұғынықты жазу қабілетінің арқасында бүгінгі күннің ең ықпалды климат жазушыларының бірі болып қала береді деп баға береді[13].

Болашақ журналист өз жұмысында экософияны қалай кіріктіре алады?

Осы бағыттағы экожурналистерді тыңдай келе осындай нұсқаулық ұсынамын:

- Экософия және негізгі экология принциптері туралы ізденіп, білім алыңыз. Барлық тіршілік иесінің өзара байланысын және биологиялық әртүрліліктің маңызын зерттеңіз.

– Экологияға қатысты философтардың, әсіресе, экософия терминін енгізген Арне Несстің еңбектерімен танысыңыз.

- Адам мен табиғи жүйенің өзара тәуелділігін көрсететін мәселелерге назар аударыңыз.

- Экологиялық мәселелер туралы хабардар болып қана қоймай, ықтимал шешімі мен оң бастамаларды зерттейтін материалдарды көп оқыңыз.

- Түсінгеніңізді тереңдету үшін, түйгеніңіз дәл болу үшін ғалым, эколог және сарапшылармен ынтымақтастықта болыңыз.

- Мақала не материалыңызды өзекті проблемалы репортаждан шешімге бағытталған журналистикаға ауыстырыңыз.

- Табысты экологиялық бастама, инновация, жобалардың мысалын бөлек жіктеңіз.

- Жергілікті тұлғалармен және ұйымдармен қарым-қатынасты дамытыңыз

- Оң өзгерістерге бағытталған экологиялық белсенділер мен ұйымдардың дауысын көбірек естіртіңіз.

- Өз аудиторияңызға, мысалы, инстаграм, тик-токта экологиялық түсініктер мен адам әрекетінің қоршаған ортаға әсері туралы айтыңыз.

- Мақалаңызда экологиялық саналы таңдау туралы практикалық кеңес беру арқылы жұртшылықты оң әрекетке шабыттандырыңыз.

- Экология ғылымы мен философиясындағы соңғы жаңалықтардан хабардар болыңыз.

- Экософия туралы түсінігіңіз дамыған сайын журналистік көзқарасыңызды қайта бейімдеуге ашық болыңыз.

Қорыта айтқанда, экософияны журналистикаға енгізу арқылы экологиялық саналы және экосауатты қоғамға үлес қоса аламыз. Журналист ақпарат беріп қана қоймай, сонымен қатар оң өзгерістер жайлы, адам мен табиғат әлемі арасындағы байланысты тереңдетеді, арттырады. Экософия болашақ ұрпаққа экологиялық тепе-теңдік пен табиғи жүйелерді қалпына келтіру мен қолдаудың маңыздылығын үйрету үшін журналистикалық білім беруде, академиялық ортада басты тақырып ретінде пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.environmentaljournalists.org/the-role-of-environmental-journalists-in-raising-awareness/>
2. https://www.sagepub.com/sites/default/files/upmbinaries/90202_Chapter_5_Pages_from_Pezzullo_Environmental_Communication_and_the_Public_Sphere_5e.pdf
3. <https://www.iberdrola.com/culture/environmental-journalism>
4. https://wwf.panda.org/wwf_news/
5. <https://www.tandfonline.com/doi/epdf/10.1080/00131857.2022.2071261?needAccess=true>
6. [Aesthetic Engagement, Ecosophy C, and Ecological Appreciation \(umich.edu\)](https://www.umich.edu/~ecology/aesthetic-engagement)
7. <https://shivnadarschool.edu.in/blog/ecosophy-future-humankind>
8. <https://philarchive.org/archive/TALOS>
9. <https://www.britannica.com/topic/deep-ecology>
10. <https://iiraorg.com/2021/10/12/what-is-ecosophy/>
11. С.Керімбай, Ә.Нәби, С.Нұрқабекұлы, М.Төлеген «Экософия немесе киелі табиғат» – Алматы: “ОтбасыBooks”, - 2022 - 5 бет

12. <https://unearthed.greenpeace.org/2022/12/23/best-environmental-journalism-2022/>
13. <https://shorthand.com/the-craft/environmental-journalism-examples/index.html>
14. [The Uninhabitable Earth: A Story of the Future by David Wallace-Wells \(youtube.com\)](https://www.youtube.com/watch?v=...)

Гүлден ЖИЛЬКЕЛЬДИЕВА

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің

2 курс магистранты

e-mail: gulden160290@gmail.com

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ: COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ МЕДИА САЛАСЫ МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ САРҚЫЛУЫ

***Аннотация.** 2019 жылғы (COVID-19) коронавирус пандемиясы кезінде медиа саласы мамандары мен медицина қызметкерлерінің жұмыстан шаршап таусылуы, кәсіби сарқылуы денсаулық сақтау саласының маңызды мәселесіне айналды. Бұл көптеген қызметкерлерге кері әсер етті. Қоғамның күйіп тұрған қиындығына бетпе-бет келіп қызмет атқарған медиа саласының мамандары яғни, БАҚ өкілдері мен медицина қызметкерлері екені белгілі. Тәулігіне 24/7 режимде жұмыс істеген де осы мамандар. Бірі дұрыс ақпаратты дер кезінде елге жеткізіп, тіршілік тынысын бақыласа, екіншісі ауруға шалдыққан адамдарды емдеу жолында жанкешті еңбек етті. Таусылу синдромы дәлелденбегенімен нозологиялық, физикалық, психикалық және әлеуметтік салдарға міндетті түрде әкеледі. Осындай стрестік жағдайларға бейімделу үшін практикалық стратегиялар мен тиімді құралдар қажет. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – адамның өміріне кері әсер ететін кәсіби сарқырудың себептерін анықтау.*

***Кілт сөздер:** таусылу, кәсіби сарқылу COVID-19, медиа, журналистер, медициналық қызметкерлер, пандемия, шолу.*

Кіріспе. Кәсіби сарқылу – бұл маңызды мәселе. 2019 жылғы коронавирустық пандемия уақыты (COVID-19) майдандағы медиа саласының мамандары мен денсаулық сақтау қызметкерлері әртүрлі жағдайларға тап болды. Мүмкін болатын физикалық және психологиялық стресстердің түрлері кәсіби сарқылуға әкеледі [1]. Сонымен қатар ұйқы проблемалары және психоәлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі оның қаупін арттыруы мүмкін [2], [3]. COVID-19 фонындағы клиникалық жағдай кәсіби сарқылу мен жұмыстан шаршау - медициналық хабарланған жалпы синдром жұмысшылар мансабының барлық кезеңдерінде болады. Мысалы, жақында жүргізілген Мета-анализде кәсіби сарқырудың таралуы дәрігерлер, медбикелер және аурухананың басқа медициналық қызметкерлері арасында Таяу Шығыста 40 - 60% шегінде бағаланды [4].

Таусылу мен кәсіби сарқырудың мұндай айтарлықтай ауыртпалығы келесі жағдайларда артуы мүмкін. COVID-19 өршу уақыты, өйткені үлкен жұмыс жүктемесі болды. Журналистер тәулік бойы хабар таратып, қауырт жұмыс жүргізді. Бұл уақытта көпшілігіне медициналық көмек көрсетілуі керек еді [5].

Қосымша деректер көрсеткендей медбикелер, оның ішінде әйелдер, жас ерекшеліктеріне қарай, жеке сипаттамаларына қарай, көптеген шығындардан

туындаған қайғы-қасірет және пандемия салдарынан туындаған жұмыс жүктемесін орындау барысында көмекші ресурстардың жоқтығынан қызметкерлердің эмоционалды таусылуға тап болуы ең маңызды қауіп факторлары болып табылады [5-10]. Егер медициналық қоғамдастықтар осы дағдарыстың алдын алмаса, провайдерлер, пациенттер және бүкіл денсаулық сақтау саласы үшін үлкен шығындар алып келуі мүмкін [4.11].

Пандемия барлығының, соның ішінде журналистердің психологиялық жағдайына әсер етті. Коронавирус, мазасыздық және шаршау туралы жалған жаңалықтар - бұл соңғы айларда әлемнің түкпір-түкпірінен келген редакторлардың көпшілігі тап болды, деп хабарлайды халықаралық журналистер орталығының зерттеуінде. 80 % журналистер пандемия кезінде мазасыздық, шаршап – шалдығу және ұйқының бұзылғанын айтқан. Респонденттердің көпшілігі пандемия кезіндегі психологиялық қиындықтарды басты мәселе деп атады. Журналистердің шамамен 81%-ы коронавирус туралы жалған жаңалықтарды үнемі кездестірген. Сонымен қатар, журналистердің 61%-ы коронавируска байланысты өз жұмысына деген адалдықты сезінген. Респонденттердің жартысы бірінші толқын кезінде аудиторияның олардың басылымына деген сенімі артқанын атап өтті.

Негізгі бөлім. Кәсіби сарқылудан аулақ болу керек. COVID-19 пандемиясынан бөлек жұмыс орнындағы жиі орын алатын стресстер, жеке адамдар арасында бұрыннан бар психоэлеуметтік ауыртпалықтар да бар екенін ұмытпауымыз керек [12]. Қызметкерлердің іштей таусылу, кәсіби сарқылу моделі алғаш рет жасалды. Фрейденбергердің көзқарасына негізделген Маслахом әдісі ол мыналардан тұрды. Үш өлшем, атап айтқанда: сарқылу, иесіздендіру және жеке жетістіктерін төмендету [14]. Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасында (ДДҰ), кәсіби сарқылу - бұл «энергияның сарқылу сезімімен» белгіленген жұмыс істеуге байланысты созылмалы стресстен туындайтын клиникалық жағдай; ақыл-ой қашықтығының ұлғаюы немесе негативизм немесе цинизм сезімдерімен байланысты және кәсіби тиімділіктің төмендеуі» [15].

COVID-19 кезінде аурудың жаңа толқыны басталғанда ауруханалар клиникалық қондырғылар мен медициналық топтарды жылдам қамтамасыз етуге мәжбүр болды. COVID-19-өте жұқпалы патогенді вирустық инфекция болғандықтан пациенттердің күннен - күнге өсіп келе жатқан толқынын басу үшін, бүкіл әлемдегі медициналық жүйе медицина қызметкерлеріне олардың әдеттегі клиникалық мамандығына жатпайтын немесе қарау аймағына кірмейтін жерлерге жіберуге міндетті болды. Ауысым уақытымен болмай, қызметкерлер күн - түн демей ұзақ уақыт бойы үзіліссіз жұмыс атқарды [16]. Салыстырмалы түрде медиа мамандарын қарастырайық.

Журналистер қауіпке қарай жүгіретін адамдар. Егер бірдеңе болып жатса, қарапайым адамдар қашып кетеді, ал дәрігерлер немесе құтқарушылар сияқты журналистер оқиға орнына асығады. Журналистер адамдармен жұмыс істеуі керек, адамды аша білуі керек, барлық әңгімелер өздері арқылы өтеді. Мұнда жіңішке сызық бар, сіз өзіңізді цинизм қабырғасымен қоршай алмайсыз және бәрін жүрегіңізге тым жақын қабылдай алмайсыз. «Журналист» журналы

пандемияға ұшыраған журналистердің психологиялық проблемалары туралы ғылыми зерттеулермен бөлісті. Пандемия жағдайында журналистер әлемдегі адамдардың көпшілігімен психоэмоционалды жағдайға теріс әсер еткен сынақтарды жариялады. Үйден жұмысқа ауысудың қиындықтары немесе ауру мен өлімнен қорқу жиі болды. Бірақ журналистік қызметтің ерекшелігі ерекше кәсіби қиындықтарға әкеледі.

Зерттеудер мен нәтижелер. 2020 жылдың мамыр – маусым айларында Колумбия университетінің журналистика жоғары мектебінің халықаралық журналистер орталығы мен цифрлық журналистика орталығы 125 елден бір жарым мыңға жуық журналистерге сауалнама жүргізді. Психикалық денсаулық мәселелері проблемалардың арасында бірінші орынға шықты, тіпті жұмыс орнын жоғалту немесе кірістің төмендеуі (сауалнамаға қатысқандардың 67%) және қарқынды қайта өңдеу (64%) туралы алаңдаушылықты жеңді. Торонто университетінің психиатрия профессоры Энтони Фейнштейн 2000 жылдан бері журналистердің психологиялық денсаулығын зерттеп келеді: пандемия АҚШ-тағы 11 қыркүйектегі шабуылдар, Ирак соғысы, есірткі барондары соғысы және Еуропадағы босқындарды қабылдау дағдарысы сияқты оқиғалармен қатар жүрді. Reuters журналистиканы зерттеу институтының журналистерге арналған стипендиялық бағдарламасының директоры Меера Силвамен бірге олар халықаралық жаңалықтар басылымдарында жұмыс істейтін 70-тен астам журналистерден сұхбат алды. Олардың зерттеуіндегі әрбір төртінші респондент жалпы мазасыздыққа тән белгілерді көрсетті: мазасыздық, жүйке сезімі, ұйқысыздық, нашар концентрация және шаршау. Әрбір оныншы адам жарақаттан кейінгі стресстік бұзылыстың айқын белгілерін көрсететін жауаптар берді: травматикалық оқиғаға байланысты оқиғалардың қайталанатын ойлары мен естеліктері, оқиға туралы естеліктерден аулақ болуға деген ұмтылыс, сондай-ақ кінә, қорқыныш, ашу және ұят тәжірибесі.

125 елден келген бір жарым мың журналистің сауалнамасының деректері алаңдатарлық. Сауалнамаға қатысқан әлемдегі медиа ұйымдардың әрбір үшінші қызметкері кәсіби сарқылуға, шаршауға, ұйқысыздыққа, дәрменсіздік сезіміне, обсессивті жағымсыз ойларға тап болды. 42 % - ы мазасыздықтың жоғарылағанын, 12% - ы өмірінде бірінші рет мазасыздыққа тап болғанын айтты. Әйел журналистер ерлерге қарағанда көбірек күйзеліске ұшырады өйткені балалардың үйде оқыту мәселелерін шешу қажеттілігі оларға қатты әсер етті.

Бұл проблемалар көбінесе эмоционалды сарқылуды тудырады, өйткені физикалық және психикалық сарқылу сезімі жұмыс ортасынан туындайды. Сонымен қатар, цинизм эмоционалды сарқылудан кейін адамдардың жұмысқа қанағаттанбау, өз жұмысына сынмен қарау сияқты психологиясына тиімсіз іштей өзін жей беру басталады. Осылайша, кәсіби сарқылу қазіргі кездегі денсаулық сақтаудың ең маңызды мәселесі болып табылады.

Белгілері мен симптомдары

Кәсіби сарқылу – бұл қозғалмалы процесс, сондықтан симптомдар алдымен шамалы, ал уақыт өте келе олар күшейе түседі. Сонымен қатар, жоғары сыртқы талаптарды жеңуге күш салу эмоционалды сарқылуды тудырады, бұл цинизмді ынталандырады. Демек, цинизм бұл катал циклде эмоционалды


сарқылуға әкеледі, тиімсіздік сезімін тудырады. Бұл уақыттың артта қалуы диагностикалық тұрғыдан маңызды, өйткені барлық адамдар жоғары балл жинай бермейді. Эмоционалды сарқылу, іштей таусылу қай жағынан болса да тиімсіз [17].

Сонымен, аурудың алғашқы белгілерін байқай білу керек. Кәсіби сарқылудың белгілері, ояту сигналдары сияқты болады [18]. Covid - 19 пандемиясы кезінде кәсіби сарқылудың үш негізгі белгілерін айшықтады. Эмоционалды сарқылу, иесіздену (немесе цинизм) және тиімсіздік. Эмоционалды сарқылу, күйіп қалудың негізгі жеке стресстік аспектісі ретінде, «сарқылу сезімін» білдіреді.

Олардың эмоционалды және физикалық ресурстары бар. «Деперсонализация (немесе цинизм) компоненті». Тұлғааралық контексте сарқылуды өлшеу «Тиімсіздік» өзін - өзі бағалау эмоционалды күйіп қалу аспектісі және сезімді білдіреді. Соңғы деректер ерлер мен әйелдерде сарқылу мен цинизм бірдей зардап шегетінін көрсетті. Алайда, тиімсіздік ер адамдарда сирек кездеседі. Шынында да, болжам еркектер әйелдерге қарағанда әлдеқайда аз күмәнданады. Эмоционалды іштей таусылудың одан да жоғары деңгейіне байланысты ауру күшейе береді [19]. 1 суретте кейбір ескерту белгілері және кәсіби сарқылу белгілері көрсетілген [20]. Себептері мен салдары пандемия кезінде, соның ішінде COVID-19, кәсіби сарқылу өзара әрекеттесуден туындауы мүмкін. Қоршаған ортаға және жеке факторларға байланысты факторлар 1-кестеде.

Қоршаған ортаға байланысты факторларға мыналар жатады: рөлдік қақтығыс, рөлдердің түсініксіздігі, жұмыс орнына байланысты оқиғалар және жұмыс жүктемесі. Жеке факторлар, мысалы бойдақ мәртебесі, жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігін бұзу және жеке қасиеттер (мысалы, өзін-өзі сынайтын перфекционизм, кешіктірілген қанағаттану мінез-құлқы, компульсивтілік және А типті тұлға) жұмысқа байланысты стресстің ауырлығын арттыруы мүмкін. Сонымен қатар, мүдделер мен хобби басқару механизмін құруға ықпал етуі мүмкін стресстер бар. Әлеуметтік қолдаудың жанама әсері эмоционалды болуы мүмкін және жеке тұлғаларды психологиялық қолдау стресс кезең және өз кезегінде әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі мыналарға әкелуі мүмкін [23]. Кәсіби сарқылу мен таусылуға бейімділік. Қабылдау үшін стресс және оны басқару эмоционалды әсер етуі мүмкін реттеу және оптимизм. 2,6,20-23 Сонымен қатар, кәсіби сарқылу әртүрлі физикалық жағдайларға әкелуі мүмкін және психоәлеуметтік денсаулық салдары, соның ішінде көңіл-күйдің өзгеруі, ашуланшақтық, мазасыздық, депрессия, тиісті дайындықтың болмауы және қызметкерлердің күтімге бейімділігін арттыру қажет. Жұмыстан кейін дененің ауруы, асқорыту жүйесінің бұзылуы және жүрек-қан тамырлары аурулары сияқты қиын кезеңдерге тап болмас үшін алдын алған жөн [24].

Кесте 1. COVID–19.[2,6,20-23] пандемиясы кезінде кәсіби сарқылуға байланысты қауіп факторлары



COVID-19 кезіндегі қауіпке баға бермес бұрын емханалардағы эмоционалды шаршап шалдығуға ұшыраған мамандардың жағдайын бағамдаған дұрыс. Кәсіби шаршап шалдығуға ұшыраған қызметкерлердің жұмыстан шығып кетуге деген ниеті пайда болады. Ауруханадағы медицина қызметкерлерінің кәсіби сарқылуын скринингтеу үшін қолданылатын құрал Maslach Burnout Inventory (MBI) болып табылады [26]. Бұл тізімге табиғатты анықтау үшін қойылған 22 сұраққа сәйкес үш кіші шкала (атап айтқанда, эмоционалды сарқылу, иесіздену және тиімсіздік) кіреді. Бұл сипаттамадағы эмоционалды сарқылудың төменгі шкаласы «сезімді» өлшейді. Екінші кіші шкала, яғни цинизм үшін қолданылады. Өлшемдер алушыларға деген сезімсіз және тұлғасыз көзқарас біреудің қамқорлығы немесе нұсқауы. Төменгі тиімсіздік шкаласы «құзыреттілік пен сәттілік сезімін» өлшейді. Эмоционалды сарқылу мүмкін болғандықтан цинизм және тиімсіздік, бұл ішкі шкала келесідей

енгізіледі. Кәсіби сарқылудың маңызды құрамдас бөлігі. Эмоционалды сарқылу сонымен қатар медициналық көмек үшін қажетті шара болып табылады. Шаршап шалдығу, сарқылу жұмыс талаптары мен әртүрлі ресурстардың, атап айтқанда әлеуметтік ресурстардың жетіспеушілігінен туындайды [27]. Бұл шараның тиімділігі бағаланды. Копенгаген сарқылу тізілімі (СВІ). Бұл 19 тармақтан тұратын сауалнамада жұмыс пен тұтынушыларға қатысты жеке таусылып қалудың үш ішкі шкаласы бар. Жеке эмоционалды таусылу физикалық және психикалық сезімдерді бағалайды.

Қорытынды. Соңғы нәтижелер таусылу, кәсіби сарқылу тарихын және оның негізгі салдарын, себептерін және медиа мамандары мен денсаулық сақтау қызметкерлері арасында таралуын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясымен күресу үшін ауруханалар мен медициналық ұйым қызметкерлері қолданатын кейбір стратегиялар келтірілген. COVID-19 дағдарысы кезіндегі соңғы деректер журналистер мен медициналық персоналдың тың өзгерістерге араласудан айтарлықтай жақсы әсер алатынын көрсетті. Осылайша, медиа мамандары мен денсаулық сақтау саласындағы тәжірибелер ұжымның бірлесуін және салауатты өмір салтын ұстанатын ұжымдық жұмыс тәртібін құра алуы эмоционалды таусылу мен шаршаудың алдын алатын нақты қадамдар екенін айқындады.

Соңғы тергеулерге сүйене отырып, кейбір медицина мамандары кәсіби таусылудың дамуын COVID-19 дағдарысымен байланыстырады. Осылайша, тар ойлайтын кәсіпқойлардың алдын алу үшін нақты іс-шаралардың тиімділігін бағалау қажет. Қолда бар деректер мынаны көрсетті. Медиа және медициналық қызметкерлердің кәсіби сарқылу және таусылу синдромын алдын - алып өзгертуге араласу айтарлықтай пайда әкелетіні дәлелденді. Әсіресе, әріптестік ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралардың маңызы зор болды. Сонымен, медиа мен денсаулық сақтау саласының саясатын жасаушылар тәжірибешілер де осындай шараларды қабылдап, дені сау болуға ықпал ететін нақты жағдайларды ескеретін тәсілдерді әзірлеуі керек. Дені сау медициналық мамандар ғана науқасты емдей алады. Жүйкесі бұзылмаған журналист ғана жөнді ақпараттандыру жұмысын жүргізе алады. Жүйе дұрыс құрылғанда ғана қызметкерлері кез - келген COVID-19 сияқты дағдарысқа дайын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Chor WPD, Ng WM, Cheng L, et al. Burnout amongst emergency healthcare workers during the COVID-19 pandemic: a multi-center study. *Am J Emerg Med* 2021; 46: 700–702.
2. Aronsson G, Theorell T, Grape T, et al. A systematic review including meta-analysis of work environment and burnout symptoms. *BMC Public Health* 2017
3. Felton JS. Burnout as a clinical entity-its importance in health care workers. *Occup Med* 1998
4. Houkes I, Winants Y, Twellaar M, et al. Development of burnout over time and the causal order of the three dimensions of burnout among male and female GPs. A three-wave panel study. *BMC Public Health* 2011; 11: 240.
5. Sarbooji Hoseinabadi T, Kakhki S, Teimori G, et al. Burnout and its influencing factors between frontline nurses and nurses from other wards during the outbreak of Coronavirus Disease - COVID-19- in Iran. *Invest Educ Enferm* 2020

6. Salvagioni DAJ, Melanda FN, Mesas AE, et al. Physical, psychological and occupational consequences of job burnout: a systematic review of prospective studies. PLoS One 2017

7. Kannampallil TG, Goss CW, Evanoff BA, et al. Exposure to COVID-19 patients increases physician trainee stress and burnout. PLoS One 2020

Алима БАҚЫТБЕК,

*Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
4- курс студенті*

Ғылыми жетекші: Нұрлыбаева Э. Н., PhD

email: alima2222@icloud.com

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ-ТА ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының үздіксіз революциялық өзгеруі бүкіл адамзат пен әрбір жеке адамның өмірінің материалдық-өндірістік және әлеуметтік-саяси, мәдени-идеологиялық салаларына өсіп келе жатқан әсер ететіні жайлы қарастырылған.

Кілт сөздер: медиа-ландшафт, цензура, медиа манипуляциялар, БАҚ-ты мемлекеттік қолдау, әлеуметтік желілер, медиа-білім, БАҚ тәуелсіздігі, әлеуметтік-мәдени контекст.

Аннотация: В статье речь идет о непрерывном революционном изменении средств массовой информации, оказывающих все большее влияние на материально-производственную, социально-политическую, культурно-идеологическую сферы жизни всего человечества и каждого отдельного человека.

Ключевые слова: медиаландшафт, цензура, манипуляция СМИ, государственная поддержка СМИ, социальные сети, медиаобразование, независимость СМИ, социокультурный контекст.

Кіріспе

Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі қоғамдық мәдениеттің шешуші бөлігін құрайды. Ал бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұқаралық мәдениет ұлттық қоғамдар шеңберінде де, жаһандық шектерде де кең қабаттарға, ең алыс бұрыштарға еніп отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының үздіксіз революциялық өзгеруі бүкіл адамзат пен әрбір жеке адамның өмірінің материалдық-өндірістік және әлеуметтік-саяси, мәдени-идеологиялық салаларына өсіп келе жатқан әсер ететінін зерттеушілер бүгінде дәлелдеді.

Қазіргі уақытта адам баласы жаңа саяси ойлауды, адамның адаммен, мемлекетпен қарым-қатынасына жаңа көзқарасты дамытуы керектігін айқын сезінді. Осыған байланысты диалогты кеңейтудің, бірқатар маңызды мәселелер бойынша ынтымақтастық пен өзара түсіністік орнатудың жаңа мүмкіндіктері ашылуда және бұл Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарына да қатысты болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары байланыс құралы ретінде, барлығын және барлығын нақты әлеммен байланыстыру құралы ретінде Мәдени құндылықтарды үйлестіру мен өзара алмасудың жаңа саясатын жасауға ықпал ете бермек. Бұл қызмет 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бейбітшілік пен

келісімде бір аумақта тұратын көпұлтты Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралы үшін басым болып саналады. Бұқаралық ақпарат құралдары біздің өміріміздің өзгерген шындықтарының рухани-идеологиялық құрамдас бөлігінің өзгеруін анықтайтыны белгілі [1].

Қазіргі әлемде, соның ішінде Қазақстанда бұқаралық коммуникациялар ақпараттық ортада және қоғамдық динамиканы қалыптастыруда орталық рөл атқарады. Бұл оларды ақпарат таратудың, пікір алмасудың және азаматтардың қоғамдық процестерге қатысуының маңызды құралына айналдырады. Біз біртұтас байланыс заманында, яғни бүкіл жер шарындағы адамдар ақпараттық ағымға сүйенген, ақпарат пен коммуникация ғасырында өмір сүрудеміз. Әлемнің бүгінгі келбетін де коммуникация айқындайды. Ал, БАҚ қоғамдағы бұқаралық коммуникацияны жүзеге асырушы маңызды құрал. Бұқаралық ақпарат құралдары - бүгінде қоғамның басқа салаларына қарағанда саяси процестердің басты коммуникациялық құралына айналып отыр. Өйткені саясаттың өзі атқарып отырған қызметінің ақпарат құралдарынсыз еш пайдасыз екендігін түсіне бастады.

Саяси коммуникация тұрғысынан алғанда бұқаралық ақпарат құралының қоғамдық пікір қалыптастырудағы қызметін екіге бөліп қарастырсақ. Біріншісі, БАҚ - тың күнделікті саяси процестегі жұмысы болса, екіншісі, сайлау компанияларындағы қызметі. Алғашқы қызмет мемлекеттегі өтіп жатқан саяси процестерді көпшілікке тиімді жеткізу, коммуникатордың мәліметін дұрыс түсіндіру бағытында үздіксіз жүріп отырады.

Идеология субъектілерінің бірі ретінде бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санасына ықпал етеді. Бір жағынан БАҚ қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етсе, екінші жағынан қоғамдық пікір қалыптастырып, азаматтардың санасын манипуляциялайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы артып, ауқымы кеңейген сайын, қоғамда олардың атқаратын функцияларына байланысты жаңа көзқарастар қалыптасуда. Соның бірі БАҚ-тың қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі. Бұл көзқарас бүгінде айқындалып, мемлекет пен ұлт болашағы үшін БАҚ-тың маңыздылығын одан әрі арттыра түсті. Алайда бұл, бұқаралық ақпарат құралдары теориясындағы бүтіндей бір бағыттың негізгі мәселесі болып қала беруде. Қазақстан бүгінде сыртқы әлемге өз болмысымен танылды, ашық қоғамға қадам басумен қатар көптеген игі бастамаларға да қол жеткізуде. Кез келген мемлекеттегі дамыған ақпараттық кеңістіктің болуы демократиялық қоғамның негізгі белгілерінің бірі болып саналады. Осыған орай ел жетістігін бағалаудың ең маңызды өлшемі қоғамды біртіндеп демократияландыру болып табылады. Әрине, оның бұқаралық ақпарат құралдарынсыз еш мәні жоқ.

Еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, халықтың әл-ауқатын жақсартта түсетін, экономиканы дамытуға негізделген саяси реформалар жүргізу, Қазақстанның алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылуы тәрізді іргелі мақсат - міндеттер барлық қоғам мүшелеріне жоғары жауапкершілікті жүктейтіні анық. Осыған байланысты қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы азаматтардың саяси сана сезімі мен саяси белсенділігін көрсетуінің мемлекет үшін маңызы зор [2]. Бұл ретте БАҚ азаматтардың бойына өркениет

құндылықтарын негіздеуші, мемлекеттік құрылымдағы саяси жаңаруларды өмірге енгізуге үлес қосатын, қоғамдағы маңызды ақпараттық, идеологиялық қызметті жүзеге асырушы демократиялық институттардың бірі. Бұқаралық ақпарат құралдары тіпті өте қысқа уақыт аралығында да барынша көп адамға ықпал жасауға қабілетті. Ал дамушы елдердің бірқатар зеттеушілері, зиялы қауымы оны саяси модернизацияның шешуші факторы деп санайды. Қазіргі шетелдік ақпарат жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдары биліктің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Өйткені, БАҚ - саяси коммуникативті қатынастағы ең күшті құрал.

БАҚ-тың бір ғана саяси қызметінің ақпараттық, қоғамдық пікірді қалыптастырушы және саяси әсер етуші бағыттары қазіргі кезде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі таңдағы кең көлемдегі мүмкіндіктері, жұмыс істеу механизмдері, таралуы, ықпал ету тиімділігі мен дамуы терең зерттеуді әрі қадағалауды талап етеді. Басылым, теледидар, радио, ғаламтордағы сайттардың т.б. өсу қарқыны күн санап артуда.

БАҚ-тың маңыздылығы қауымға тек ақпарат таратуында ғана емес, сонымен бірге, сол ақпараттың оқырман немесе тыңдаушыға қалай жететіндігінде, қалай қабылдауында болып отыр. Осы ретте БАҚ-тың қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі зор. Ал, БАҚ арқылы азаматтардың санасында қалыптасатын қоғамдық пікір саяси, әлеуметтік тұрғыда үлкен қозғаушы күшке ие. Демек, идеологиялық қару ретінде бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен жауапкершілік [3]. Бұл орайда қоғамдық өзгерістерге сай болатын рухани ахуал туғызу керек. Мұның өзі мемлекеттің барлық салаларында оның ішінде идеология сияқты ерекше салада тек байсалды саясат арқылы ғана қолдау табады. Тап қазір қоғамда өткенді қайта бағалап, ертеңгі күннің артықшылықтарын онымен салыстыра қарау процесі жүруде. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тап болған талай қиындық, түсініспеушілік, шалағайлық, ел арасына іріткі салушылық т.б. артта қалды көбісі оң шешімін тапты.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларының бірінің бұл ережесі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін нақты іс-қимыл бағдарламасын білдіреді. Журналистер осы сөз бостандығын халық пен елдің игілігі үшін дұрыс және жемісті пайдалануы тиіс; өз шығармашылығымен халықаралық аренада және тұтастай алғанда әлемдік ақпараттық кеңістікте Қазақстан Республикасының оң имиджін, мемлекет имиджін – өңірлік көшбасшыны, құрметті халықаралық әріптесті, халықаралық терроризмге, есірткі трафигіне және ядролық қарудың таралуына қарсы күрестің белсенді қатысушысын құруға және қолдауға ықпал етуі тиіс, еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестердің бастамашысы және белсенді қатысушысы болған елдер [4].

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдары экономиканың құрамдас бөлігіне, "бұқаралық ақпарат сияқты тауарлармен сауда жасайтын" кәсіпорынға айналды. Әлемдік қоғамдастықтың тәжірибесі көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат әлеуметтік бағдарлаушы күш ретінде әрекет ете алады, басылымдардың, телеарналар мен радиостанциялардың әртүрлі түрлерінің үйлесімді және

орынды қатар өмір сүруін қамтамасыз етеді, қажетті басымдықтар жүйесін қолдайды.

Осылайша, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары қоғамды басқару, өзін-өзі басқару және бақылау процестеріне белсенді қатысады, Әлеуметтік-мәдени жүйенің барлық элементтерін және олардың өзара әрекеттесуін үйлестіру үшін делдал ретінде әрекет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. El.kz https://el.kz/qazaqstandyq-baq-ta-qogamdyq-pikir-qalyptastyrudyn-manyzy-artyp-keledi_76635/

2. Қисымов С. Журналистиканың функциялары мен принциптеріне жаңаша көзқарас. ҚазМУ хабаршысы. <https://martebe.kz/b-araly-a-parat-raldaryny-o-amdy-sanany-alyptastyruda-y-orny/>

3. Жамкенұлы С. Бізде бұқаралық ақпарат құралдар қанша? <https://martebe.kz/b-araly-a-parat-raldaryny-o-amdy-sanany-alyptastyruda-y-orny/>

4. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>

Аружан ҚОЖАБАЕВА,

*Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
“Медиажурналистика” мамандығының 4 курс студенті*

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, **Алтекова И.С.**

email: aruzhan_24@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҮРДІСІ

Аңдатпа: мақалада қашықтықтан оқыту платформасының өзектілігі мен оның ресурстары қарастырылған. Білім беру ресурстарына шолу осы салада білім алып жүрген студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға пайдасын тигізеді.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, білім беру платформасы, корреспонденттік курстар, сырттай оқу, мультимедиялық материалдар, веб платформалар.

Кіріспе

Қашықтықтан оқыту дегенде, бұған дейін ойда ешқандай түсінік қалыптаспаған болуы мүмкін. Өйткені балабақшадан бастап үнемі оффлайн түрде оқитынбыз. Ең қарапайым әдісі осы. Кейін мектепке оқуға түсіп, бірінші сыныпқа қадам басқанда да ештеңе өзгермеді. Біз үшін қашықтықтан оқыту деген түсінік ол кезде қалыптаспағанымен, қатты оның керегі де болмады. Бірақ олай қателесуге де болмайды. Қашықтықтан оқыту сонау 18 ғасырдан бастау алған. Оның қажеттілігін жаныңда бірге оқыған аурушаң адамдардан байқаған болуымыз мүмкін. Бір қызығы, мұғалімдер өздері сол ауырған баланың үйіне барып оқытуы, қашықтан оқыту деген сендерде ой қалыптастырды. Әлбетте бұл олай емес.

Қашықтықтан білім беру мен білім беру платформаларының даму тарихы ақпараттық технологияның прогрессімен тығыз байланысты. Әдебиеттерді шолудың бұл бөлігі қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың алғашқы

әрекеттерінен қазіргі заманғы білім беру платформаларына дейінгі қашықтықтан білім беру жүйелерінің (ҚБЖ) эволюциясының негізгі кезеңдерін қарастырады.

Корреспонденттік курстар, білім берудің ең алғашқы нысандарының бірі және осы үрдістің бастауы болып табылады. Бұл білім беру әдісі 19 ғасырда белсенді түрде дами бастады және әсіресе 20 ғасырдың басында танымал болды. Сырттай оқудың негізгі принциптері студенттер мен оқытушылар немесе оқу орындары арасындағы хат алмасу принципіне негізделді. Оқу материалдары, тапсырмалар мен тесттер пошта арқылы жіберілді. Студенттер материалдарды зерттеп, тапсырмаларды орындап, қайта қарауға жіберді. Бұл әдістің басты артықшылықтарының бірі оның қолжетімділігі және қашықтықтан оқыту мүмкіндігі болды. Бұл әсіресе шалғай немесе ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін маңызды. Сырттай оқу курстары көбінесе инженерия, медицина немесе өнер сияқты мамандандырылған салаларға бағытталған. Бұл адамдарға оқу орнында болмай-ақ, кәсіби дағдыларды алуға мүмкіндік берді. Бірақ, бұл әдістің де кемшіліктері бар, мысалы, интерактивтіліктің жоқтығы, кері байланыстың кешігуі, практикалық мүмкіндіктердің шектеулілігі. Шектеулеріне қарамастан сырттай оқыту қашықтан білім берудің заманауи әдістерінің дамуына негіз қалап, білім берудің қолжетімді және икемді болуы мүмкін екенін көрсетті. Сырттай оқу курстары Интернет пен электронды білім беру платформалары пайда болғанға дейін танымал және олардың қашықтықтан білім беруді дамытуға қосқан үлесі баға жетпес.

PLATO (Programmed Logic for Automatic Teaching Operations) [1].

PLATO білім беру мақсатында жасалған алғашқы компьютерлік жүйелердің бірі болды. Бұл жүйе 1960 жылы Иллинойс университетінде құрылған. PLATO әртүрлі білім беру бағдарламаларын, соның ішінде математиканы, химияны және тілдерді ұсынды. Ол сенсорлық экран терминалдарын қолданды және кіріктірілген чат бөлмелері мен форумдар арқылы студенттер мен мұғалімдер арасында байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

PLATO-ның бірегей ерекшеліктерінің бірі оның бейімделу қабілеті болған. Жүйе оқушылардың жауаптарын талдап, материалды олардың білім деңгейіне сәйкес бейімдеді. Бұл білім беруде бейімделу технологияларын қолданудың алғашқы мысалдарының бірі.

TICCIT (Time-Shared, Interactive, Computer-Controlled Information Television).

TICCIT – 1970 жылдары жасалған ерте қашықтықтан оқытудың тағы бір жүйесі. Бұл жүйені MITER корпорациясы мен Бригам Янг университеті бірлесіп әзірледі. TICCIT білім беру мазмұнын қамтамасыз ету үшін теледидар терминалдарын пайдаланды және ең алдымен оқу мен математиканы оқытуға бағытталған.

PLATO-дан айырмашылығы, TICCIT аз интерактивті болды, бірақ ол оқу материалын құрылымдаудың жаңа тәсілін ұсынды. Жүйе студенттерге материалды өз қарқынымен меңгеруге мүмкіндік беретін модульдік тәсілді қолданды.

Бұл екі жүйе де оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ұсына отырып, қашықтан білім беруді дамытуда шешуші рөл атқарды. Олар технологиядағы ерте инновациялар білім беру тәжірибесіне қалай ұзақ әсер ете алатынының мысалдары болып табылады.

Үшінші және қазірге дейін жалғасын тапқан Интернет пен веб-платформалар қашықтан білім берудің түсінігі мен тәсілдерін түбегейлі өзгертіп, оны интерактивті, қолжетімді және тиімді етті. Интернеттің пайда болуымен оқу материалдарын лезде тарату мүмкін болды, сонымен қатар вебинарлар, онлайн-тесттер және пікірталас алаңдары сияқты оқытудың интерактивті нысандарын енгізу мүмкін болды.

Coursera, UdeMy және edX сияқты веб-платформалар әлемнің жетекші университеттерінен сертификаттар және тіпті дәрежелер алу мүмкіндігі бар құрылымдық курстарды ұсынды. Бұл платформалар оқу тәжірибесін оңтайландыру үшін әрбір студенттің күшті және әлсіз жақтарын талдай отырып, оқытуды жекелендіру үшін бейімделген алгоритмдер мен үлкен деректерді пайдаланады. Сондай-ақ олар әртүрлі мультимедиялық материалдарды, соның ішінде бейнелекцияларды, интерактивті әрекеттерді және тіпті ғылыми зерттеулерге арналған виртуалды зертханаларды ұсынады.

Веб платформалар арқылы оқыту әдісінің тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде интернетке қолжетімділік пен технологиялық сауаттылық болып қала беретінін атап өткен жөн. Осы шектеулерге қарамастан, интернет пен веб-платформалар білім беруді икемді, қол жетімді және жекелендірілген етіп өзгертуді жалғастыруда [2].

ҚБТ (қашықтан білім беру технологиялары) осы түрі әлі күнге дейін маңыздылығының сыры – үздіксіз дамуында. Университет оқушыларына қосымша тапсырма, үй жұмысы ретінде де берілетін себебі осыдан. Қашықтан оқытудың бұл түрі көбіне қосымша түрде қолданылатын құрал түрі. Сондықтан да университеттер басшылығы Coursera платформасына өздерін тіркеп, өз студенттеріне бар мүмкіндікті беруге тырысады. Ақылы платформа болғандықтан, университет толықтай студент шығынын өз мойнына алады. Есесіне бұл мүмкіндік, студенттің оқуға деген қызығушылығын арттыратынына сенімі мол. Неліктен қосымша платформа деген сұрақ келуі мүмкін. Бұған жауап жедел көмектің жоқтығы. Ішінде форумдар орнатылғанымен, әр студент әр қадамда сүрінеді. Біреуге түсінікті болған нәрсені екінші түсіне бермейді. Онымен қоса баланың шынайы тапсырманы өзі орындағанына кепіл жоқ. Бұндай кепілді бетпе бет немесе жеке тапсырма беру арқылы алуға болады. Қате түсінік қалыптаспау үшін айта кетейік, қазір Coursera, UdeMy секілді платформалар әр курсты ұсынатын университет жүйелеріне қосымша бағдармалар орнатуға мүмкіндік берді. Тест жүйесі ескі жүйе болып есепке алынғасын, арнайы интерактивтік, аудио, визуалды тапсырмалар көбеюде. Бұл студенттің тапсырмаға деген зейінін арттырып, көшіру мүмкіндігін жоққа шығарады.

Веб платформалар – қосымша технологияларды қолдана отырып, қашықтан оқытудағы басты құрал. COVID 19 ге кезінде ерекше көмегін тигізген платформалар ZOOM, TEAMS болды. Бұл платформалар 21 ғасырдағы басты технологиялық инновация деп айтсақ та қате болмайды. Интерактивті

тақталар, бетпе-бет сұрақ жауап, студенттің зейінін бақылау, бір файлмен 20 студенттің бір уақытта жұмыс жасай алу мүмкіндігі және т.б. Айтқан функциялар TEAMS платформасының 10 пайыз мүмкіндігі ғана. Оффлайн оқудың онлайнға көшірілген толық нұсқасы. Тіпті қол көтеріп, сұраққа жауап беру сияқты детальдар толығымен сақталып, қашықтықтан оқу әбден тиімді екенін мойындатты.

Қорыта айтқанда, веб-платформалар әртүрлі тілдердегі және әртүрлі мәдени контексттегі курстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы білім берудің жаһандануына ықпал етеді. Бұл білімнің географиялық шекарасын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттер арасында мәдени және интеллектуалды алмасуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. PLATO (Programmed Logic for Automatic Teaching Operations)
[https://hmong.ru/wiki/PLATO_\(computer_system\)](https://hmong.ru/wiki/PLATO_(computer_system))
2. TICCIT (Time-Shared, Interactive, Computer-Controlled Information Television)
https://www.researchgate.net/publication/234775213_TICCIT_to_the_Future_Advan ces_in_Instructional_Theory_for_CAI_06

Құралай РАЙЫМҚҰЛ,

*Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті,
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Сатыбалдиева Ф. Ә.
e-mail: raiymkul.k@mail.ru*

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМНІҢ КҮЙІ

Аңдатпа: Мақалада инклюзивті білімге толық анықтама, міндеттері мен аспектілері қарастырылған. Заңнамалық базаларға сүйене отырып, инклюзивті білім берудің қиындықтары мен артықшылықтары, білім беру үлгілеріне толық шолу жасалынған.

Кілт сөздер: инклюзивті білім, мүмкіндігі шектеулі, инвалид, құқық, оқыту стильдері

Аннотация: В статье дано полное определение, задачи и аспекты инклюзивного образования. На основе законодательной базы, сложностей и преимуществ инклюзивного образования произведен полный обзор образовательных моделей.

Ключевые слова: инклюзивное образование, инвалидность, инвалидность, право, стили преподавания.

Инклюзивті білім беру – білім алудағы ерекше қажеттіліктері мен айырмашылықтарына қарамастан барлық студенттер үшін әділ, тең және инклюзивті ортаны құруға бағытталған білім беру тәсілі. Инклюзивті білім берудің мақсаты – барлық оқушылардың оқу-тәрбие процесіне толық қатысуын, олардың тұлғалық дамуын және жеке тұлғаның әлеуетіне жетуін қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім берудің тарихы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғау қозғалысынан басталады. 20 ғасырда көптеген елдер инклюзивті білім берудің маңыздылығын мойындай бастады және барлық балалар үшін білім беруде қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған заңдар мен саясаттарды қабылдады. 1994 жылы Саламанка Декларациясы қабылданды, ол инклюзивті білім беру принциптерін бекітті және

барлық студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті білім беру жүйесін құруды талап етті [1].

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттары барлық оқушылардың қабілеттеріне немесе жеке ерекшеліктеріне қарамастан бірдей оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді қамтиды. Бұл сонымен қатар барлық оқушылардың оқу процесіне толық қатысуына ықпал ететін қолдау және достық ортаны құруды қамтиды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар - бұл олардың оқуы мен дамуына әсер етуі мүмкін физикалық, психикалық, мінез-құлық немесе эмоционалдық айырмашылықтары бар әртүрлі балалар тобы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сипаттамаларына мыналар кіруі мүмкін:

Физикалық ерекшеліктері: Дене кемістігі немесе мүгедектігі бар балалардың моторикасында, көруінде, естуінде немесе басқа физикалық функцияларында шектеулер болуы мүмкін.

Психиатриялық: Аутизм, Даун синдромы немесе зейін мен гиперактивтіліктің бұзылуы (СДВГ) сияқты психикалық денсаулығы бар балаларда әлеуметтік өзара әрекеттесу, қарым-қатынас, мінез-құлық немесе шоғырлану қиындықтары болуы мүмкін.

Когнитивтік: Жалпы немесе арнайы оқуда ақаулары бар балалар оқуды, жазуды, математиканы немесе жалпы когнитивті дамуды меңгеруде қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Қарым-қатынас: Дизартрия немесе дисфазия сияқты сөйлеу немесе тіл кемістігі бар балалар ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Әлеуметтік сипаттамалар: Әлеуметтік-эмоционалдық проблемалар немесе мінез-құлық проблемалары сияқты әлеуметтік бұзылыстары бар балалар басқалармен қарым-қатынас жасауда, әлеуметтік байланыстарды орнатуда немесе эмоцияларды реттеуде қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Дегенмен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір баланың бірегей екенін және білім беру процесінде жеке көзқарасты, қолдауды және бейімделуді қажет ететінін түсіну маңызды.

Әрбір бала бірегей екенін есте ұстаған жөн және оларды тәрбиелеу мен қолдауға деген көзқарас олардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес болуы керек. Ашық қарым-қатынас, мұғалімдер, ата-аналар және мамандар арасындағы ынтымақтастық және әр баланың ерекшеліктерін түсіну ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқытудың негізгі аспектілері болып табылады.

Қазіргі таңда сөйлеу және қабылдауы төмен балалар жыл сайын артуда. Қазақ қоғамында бұрын бұл мәселенің алдын алу мақсатында баланы бесікке бөлеу арқылы бас сүйектерінің дұрыс қалыптасуына көмектескен, атқа баулу, атта шауып үйрету арқылы нейрондық жүйесінің дамуына әсер еткен, бесік жыры, өлеңдер, ертегілермен баланың көркем, анық, өз ойын дұрыс жеткізуіне, айтылған мәліметтерді дұрыс қабылдауына көмегін тигізген. Ал қазір балаға физикалық қозғалыстың аздығы мен сөйлетуге деген отбасыдан әрекет,

мультфильмдер баланың кеш дамуына, инклюзивті білім алуына әсер етеді. Одан бөлек, тілдік және когнитивті кідірістерді сезінетін балалардың саны бірнеше себептерге байланысты артуы мүмкін:

✓ Генетикалық факторлар: Кейбір балалардың отбасында тіл және когнитивті кешігулер болуы мүмкін.

✓ Пренатальды мәселелер: Жатырда оттегінің жетіспеушілігі, ерте босану, туа біткен ауытқулар және ми дамуының бұзылуы сияқты белгілі бір факторлар баланың сөйлеуі мен танымының дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

✓ Қоршаған орта: дұрыс емес ынталандыру және ата-аналармен және басқалармен қарым-қатынастың болмауы баланың ерте дамуын бәсеңдетуі мүмкін.

Ең бастысы, тіл мен танымдағы кідіріс баланың психикалық және эмоционалдық дамуына әсер етуі мүмкін. Бұл оқуда, әлеуметтік бейімделуде және қарым-қатынаста қиындықтарға әкелуі мүмкін. Мұндай балаларға көмектесу үшін олар логопедтер мен дефектологтарға жіберіледі, олар олардың дамуын ынталандыруға және қолдауға бағытталған арнайы сабақтар мен бағдарламаларды өткізеді.

Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне қарамастан барлық балаларға бірдей білім беру мүмкіндіктерін беруге ұмтылатын білім беру тәсілі. Бұл тәсіл әртүрлі ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастарды жалпы білім беру ортасына біріктіруді, олардың сапалы білімге қол жеткізуін және оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Инклюзивті білім берудің негізгі аспектілері:

- Теңдік: Инклюзивті білім берудің негізгі идеясы әрбір оқушының ерекше қажеттіліктері мен шектеулеріне қарамастан білім алуға және дамуға құқығы бар.

- Жекелендірілген тәсіл: Инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін ең жақсы білім беру нәтижелерін қамтамасыз ету үшін жеке оқыту жоспарларын әзірлеуді және қолдауды қамтиды.

- Өзара әрекеттестікке жәрдемдесу: Инклюзивті білім берудің орталық аспектілерінің бірі барлық балалар арасында өзара әрекеттесуге ықпал ететін ортаны құру болып табылады. Бұл стигманы азайтуға және әртүрлілікті құрметтеуге көмектеседі.

- Педагогтардың кәсіби дамуы: Инклюзивті білім беруді табысты енгізу үшін педагогтар әртүрлі қажеттіліктері бар оқушылармен тиімді жұмыс істеу үшін тиісті дайындық пен қолдау алуы керек.

- Физикалық қолжетімділік: мектеп ғимараттары мен жабдықтары барлық оқушыларға, соның ішінде физикалық мүмкіндіктері шектеулі балаларға де қолжетімді болуы керек.

- Отбасының ынтымақтастығы: Ата-аналар мен отбасы инклюзивті білім берудің табыстылығында маңызды рөл атқарады және мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық маңызды.

- Бағалау және бақылау: Оқушылардың үлгерімін бағалау және бақылау инклюзивті білім берудің тиімділігін анықтау және қажетті түзетулер енгізу үшін маңызды.

Осы тақырыпқа байланысты елімізде іс-шара, конференциялар өткізіліп тұрады. Солардың бірі 2019 жылы 26 сәуірде ҚР Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірге 2019 жылғы «Инклюзивті білім беру: теория, практика, тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізген.

Конференцияда инклюзивті білім берудің дамуына байланысты өзекті теориялық және практикалық мәселелер қарастырылған.

Конференцияға қатысуға отандық және шетелдік ғалымдар, инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық сарапшылар, білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі білім беру және оқыту ұйымдары, жалпы білім беретін және арнайы мектептер) педагогтері, ЖОО және колледж оқытушылары, білім басқармаларының (бөлімдерінің) инклюзивті білім беруге жетекшілік ететін мамандары, ҚР Білім және ғылым министрлігіне бағынысты ведомстволық ұйымдарының, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың өкілдері шақырылып, білім беру ұйымдарының басшыларына мен педагогтеріне арналған мастер-кластар негізінде практикалық тәжірибе алмасу болып табылады.

Конференцияның мақсаты инклюзивті білім беруді дамытудың өзекті сұрақтарын талқылау, мәселелерді шешу жолдарын іздеу болған [2].

Инклюзивті білім беру үлгілері.

Инклюзивті білім беру – бұл барлық оқушыларға, соның ішінде әртүрлі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға бірдей білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру тәсілі. Әртүрлі елдерде инклюзивті білім беру үлгілері әзірленіп, енгізілуде және олар білім беру жүйесіне, ресурстарға және заңнамаға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Міне, инклюзивті білім берудің кейбір жалпы үлгілері:

Инклюзивті сыныптар: Бұл үлгі әртүрлі қажеттіліктері бар балаларды әдеттегі оқушылармен бір сыныпта оқиды. Мұғалімдер әр балаға қолдау көрсету және жеке оқытуды қамтамасыз ету үшін бейімделген оқыту әдістері мен сараланған нұсқауды біріктіреді.

Арнайы сыныптар мен мектептер: Бұл үлгіде ерекше қажеттіліктері бар балалар олар үшін арнайы жасалған сыныптарға немесе мектептерге барады. Бұл балалардың қажеттіліктеріне бейімделген мамандандырылған мұғалімдер мен қызметкерлерді, жабдықтар мен ресурстарды қамтуы мүмкін.

Консультативтік және бірлескен үлгі: Бұл үлгіде мамандандырылған мұғалімдер немесе ресурстар ерекше қажеттіліктері бар балаларға жақсырақ қолдау көрсету үшін мұғалімдермен кеңесу және бірлесіп жұмыс істеу үшін типтік сыныптарда қамтамасыз етіледі.

Ата-аналар серіктестігінің үлгісі: Бұл модель білім беру процесінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарын қамтиды, олардың сараптамалық пікірін мойындайды және білім беру мекемелерімен өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

Мұғалімнің кәсіби дамуының үлгісі: Инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерін барлық балаларды оқытуға және қолдау көрсетуге өз көзқарастарын бейімдеуге үйретуді талап етеді.

Инклюзивті білім беру үлгілері елге, аймаққа және нақты білім беру жүйесіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бұл модельдердің барлығының негізгі мақсаты – барлық балалар ерекше қажеттіліктеріне қарамастан табысты оқып, дами алатын білім беру ортасын құру.

Инклюзивті білім берудің артықшылықтары мен қиындықтары.

Әртүрлі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға мұндай қажеттіліктері жоқ балалармен жалпы сыныптарда оқуға мүмкіндік беретін инклюзивті білім берудің артықшылықтары мен қиындықтары бар. Мұнда олардың кейбіреулері бар:

Инклюзивті білім берудің артықшылықтары:

- Теңдік және әділдік: инклюзивті білім беру барлық балалар үшін олардың ерекше қажеттіліктеріне қарамастан тең және әділ білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл кемсітушілік пен стигматизациямен күресуге көмектеседі.

- Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Инклюзивті ортадағы балалардың әртүрлі құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар, бұл әлеуметтік дағдыларды дамытуға және әртүрлілікті түсінуге ықпал етеді.

- Жалпы мәдениетті жақсарту: Инклюзивті білім беру жалпы қоғамда үлкен түсіністік пен толеранттылыққа ықпал ете алады, өйткені әртүрлі топтағы балалар бірге оқып, өсе алады.

- Арнайы дағдыларды дамыту: Ерекше қажеттіліктері бар балалар инклюзивті ортада қолдау мен арнайы қызметтерді ала алады, бұл олардың арнайы дағдыларын дамытуға және жақсы нәтижелерге жетуге көмектеседі.

- Инклюзивті білім беру мәселелері:

- Ресурстардың жетіспеушілігі: Инклюзивті білім беру жүйелері көбінесе шектеулі қаржылық ресурстарға және білікті мамандардың жетіспеушілігіне тап болады, бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға қажетті қолдау көрсетуді қиындатады.

- Қажеттіліктердің әртүрлілігі: Әртүрлі ерекше қажеттіліктері бар балалар әртүрлі деңгейдегі қолдауды және жеке оқытуды қажет етуі мүмкін, бұл жалпы сыныптардағы мұғалімдер үшін қиын болуы мүмкін.

- Басқа балалар: Инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері жоқ балалар үшін қиындықтар тудыруы мүмкін, өйткені олар алаңдаушылықты сезінуі немесе мұғалімнің жеткілікті назарын алмауы мүмкін.

- Табысты бағалау: Инклюзивті ортада табысты анықтау қиын болуы мүмкін, өйткені стандартты бағалау әдістері барлық балаларға сәйкес келмеуі мүмкін.

Инклюзивті білім берудің артықшылықтары мен қиындықтары бар және оның тиімділігі мұғалімдердің қолдауына, ресурстарына және кәсіби дайындығына байланысты. Инклюзивті білім беру ортасын құруға және барлық балалардың қажеттіліктерін ескеруге ұмтылу маңызды.

Заңнамалық база және саясат.

Әрбір бала – еліміздің ертеңі, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар әрбір оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – біздің міндетіміз деп білеміз.

Инклюзивті білім беру – әрбір адам үшін сапалы білімнің қолжетімділігі үшін жағдай жасауға бағытталған білім беру жүйесін трансформациялау үдерістерінің бірі.

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір азаматтың жынысына, жасына, дене және психикалық ерекшеліктеріне қарамастан білім алу құқығына кепілдік береді.

1999 жылы кейінгі түзетулермен қабылданған «Білім туралы» Заң білім беру, оның ішінде инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негіздерін белгілейді. Заң білім берудің негізгі принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Алғаш рет 2002 жылы Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңы күшіне енді. Заң әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдаудың түрлері мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тиімді көмек жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған [3].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету туралы» қаулысы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тәртібін және ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін мектеп ортасын бейімдеу шараларын айқындайды.

Қазақстанның инклюзивті білім беру саласындағы саясаты мынадай негізгі принциптерді ұстанады:

- Құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігі: барлық балалардың физикалық, психикалық немесе әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне қарамастан, білім алуға және білім беру ресурстарына тең қол жеткізуге құқығы бар.
- Даралау: Оқыту әр баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.
- Ынтымақтастық: Мұғалімдер, ата-аналар, мамандар және білім беру саласындағы басқа да мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастық табысты инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету үшін маңызды.
- Біртіндеп: инклюзивті білім беруді дамыту бірте-бірте және бар мүмкіндіктер мен ресурстарға негізделуі керек.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясатының мақсаты – ерекшеліктеріне қарамастан барлық балалардың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, олардың жан-жақты дамуы мен әлеуметтенуін қолдау.

Қорытындылай келе, Қазақстанға инклюзивті білім берудің шетелдік әдістерін ұсыну білім беру жүйесін дамыту үшін маңызды қадам болып саналады. Шетелдік әдістерге инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырған елдердің тәжірибесі, сондай-ақ озық педагогикалық әдістер мен технологиялар кіруі мүмкін. Қарайым кеңес ретінде бірнеше әдістерді ұсынуға болады:

1. Мұғалімдерді оқыту: мұғалімдерді әртүрлі оқушылармен жұмыс істеуге дайындау және инклюзивті білім беруге ықпал ететін әдістерді қолдану.

2. Жеке оқу жоспарларын әзірлеу: Оқу материалдары мен оқыту әдістемесін әрбір оқушының қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік беретін тәсіл.

3. Ата-аналармен қарым-қатынасты дамыту: отбасыларды білім беру процесіне қосу және мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікке ықпал ету.

4. Технологияны қолдану: әр түрлі қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау үшін заманауи білім беру технологияларын қолдану.

5. Тәжірибе алмасу: тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді жеткізу үшін басқа елдердің мекемелерімен және мамандарымен байланыс орнату.

Мәдени және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін ескере отырып, шетелдік әдістерді Қазақстандағы білім берудің нақты жағдайлары мен қажеттіліктеріне бейімдеу маңызды.

Инклюзивті білім берудегі қазақстандық логопедтер мен дефектологтар сөйлеу тілі бұзылған және басқа да ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде пайдалы болуы мүмкін бірнеше шетелдік әдістерді қарастыруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. UNESCO: «*Inclusion in education*» мақаласы//
<https://www.unesco.org/en/inclusion-education>

2. «Азамат әлеуеті»: «*Инклюзивті білім беру: теория, практика, тәжірибе*» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы//
<http://azamataleueti.kz/index.php/kz/zha-aly-tar/584-inklyuzivti-bilim-beru-teoriya-praktika-t-zhiribe-khaly-araly-ylymi-praktikaly-konferentsiyasy>

3. *Educational sciences index*: «*Ерекше білім беру қажеттіліктері*»//
<https://eduindex.kz/pedagogical-work/984-erekshe-bilim-beru-azhettilikteri.html>

Айнұр САПАРОВА,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті «Баспа менеджмент және типографика» мамандығының 2-курс магистранты

**МЕДИАЭТИКА ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Цифрлы дәуір өмірімізге дендеп енгелі электронды бұқаралық ақпарат құралдарын айтпағанда, әлеуметтік желіге тіркелген әр адам медиа санатына

қосылып, түрлі ақпарат тарата бастады. Толассыз ақпарат тасқыны астында қалғанда ақпараттың рас-өтірігін ажырату қиынға соқты. Біреудің пікірін факт деп қабылдап, болмаған нәрсені болдыға санап, соған сенушілер көбейді. Пікірден бөлек, жалған ақпарат таратушылар қаптап кетті. Секунд сайын жаңарған ақпаратты тұтынушы онымен қалай жұмыс істеу керектігін білу үшін медиасауаттылықты меңгеру керек, журналистика негіздерінен хабардар болуға тиіс. Ал журналистика факультеттерінде медиаэтика принциптері міндетті пән ретінде оқытылғаны жөн. Журналистік теориямен қатар кәсіби этиканы да университет қабырғасында меңгерген жас маман қызмет жолында сүрінбейді. Қазірден медиаэтика негіздерін білу - журналистика сапасын арттырады.

Біз ұялы телефондарымыз арқылы әлеуметтік желіден, мессенджерлерден, жалпы ғаламтор жүйесінің барлық сервисінен ақпарат тұтынамыз, өзіміз де қандай да бір оқиғаға қатысты ой-пікірімізді білдіріп, жазба, комментарийлер жазып қалдырамыз.

Медиасауаты жоқ адамдар медиакеңістікте талай этиканы өрескел бұзып жүр. Әлеуметтік желіде қорлау, жала жабу, кибербуллинг, ғадауат немесе өшпенділік тілі, жалған ақпарат тарату секілді жағдайларды жиі кездестіреміз. Фейк ақпаратқа сеніп, кейде біреудің пікірін факті деп қабылдап алданып жататын азаматтар да бар. Медиасауаты төмен болғандықтан алаяқтардың құрбанына айналып жатқандар қаншама. Әлеуметтік желіде түрлі араздықты қоздыру, атап айтқанда, ұлт, ру, нәсіл, топ, конфессиялар, әлеуметтік топтардағы азаматтар арасында дау туындату жайттарын көріп қаламыз. Әсіресе, ұлтараздықты қоздыру жиілеген. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңын¹ белден басу өз алдына бөлек әңгіме. Осы заңның 49-бабында авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау сот арқылы жүзеге асырылады делінген. Контент ұрлау, автордың материалын, фото мен видеосын рұқсатсыз жариялау, авторын көрсетпей жариялау жиілеген. Бұл сайттарға да, әлеуметтік желідегі парақшаларға да қатысты. Бұл өзгенің еңбегін елемеудің соңы сотқа дейін жететінін, қомақты сома материалдық залал өндіруге әкеп соғатынын білмейтіндіктен, жауапкершіліктің жоқтығынан. Бұған қатысты кейстер өте көп. Соның бірнешеуін келтірейін. Әлеуметтік желідегі екі жүз мыңның үстінде тіркелушісі бар парақшада журналистің қыстың қара суығында митинг болады деген алаңда сағаттап жүріп жинаған материалын авторды, дереккөзді көрсетпей жариялайды. Журналист бұл ақпаратты өзі жұмыс істейтін сайтқа дайындаған. Бұл ақпарат фотосымен бірге сайттың телеграм арнасында шыққан. Бірақ, журналисті автор ретінде көрсетпейді, ол телеграм арнасынан алынса да, қайдан алынғаны, яғни, дереккөзі көрсетілмейді. Мұны автор байқамаса, ескертпесе, сотқа беретінін айтпаса, бұл заңды белден басушылық сол күйі кете берер еді. Мұндай жағдайлар қаншама. Тағы бір мысал, Қазақстанда жұмыс істейтін халықаралық БАҚ-тың сайтында жарияланған материалды тақырыбымен қоса мәтінін де дереккөзді көрсетпестен жариялап жіберген өңірлік БАҚ-тың сайты заңбұзушылыққа жол берді. Тағы да сол, автор мұны байқап қалып, сайт редакторына шағымданады. Бірақ, редактор кешірім сұрап, жағдайды бірден түзеуге келісудың орнына өзге редакциядағы әріптестердің сондай жолға барып жатқанын бетіне басады. Бұл да этикаға

қайшы. Түптеп келгенде, бұл журналистік этикадан бұрын медиасауатсыздықтан.

Осыған байланысты авторлық құқық, плагиат мәселелері бойынша медиаэтика принциптері қандай деген сауалға жауап берсек.

1954 жылы қабылданған Халықаралық журналистер федерациясының «Журналист жүріс-тұрысы принциптері декларациясы»² бар. Халықаралық журналистер федерациясы 1926 жылы құрылған. Бұл журналистика саласындағы ең беделді ұйым. Штаб-пәтері – Брюссельде. Халықаралық журналистер федерациясы мерзімді және электронды баспасөзде қызмет ететін журналистердің әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қорғайды.

Бұл туралы 2018 жылы IREX Еуропа ұйымының Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан елдеріндегі жобалары аясында құрастырған Сергей Штурхецкийдің «Медиасауаттылық» жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралында³ керемет жазылған. Оқу құралын қазақ тіліне Сәния Әбдіғапар аударған. Онда журналист жүріс-тұрысы принциптерінің декларациясы – кәсіби этика қағидаларының маңызды жиынтығы екені айтылған. Сонымен қатар, декларацияда қарастырылған принциптерді ұстанғандар ғана нағыз журналист делінген: «Өз елінің заңдарына сүйене отырып, кәсіби мәселелерде билік пен басқа да тұлғалардың кез келген сипаттағы араласуын ескермегенде, журналист өз әріптестерінің құзіретін мойындайды».

Сонымен, бұл қандай базалық принциптер? Олар сегіз ережеден тұрады:

1. Журналистің бірінші міндеті – ақиқаты құрметтеу мен қоғамның ақиқатқа құқығын сыйлау.

2. Журналист осы міндетіне сәйкес, барлық уақытта жаңалықтарды жинау мен жариялаудың объективті еркіндік принциптерін қорғауға міндетті, сондай-ақ алдын ала түсініктемелер мен сынға құқығын қорғауы тиіс.

3. Журналист оқиғаны баяндағанда өзі анықтаған деректерді қолдануға міндетті. Журналист маңызды жаңалықты жасыруға және құжаттарды жалған деп көрсетуге құқығы жоқ.

4. Журналист ақпарат, фотоматериал мен құжат алудың әділетті әдістерін қолдануы тиіс. 5. Егер ақпарат шындыққа сәйкес келмесе, журналист ақпаратты түзету мен жоққа шығару үшін қолынан келгеннің бәрін жасауға міндетті.

6. Жасырын алынған ақпараттың дерек көзін кәсіби құпия санауға міндетті.

7. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінен болатын кемсітушілік қаупін журналист ескеруге міндетті. Журналист кемсітушілікке, әсіресе нәсіл, жыныс, сексуалды ұстанымы, діні, саяси және басқа да сенімдері, сондай-ақ ұлттық және әлеуметтік тегіне қатысты кемсітушілікке ынталандыратын ақпаратқа жол бермеуі тиіс.

8. Журналист кәсіби этиканың төмендегі ережелерінің бұзылуына жол бермеуі тиіс:

- плагиат;
- қасақана қате интерпретациясы;
- ойдан шығару, жала жабу, диффамация, жазықсыз айыптау;

• ақпаратты жасырғаны немесе жариялағаны үшін кез келген формада пара алу.

Бұдан бөлек, «Құқықтық медиа орталығы» қоғамдық қорының қызметкерлері әзірлеген «Журналистің құқықтық анықтамалығын»⁴ атап өтуге болады. Мұнда ақпаратқа қол жеткізу, диффамация, авторлық құқық, өшпенділік тілін реттеу, медиадағы жарнама, құпиялар мен сырлар және көптеген өзге жайттарға байланысты құқықтық нормалар қамтылған. Анықтамалықтың 105-бетінде авторлық құқық және сабақтастық құқықтар туралы жақсы жазылған. Онда авторлық құқықпен қорғалған және қорғалмаған мәселелер қарастырылған. Мәселен, авторлық құқықпен не қорғалған деген сауалға былай деп жауап берген: «Журналистік мақалалар, жарияланымдар, сюжеттер, бағдарламалар, фильмдер, интервью, зерттеулер, барлық журналистік шығармашылық, фотографтардың, операторлардың, телевидениедегі дыбыс режиссерлерінің, сценарийшілердің шығармашылығы, т.б. Сіздің фамилияңыз бен бүркеншік есіміңіздің көрсетілуі - авторды көрсету-көрсетпеу құқығыңызды қорғау. Сіз қаламақы аласыз - бұл сіздің авторлық сыйақыңыз. Егер сіз мақалаңыздың сіздің рұқсатыңызсыз көшіріліп басылғанын көрсеңіз, бұл сіздің автор ретінде авторлық құқығыңыздың бұзылғаны».

Ал KazMediaNetwork қоғамдық бірлестігі 2012 жылы қабылданған Журналистер кодексінің негізінде, бірақ интернет пен әлеуметтік желі бар жаңа заман талабына сай құрастырылған медианың негізгі принциптерін⁵ өз сайтында жариялаған.

Ұйым құрылтайшыларының қатарында университет оқытушылары, журналистер, коммуникация саласының мамандары, танымал медиа ұйымдарының редакторлары бар. Бірлестік міндеті – қазақстандық журналистиканың алдында тұрған өзекті проблемалар мен міндеттерді талқылауға арналған бірыңғай алаң құру, этикалық нормалар арқылы көпшілік арасына кеңінен тарату.

Қазақстандағы медианың негізгі принциптері алты бөлімнен тұрады:

1. Редакция жұмысының негізгі принциптері;
2. Меншік иесі /баспагер/ хабар таратушы және редакция арасындағы өзара қарым-қатынастың негізгі принциптері;
3. Жарнама, мемлекеттік тапсырыс, product placement, натив жарнама және PR материалдар ережесі;
4. Плагиат және басқалардың материалын пайдалану;
5. Редакция саясатының стандарты;
6. Стандарттардың бұзылғаны туралы шағымдар мен хабарламаларды қарастыру процедурасы.

Осы тұста авторлық құқыққа қатысты айтылатын «Плагиат және басқалардың материалын пайдалану» деген төртінші бөлімге тоқталғым келеді. Онда не делінгенін сол күйінде беруді жөн көрдім:

7.1. Өзін кәсіби медиа немесе медиа өкілі санайтын ақпарат құралының/тұлғаның плагиатқа бармауы және басқалардың материалын пайдаланбауы – аудиторияға деген сый-құрметі. Рұқсатсыз, сілтемесіз

өзгелердің материалын пайдалану – медианың, медиа өкілінің кәсіби деңгейінің төмендігін көрсетеді.

7.2. Жарияланатын кез келген материал плагиатқа тексерілуі керек. Егер плагиат бар екені анықталса, онда журналистке немесе медиаға плагиатты пайдалануға жол беруге болмайтыны туралы қатаң ескерту жасау қажет және редакция жағдайды түзету үшін материалды алып тастау немесе автордың немесе құқық иеленушінің материалды пайдалануға рұқсатын алу секілді барлық шараларды қолдануы тиіс. Егер қандай да бір мәтіннің немесе көрнекі мазмұнның авторы материалдың плагиат екенін дәлелдесе, редакция авторды көрсетуге және кешірім сұрауға міндетті. Контент иесі авторлығын көрсетуді талап еткен жағдайда, материалды жойып жіберу – мәселенің шешімі емес. Автор міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Оны оқырманға да хабарлау керек. Егер автор қаламақы талап етсе, оны төлеу керек.

7.3. Егер ақпарат / дереккөз / факт сөзбе-сөз басқа ақпарат құралдарынан алынған болса, онда материалдың бұл бөлігі (дәйексөз) қандай ресурстан алынғанын көрсете отырып, тырнақшаға алынуы керек. Ешқашан дереккөзді жасыруға болмайды. Мүмкін болса, гиперсілтеме беру керек. Егер (басқа ақпарат құралдарынан) бұрын бір басылым өңдеп, жарияласа немесе ауызша сөйлеудің стилистикалық түзетілген түрі болса, дереккөздің цитатасы тікелей немесе ішінара кездесуі мүмкін. Цитатаның қысқартылу негізі көрсетілуі керек. Тұтас материал пайдаланылмаса да, басқа медиа немесе медиа тұлғаның эксклюзив журналистік зерттеуінде біреудің пікірі/түсініктемесі/ пайдаланылып, сөз орындарын өзгерту фактісі анықталса, міндетті түрде кешірім сұрау керек. Егер іс-шара барысында журналистер үшін айтылған спикерлердің сөзі (баспасөз туры, баспасөз конференциясы, брифинг) басқа медиадан алынған болса, мұны да көрсету қажет. Іс-шараға қатыспаған БАҚ өкілі оған барып қатысқан адам сияқты ақпарат тарата алмайды.

7.4. Егер материалда аудиовизуал мазмұн пайдаланылса, онда авторлық құқық иесінен жазбаша рұқсат алу керек. Фотосуреттердің құқық иеленушілері, аудио немесе видео дереккөздері көрсетілуі тиіс. Егер фотосурет немесе видео сток сервистерден алынған болса, онда сол сток сервиске де сілтемеде көрсетілуі керек.

7.5. Баспасөз мәслихаты, брифинг немесе басқа да көпшілік іс-шаралар кезінде қойылған сұрақтың авторын көрсету де жақсы әдет болып саналады.

7.6. Кез келген медиа немесе журналист/блогердің материалы ұрланғаны белгілі болған жағдайда, журналистік қауымдастық бей-жай қалмауы керек. Плагиатты ешқашан ақтауға болмайды.

Сонымен медиаэтика мен авторлық құқықты қорғау проблемалары келесі аспектілерді қамтиды:

1. Қарақшылық және контентті заңсыз тарату. Цифрлы әлемде авторлық құқықпен қорғалған контентті ұрлау және заңсыз тарату өте оңай болып тұр, өкінішке орай. Бұл авторлық құқықты қорғауда қиындықтар туғызады және контент жасаушылардың кірісін азайтады.

2. Жеке өмір мен жеке адамның құқықтарын бұзу. Әлеуметтік медиа платформалары мен цифрлық технологиялардың дамуымен желідегі

адамдардың жеке өмірі мен құпиялылығы сақталмайды. Адамдар өздерінің фотосын ашық жарияласа да рұқсаты қажет. Бұл тек қана фотоға қатысты емес. Жеке ақпаратқа қатысты деректерді келісімсіз пайдалануға болмайды. Тіпті сайттағы материалды да автор я редакция келісімінсіз өз медиасында жариялауға медиаэтика бойынша болмайды. Ал бізде келісім алмақ түгіл, кейде жоғарыда айтқандай, дереккөзді көрсетпейді, я көрсетуге ұмытып кетеді. Бірақ «ұмытып кеттік» деген істі сотқа дейін жеткізбеудің алдындағы ақталу ғана.

3. Дезинформация және жалған ақпарат. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуымен жалған ақпарат тарату көп кездеседі. Бұл ақпарат құралына сенімсіздікті арттырады.

4. Әдепсіз контент тарату. Интернетте балағат сөздерді, зорлық-зомбылықты, заңсыз әрекеттерді қамтитын контент кең таралған. Бұл цифрлық кеңістіктегі мазмұнмен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қиындықтар туғызады.

5. Манипуляция және пропаганда. Ақпаратты тұтынар алдында оның нені меңзеп тұрғанын білген жөн.

6. Автордың еңбегіне құрметпен қарау, бағалау.

Осы мәселелердің барлығы заң шығарушылардың, адвокаттық ұйымдардың, контент жасаушылардың және тұтынушылардың бұқаралық ақпарат құралдарын әділ пайдалануды және жеке тұлғалар мен авторлардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету үшін үнемі назар аударуын талап етеді. Сонымен қатар, интернет пайдаланушылар цифрлық ортадағы ақпарат пен контентті саналы және жауапты түрде пайдалана алуы үшін медиаэтика және авторлық құқықты қорғау туралы көбірек білу керек. Бұл ақпаратты тексеру дағдыларын оқытуды, цифрлық платформалар мен әлеуметтік медианы саналы түрде пайдалануды және авторлық құқықты бұзуға жол бермеуге алып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңы, 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І;

2. «Международные стандарты профессиональной этики журналистов» оқу-әдістемелік құралы, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Журналистика және бұқаралық байланыс жоғары мектебі, 2012 ж., 18-19 беттер;

3. «Медиа сауаттылық» жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы, IREX Europe, 2018 ж., С.Штурхецкий;

4. “Журналистің құқықтық анықтамалығы”, 104-112 беттер, «Құқықтық медиа-орталық ҚҚ»;

5. “Қазақстандағы медианың негізгі принциптері” құжаты, 2020 жыл, <https://mediaprinciples.kz/basicprinciplesdocument>.

Назерке МҰХАМЕТХАН,

*Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЮНЕСКО-ның
журналистика, коммуникация кафедрасының 2 курс магистранты*

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК: КЕЙБІР ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Абстракт. Мақалада корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің артықшылықтары мен корпорациялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламалары атынан қоятын талаптары туралы қазіргі болжам қарастырылған. Атап айтқанда, мақалада корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қоғаммен байланыс мақсатында пайдалану корпорацияларды ынталандыруға байланысты моральдық мәселелерді көтереді деп болжанады. Мақалада корпорациялардың қолданатын негіздемелері корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесі тез кеңейген кезде (1989) Ұлыбританияда жүргізілген шағын сапалы зерттеулерден алынған эмпирикалық дәлелдердің дәл болмауы мүмкін екендігі ескертіледі. Өткенге көз жүгіртсек, әлеуметтік жауапкершілікке емес, экологиялық жауапкершілікке көп көңіл бөлінетіні байқалады. Бұл дегеніміз ұйымдардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын әзірлеу кезінде бірінші кезекте корпоративтік міндеттерінің сипатын анықтауға емес, сыртқы қысымға жауап беретінін білдіреді. Бұл корпорациялардың мұндай әрекеттерді тұтынушылар мен экологтар мәжбүрлеп жатқанын сезген кезде ғана жасайтынын көрсетуі мүмкін. Мақалада қоғаммен байланыс сипаты зерттеледі және оның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік үшін жауапкершілігі жариялылықтағы шындықтан қалай асып түсетіні суреттеледі.

Кілт сөздер: қоғаммен байланыс, корпоративті, жауапкершілік.

Бұл мақаланың мақсаты - корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен қоғаммен байланыс арасындағы байланысты зерттеу. Америкада корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұзақ уақыт бойы қоғамға да, бизнеске де пайда әкелетін тәжірибе ретінде қарастырылды, ал Ұлыбританияда 1980 жылдардан бастап корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің көпшілік бағдарламалары қолданысқа ене бастады. Бизнеске бастамашы болған әрі қоғам үшін пайда әкелген өзара тиімді бағдарламалардың арқасында корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің этикалық негіздемесіне аз көңіл бөлінді. Бұл мақалада осы мәселе қарастырылады және корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің қазіргі тәжірибесіне, атап айтқанда, оны жүзеге асырудағы қоғаммен байланыстың рөліне қатысты канттық сын ұсынылады. Мақала қоғаммен байланыс анықтамаларын, рөлі мен аясын талқылаудан басталады, содан кейін олардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікпен байланысын егжей-тегжейлі талқылауға көшеді. Мақаланың алғышарты мынада: қоғаммен байланыс және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бөлек бағалануы керек жеке қызмет емес, бірақ көбінесе бұл екі қызмет Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қоғаммен байланыс құралына айналатындай өзара байланысқа ие. Адам бұл қарым-қатынасты нақты түсінгеннен кейін, олардан туындайтын моральдық салдарды талдауға көше алады.

1989 жылы Ұлыбританияда қолданыстағы тәжірибені қайта қарау мақсатында шағын көлемді эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Осы салада белсенді жұмыс істейтіні белгілі он екі ірі тұтынушылық және өнеркәсіптік

компаниялардан осы саладағы қызметі туралы ақпарат алу үшін жеке-жеке сұхбат алынды. Сұрақтар ресми сауалнама ретінде құрылмады, өйткені көптеген компаниялар Стирлинг университетінде өткен конференцияға қатысқандықтан көптеген жағдайларда зерттеуші компаниялардың қызметі туралы біраз ақпаратқа ие болды және оның үстіне сауалнаманың басты мақсаты компанияны зерттеу және тереңірек ақпарат алу болды. Статистикалық тұрғыдан алғанда, іріктеу шағын болды – яғни тек осы салада белсенді жұмыс істейтін компаниялардан ғана сұхбат алынды. Сондай-ақ бірнеше қосымша телефон сұхбаттары болды. Төменде қойылған сұрақтардың репрезентативті үлгісі келтірілген:

